1. Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam Respubliki Kazahstan. Kojefficient Dzhini, po 10% gruppam naselenija, rashody i dohody naselenija, osnovnye pokazateli differenciacii dohodov naselenija, srednemesjachnaja nominal'naja zarabotnaja plata, chislennost' naselenija po polu i vozrastnym gruppam v Respublike Kazahstan [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Gini coefficient, by 10% groups of the population, expenses and incomes of the population, main indicators of differentiation of incomes of the population, average monthly nominal wages, population by gender and age groups in the Republic of Kazakhstan]. – URL: <https://stat.gov.kz> [in Russian]
2. Federal'naja sluzhba gosudarstvennoj statistiki (Rosstat). Ob'em i struktura denezhnyh dohodov naselenija po istochnikam postuplenija, kojefficient Dzhini (indeks koncentracii dohodov) po sub'ektam Rossijskoj Federacii [Federal State Statistics Service (Rosstat). Volume and structure of monetary income of the population by sources of receipt, Gini coefficient (income concentration index) by subjects of the Russian Federation]. – URL: <https://rosstat.gov.ru> [in Russian]
3. Nacional'nyj statisticheskij komitet Respubliki Belarus'. Denezhnye dohody naselenija, kojefficient Dzhini (indeks koncentracii dohodov) po territorii Respubliki Belarus' [National Statistical Committee of the Republic of Belarus. Monetary income of the population, Gini coefficient (income concentration index) for the territory of the Republic of Belarus]. – URL: <https://dataportal.belstat.gov.by> [in Russian]
4. Nacional'nyj statisticheskij komitet Kyrgyzskoj Respubliki. Raspolagaemye denezhnye dohody domashnih hozjajstv, uroven' zhizni naselenija Kyrgyzskoj Respubliki [National Statistical Committee of the Kyrgyz Republic. Disposable Monetary Income of Households, Standard of Living of the Population of the Kyrgyz Republic]. – URL: <https://stat.gov.kg/ru/statistics> [in Russian]
5. Agentstvo statistiki pri Prezidente Respubliki Uzbekistan. Neravnomernoe raspredelenie dohodov naselenija (kojefficient Dzhini), dolja dohoda ot transfertov v strukture sovokupnogo dohoda naselenija [Agency of Statistics under the President of the Republic of Uzbekistan. Uneven distribution of population

income (Gini coefficient), share of income from transfers in the structure of total population income]. – URL: <https://stat.uz/ru> [in Russian]

6. Cai M., Yue X. The redistributive role of government social security transfers on inequality in China // *China Economic Review*. – 2020. – № 62 – <https://doi.org/10.1016/j.chieco.2020.101512>

7. Yang S., Zhao X. The income redistribution effect of social security in China // *China Economic Review*. – 2024. – № 83 – <https://doi.org/10.1016/j.chieco.2023.102082>

8. Bação P., Duarte J., Pereira M., Simões M. Social expenditure composition and inequality: A dynamic panel threshold analysis for OECD countries // *European Journal of Political Economy*. – 2024. – <https://doi.org/10.1016/j.ejpoleco.2024.102510>

9. Zhan P., Ma X., Li Sh., Migration, population aging, and income inequality in China // *Journal of Asian Economics*. – 2021. – № 76 – <https://doi.org/10.1016/j.asieco.2021.101351>

10. Ovcharova L., Gorina E. Razvitie adresnoj social'noj podderzhki nuzhdajushhihsja v Rossii: bar'ery i vozmozhnosti // *Voprosy jekonomiki*. – 2017. – №3 – <https://doi.org/10.32609/0042-8736-2017-3-5-21> [in Russian]

11. Zhang M., Zhou G., Fan G. Political Control and Economic Inequality: Evidence from Chinese Cities // *China Economic Review*. – 2020. – № 61 – <https://doi.org/10.1016/j.chieco.2019.01.011>

12. d'Agostino G., Pieroni L., Scarlato M. Social transfers and income inequality in OECD countries // *Structural Change and Economic Dynamics*. – 2020. – № 52 – P. 313-327. – <https://doi.org/10.1016/j.strueco.2019.11.004> [in English]

13. Lukpanova Zh., Berstembayeva R., Tleuzhanova D., Misnik O. Social'no-jekonomicheskoe neravenstvo v strane i otdel'nye faktory, vlijajushhie na nego // *Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli* [Socioeconomic inequality in the country and individual factors influencing it // *Bulletin of the Kazakh University of Economics, Finance and International Trade*]. – 2023. – № 4. – S. 17-24. – doi 10.52260/2304-7216.2023.4(53).2 [in Russian]

14. Strengthening Income Stabilization through Social Protection in Emerging and Developing Economies The Brazilian Experience. – International Monetary Fund. – 2024. – URL: <https://www.imf.org/en/Publications/WP/Issues/2024/03/08/Strengthening-Income-Stabilization-through-Social-Protection-in-Emerging-and-Developing-545498> [in English]

15. Centr razvitija trudovyh resursov. Dinamika po poluchateljam pensii, srednemesjachnaja zarabotnaja plata v razreze OKJeD i regionov za 2023 god [Center for Human Resources Development. Dynamics of pension recipients, average monthly wages by OKED and regions for 2023]. – URL: <https://erdo.enbek.kz/analitics> [in Russian]

Абдрахманова Д.Ш., Дуламбаева Р.Т., Турекулова Д.М.

ӘЛЕУМЕТТІК ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТАБЫС ТЕҢСІЗДІГІНЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Әлеуметтік трансферттер табыстың теңсіздігін азайтудың маңызды факторлары мен құралдарының бірі болып табылады, оларды аз қамтылған халықтың пайдасына қайта бөлуді қамтамасыз етеді. Әлеуметтік трансферттердің мақсаты халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және кедейлік деңгейін төмендету болып табылады. Әдетте, әлеуметтік трансферттердің халық табысының теңсіздігіне әсері олардың көлеміне, атаулылығына және институттардың тиімділігіне байланысты елдер арасында әр түрлі болады.

Мақала әлеуметтік трансферттердің Қазақстандағы табыс теңсіздігіне әсерін зерттеуге арналған. Зерттеуде Қазақстандағы 2001-2023 жылдардағы халықтың жалпы ақшалай табысындағы әлеуметтік трансферттердің үлесі және табыс теңсіздігінің деңгейі туралы деректерге негізделген корреляциялық талдау әдісі қолданылды. Корреляциялық талдау нәтижесінде табыс теңсіздігінің әлеуметтік трансферттермен әлсіз байланысы анықталды. ТМД-ның басқа елдерінде де төмен корреляция байқалады, бұл қарастырылып отырған елдерде қолданыстағы әлеуметтік бағдарламалардың жеткіліксіз атаулылығын көрсетеді.

Табыс теңсіздігінің әлеуметтік трансферттердің нақты түрлерімен байланысын талдау халықтың жалпы ақшалай табысындағы атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) үлесінің өсуі табыс теңсіздігін арттыратынын, ал стипендия үлесінің артуы, керісінше, оны төмендететінін көрсетті. Қорытындыда қолданыстағы әлеуметтік трансферттерді талдау және жеткілікті қаржыландыруды және әлеуметтік трансферттердің қатаң атаулылығын қамтитын неғұрлым теңдестірілген саясатты қамтамасыз ету қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Abdrakhmanova D., Dulambayeva R., Turekulova D.

THE IMPACT OF SOCIAL TRANSFERS ON INCOME INEQUALITY

Annotation

Social transfers are one of the important factors and tools for reducing income inequality, ensuring their redistribution in favor of the poorest population. The purpose of social transfers is to improve the quality of life of the population and reduce poverty. As a rule, the impact of social transfers on income inequality varies between countries depending on their volume, targeting and effectiveness of institutions.

The article is devoted to the study of the impact of social transfers on income inequality in Kazakhstan. The study uses the method of correlation analysis based on data on the share of social transfers in the total monetary income of the population and the level of income inequality in Kazakhstan for 2001-2023. Correlation analysis revealed a weak correlation between income inequality and social transfers. A low correlation is also observed in other CIS countries, which indicates the lack of targeting of existing social programs in the considered countries.

An analysis of the relationship between income inequality and specific types of social transfers has shown that an increase in the share of targeted social assistance (TSA) in the total monetary income of the population increases income inequality, while an increase in the share of scholarships, on the contrary, reduces it. In conclusion, it is concluded that it is necessary to analyze existing social transfers and ensure a more balanced policy, including adequate financing and strict targeting of social transfers.



Ж.Н. Нурбосынова, докторант PhD¹

Р.О. Сутбаева*, PhD, и.о. асоц. профессора¹

Ж.С. Казанбаева, к.э.н.²

Д.Д. Мангибаева, к.э.н., асоц. профессор¹

Yessenov University, г. Актау, Казахстан¹

Центрально-Азиатский инновационный университет,

г. Шымкент, Казахстан²

*- основной автор (автор для корреспонденции)

e-mail: raikhan2008@yandex.ru

РОЛЬ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ В ПОВЫШЕНИИ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ РЕГИОНОВ РК

В статье представлен анализ инвестиционной привлекательности Казахстана через призму прямых инвестиций. Выявлена ниспадающая динамика притока прямых иностранных инвестиций (ПИИ) в страну за последние пять лет, что выступает сигналом пересмотра политики структурного распределения ПИИ в отраслевом и региональном разрезах.

Исследовано распределение ПИИ по ключевым отраслям и регионам. Выявлены основные факторы, влияющие на привлекательность страны и ее регионов для иностранных инвесторов в ключевых отраслях экономики.

Выявлено, что наибольшая инвестиционная привлекательность сохраняется за горнодобывающей промышленностью с доминированием нефтегазового сектора, которая сконцентрирована в ресурсоориентированных регионах страны. При этом, определено, что обрабатывающая промышленность, несмотря на меньшую долю в притоках ПИИ, демонстрирует потенциал для роста, особенно в металлургической промышленности.

Проведенный анализ позволил выявить значительную неравномерность в распределении инвестиций между регионами, что указывает на необходимость более сбалансированного подхода к развитию инвестиционной инфраструктуры. Выявлены ключевые отраслевые драйверы роста инвестиционной привлекательности регионов.

Исследование основывается на применении методов статистического, сравнительного и структурного анализа, а также методов факторного и экономико-циклографического анализа и экспертной оценки, позволяющих всесторонне изучить роль иностранных инвестиций в повышении инвестиционной привлекательности регионов Казахстана.

Ключевые слова: *прямые инвестиции, инвестиционная привлекательность, регионы, дифференциация инвестиций, инвестиционная деятельность, инвестиционный климат, диверсификация экономики.*

Кілт сөздер: *тікелей инвестициялар, инвестициялық тартымдылық, өңірлер, инвестицияларды саралау, инвестициялық қызмет, инвестициялық ахуал, экономиканы әртараптандыру.*

Keywords: *direct investments, investment attractiveness, regions, investments differentiation, investment activity, investment climate, economic diversification.*

JEL Classification: E22

Введение. В условиях глобальной конкуренции за международные капиталы ключевым фактором экономического развития Казахстана и ее регионов выступают ПИИ. Для Казахстана, обладающего значительным природно-ресурсным потенциалом и стратегическим географическим положением, привлечение иностранных инвестиций является важным инструментом диверсификации экономики, модернизации производственных мощностей и повышения конкурентоспособности на мировой арене. Особую актуальность этот вопрос приобретает на региональном уровне, где неравномерное распределение инвестиций может приводить к дисбалансам в социально-экономическом развитии.

В этой связи, целью данного исследования является выявление влияния иностранных инвестиций на инвестиционную привлекательность регионов Республики Казахстан, определение

ключевых факторов, способствующих притоку ПИИ, и разработка рекомендаций по улучшению инвестиционного климата.

Для достижения поставленной цели авторами статьи проведен анализ динамики прямых инвестиций в отраслевом разрезе в рамках страны и ее регионов. Выявлены отрасли с наибольшей инвестиционной привлекательностью и определены их доли в общих объемах прямых инвестиций каждого исследуемого региона. Результаты исследования показали необходимость перераспределения инвестиций в обрабатывающую промышленность, сельское хозяйство и высокотехнологичные отрасли, в том числе в отраслевом разрезе для снижения зависимости экономики Казахстана от сырьевого сектора.

Результаты исследования могут быть использованы для разработки стратегий регионального развития, направленных на повышение инвестиционной привлекательности и обеспечение устойчивого экономического роста.

Исследование базируется на комплексном подходе, включающем применение современных методов анализа, таких как статистический, сравнительный и структурный анализ, позволяющие выявить ключевые закономерности и тенденции в распределении иностранных инвестиций по регионам Казахстана.

Для более глубокого понимания динамики и факторов, влияющих на инвестиционную привлекательность, использованы методы факторного анализа и экспертной оценки, позволившие определить основные драйверы привлечения иностранного капитала. Экономико-циклографический анализ применяется для изучения цикличности инвестиционных процессов и их взаимосвязи с экономическими условиями в регионах.

В качестве исходных данных использовались официальные данные Национального банка Республики Казахстан, а также аналитические отчеты и информация из интернет-ресурсов.

Обзор литературы. В проводимых зарубежных исследованиях особое внимание уделяется притоку инвестиций в территории опережающего развития, которые представляют собой точками роста экономики и инвестиционной привлекательности регионов [1].

Особый интерес затрагивают исследования потенциала инвестиционной привлекательности регионов [2], в том числе с разным уровнем предпринимательской активности [3].

Вместе с тем, ряд исследований определил благоприятное влияние прямых инвестиций на определенные отрасли и сферы деятельности, способствуя таким образом росту их инвестиционной привлекательности. Такое положительное влияние отразилось на сфере образования [4], отраслей промышленности [5], в том числе отраслей АПК [6]; [7], а также на развитие предпринимательской деятельности [3], в результате положительно сказываясь на инвестиционной привлекательности регионов.

Но в то же время, многие исследователи утверждают, что рост инвестиционной привлекательности регионов происходит не только за счет роста инвестиций, но и за счет влияния иных факторов [8], [9], которые не всегда подвластны регулированию и контролю, что наглядно продемонстрировала ковидная ситуация [11].

Тем не менее, важно отметить комплексный подход к оценке инвестиционной привлекательности региона, который охватывает целую систему показателей, используемую в экономической модели для проведения такой оценки [12].

Несмотря на достигнутые результаты, многие вопросы инвестиционной привлекательности регионов остаются недостаточно изученными. В частности, требует дальнейшего анализа вопрос о влиянии прямых иностранных инвестиций на инвестиционную привлекательность страны и ее регионов.

Основная часть. Прямые иностранные инвестиции (ПИИ) чрезвычайно важны для экономики Казахстана и ее регионов. Именно темпы роста ПИИ определяют динамику развития экономики страны с сырьевой направленностью, и выступают драйвером развития многих отраслей промышленности и производства, способствуя развитию внутренней экономики путем создания рабочих мест, сокращения безработицы и роста благосостояния граждан, повышая таким образом ее инвестиционную привлекательность на мировой арене.

Однако, реальная картина показывает сокращение притока ПИИ в страну за последние пять лет на 3,4% (с 24,4 млрд долл. США в 2019 году до 23,6 млрд долл. США в 2023 году), что служит сигналом для улучшения инвестиционного климата.

Тем не менее, важно отметить, что среди стран постсоветского пространства и центральноазиатского региона Казахстан занимает лидирующие позиции по притоку ПИИ с долей более 60% [13].

В отраслевом разрезе наибольшей инвестиционной привлекательностью обладает горнодобывающая промышленность с долей 45% от всех отраслевых ПИИ. Среди отраслей горнодобывающей промышленности наибольшая доля ПИИ за последние пять лет приходится на сектор добычи сырой нефти и природного газа (78%). На сектор добычи металлических руд приходится 20% [14].

Важно отметить менее лидирующие позиции в разрезе отраслевых ПИИ обрабатывающей промышленности, доля которой за пять лет составила лишь 19% всех отраслевых ПИИ. Среди отраслей обрабатывающей промышленности наибольшую долю занимает металлургическая промышленность (71,4%) [14].

Что касается сферы производства услуг, то на сектор торговли за пять лет приходится 17% всех ПИИ. На остальные отрасли приходится незначительная доля ПИИ (рисунок 1).



Рисунок — 1. Доля ПИИ РК по видам экономической деятельности за период 2019-2023 годы, % от всех ПИИ

**составлено и рассчитано по источнику [14].*

Среди регионов наибольшей инвестиционной привлекательностью отличается Атырауская область, в которой приток ПИИ за последние пять лет составили 33,7 млрд долл. с долей 29% всех ПИИ за пять лет.

Вторым регионом с наибольшей инвестиционной привлекательностью является г. Алматы, где приток ПИИ составил 32,5 млрд долл. или 28% всех ПИИ.

С большим разрывом следуют Восточно-Казахстанская область (9,8 млрд долл., 8% всех ПИИ), г. Астана (6,9 млрд долл., 6% всех ПИИ), Западно-Казахстанская область (5,9 млрд долл., 5% всех ПИИ), Павлодарская и Актюбинская области (по 4,7 млрд долл., 4% всех ПИИ), Мангистауская область (3,8 млрд долл., 3% всех ПИИ). Остальные регионы наименее привлекательны для вложений ПИИ. В целом, такая ситуация характеризует неравномерное привлечение ПИИ среди регионов страны (рисунок 2).




Рисунок – 2. ПИИ в регионы Казахстана за 2019-2023 годы, млрд долл. США / % от всех ПИИ

*Составлено и рассчитано по источнику [14].

В страновом разрезе наибольшие притоки ПИИ наблюдаются из Нидерландов (33,9 млрд долл. США за 2019-2023 годы); США (16,7 млрд долл.); Швейцарии (11,6 млрд долл.); России (9,1 млрд долл.); Китая (7,6 млрд долл.); Бельгии (5,3 млрд долл.); Южной Кореи (4,4 млрд долл.); Франции (4,0 млрд долл.); Великобритании (3,9 млрд долл.); Турции (2,2 млрд долл.); Германии (2,1 млрд долл.); Японии (1,7 млрд долл.); Кипра и ОАЭ (по 1,9 млрд долл.); Люксембурга (1,5 млрд долл.); Сингапура (1,2 млрд долл.); Италии (1,1 млрд долл.) [14].

Проведенный анализ притоков ПИИ по регионам страны в отраслевом разрезе показал, что в тройку отраслей с наибольшей инвестиционной привлекательностью вошли «Горнодобывающая промышленность и разработка карьеров», «Обрабатывающая промышленность», «Оптовая и розничная торговля». При этом, эти три отрасли занимают большую долю в общих объемах ПИИ Туркестанской, г.Шымкент и Атырауской области с 98%, 95% и 93%, соответственно. Далее идут Актюбинская область (92%), Западно-Казахстанская область (86%), Карагандинская область и область Жетісу (по 83%), Мангистауская область (82%), Восточно-Казахстанская область (80%), и другие. В тройку регионов с низкой долей ПИИ в этих отраслях выступают область Абай (29%), г.Астана (33%), Жамбылская область (38%) (таблица 1).

Таблица –1

Инвестиционная привлекательность регионов Казахстана по объему ПИИ в ключевые отрасли за 2019-2023 годы, млн долл. США / %

Области/ города республиканского значения	Обрабатывающая промышленность	Горнодобывающая промышленность и разработка карьеров	Торговля	Доля трех отраслей в общих объемах ПИИ, %
Туркестанская	х	2 747,50	х	98
г. Шымкент	576,7	х	40,3	95
Атырауская	94,2	31 100,20	-6,7	93
Актюбинская	2 603,80	1 396,60	277,4	92
Западно-Казахстанская	61,9	5 027,70	5,1	86
Карагандинская	1 608,60	12,3	45,2	83
Жетісу	101,3	х	24,1	83
Мангистауская	-12,4	3 021,90	118,5	82

Восточно-Казахстанская	7 635,80	86	64,1	80
Павлодарская	3 421,90	x	x	73
Северо-Казахстанская	277,3	x	26,2	67
г. Алматы	1 136,60	811,6	16652,3	57
Костанайская	239,1	2 073,00	30,6	50
Қызылординская	19,1	631	650,1	50
Ақмолинская	350,2	x	100,4	44
Алматынская	997,5	x	72,2	43
Жамбылская	80,2	64,4	144,6	38
г. Астана	258	277,8	1753,9	33
Абай	246,6	93,7	17,7	29

*Составлено и рассчитано по источнику [14].

Следуя проведенному анализу выявлено, что для многих регионов характерно неравномерное распределение ПИИ. Наблюдается концентрация ПИИ в горнодобывающей промышленности ресурсоориентированных регионов, к которым относятся Атырауская (31 100,2 млн долл.), Западно-Казахстанская (5 027,7 млн долл.), Мангистауская (3 021,9 млн долл.), Костанайская (2 073 млн долл.), Актюбинская (1 396,6 млн долл.) области. Это связано с развитием нефтегазового сектора, который традиционно привлекает значительные иностранные инвестиции.

Но важно отметить, что в Актюбинской области наибольшей инвестиционной привлекательностью отличается также и обрабатывающая промышленность (2 603,8 млн долл. ПИИ), а также сфера торговли (277,4 млн долл.) на фоне значительных объемов ПИИ в горнодобывающей промышленности.

Из всех исследуемых регионов важно отметить г.Алматы, структура ПИИ которой более диверсифицирована, что свидетельствует о развитии города как финансового и логистического центра страны. Не в таких значительных объемах, но, тем не менее, со сбалансированной структурой инвестиционной привлекательности отличается г.Астана, Жамбылская область и область Абай.

Заключение. Структура накопленных ПИИ недостаточно диверсифицирована и преимущественно ориентирована на сырьевые отрасли, в том числе в региональном разрезе, что делает экономику страны в целом уязвимой к колебаниям мировых цен на энергоресурсы. Инвестиции в добычу полезных ископаемых и металлургию растут значительно быстрее, чем в сферы услуг, снижая инвестиционную привлекательность последних. Основной проблемой, по нашему мнению, является нежелание крупных инвесторов вкладываться в долгосрочные и менее прибыльные проекты, такие как в обрабатывающую промышленность, телекоммуникации, социальную сферу.

Высокая зависимость структуры экономики от инвестиций в сырьевые отрасли требует перераспределения инвестиций в обрабатывающую промышленность, сельское хозяйство, инфраструктуру, модернизацию и внедрение новых технологий в этих отраслях. Для этого требуется комплексный подход к реализации мер по улучшению инвестиционного климата, государственной поддержке, развитию инноваций и инфраструктуры.

ЛИТЕРАТУРА

1. Yakimova V., Khmura S. Determinants of Investment Attraction to Economic Growth Points of the Russian Far East // *Economy of Regions*. – 2022. – № 18(3). – P. 1–17. – <https://doi.org/10.17059/ekon.reg.2022-3-22>
2. Kostyrko L., Sieriebriak K., Sereda O., Zaitseva L. Investment attractiveness of ukraine as a dominant attraction of foreign direct investment from the european space: analysis, evaluation // *Financial And Credit Activity: Problems Of Theory And Practice*. – 2022. – № 2(43). – P. 95–106. – <https://doi.org/10.55643/fcaptp.2.43.2022.3700>

3. Godlewska M., Pilewicz T. Entrepreneurial activities of local governments in their investment attractiveness context—evidence from Poland // *Local Government Studies*. – 2022. – № 43(3). – P. 590–614. – <https://doi.org/10.1080/03003930.2020.1842736>
4. Savelyeva N., Kuklin A., Lapteva I., Malysheva N. The investment attractiveness of a regional market of educational services as the basis of its global competitiveness in industry 4.0 // *On the Horizon*. – 2019. – №27(3/4). – P. 239–244. – <https://doi.org/10.1108/OTH-07-2019-0042>
5. Popescu C. From command to market-driven economy: the changing role of manufacturing industries in Romania // *Human Geographies*. – 2021. – № 15(2). – P.127–146. – <https://doi.org/10.5719/hgeo.2021.152.1>
6. Telegina Z., Khoruzhy L., Khoruzhy V. Features of the Impact of Digital Technology Implemented in the Regional Agriculture of Russia on Increasing the Industry’s Investment Attractiveness // *Smart Innovation, Systems and Technologies*. – 2022. – № 264. – P. 157–166. – https://doi.org/10.1007/978-981-16-7633-8_17
7. Godlewska-majkowska H., Komor A. Energy as a factor of investment attractiveness of regions for agricultural enterprises // *Energies*. – 2021. – №14(9). – 2731. – <https://doi.org/10.3390/en14092731>
8. Rodionov D., Konnikov E., Nasrutdinov M. A transformation of the approach to evaluating a region’s investment attractiveness as a consequence of the COVID-19 pandemic // *Economies*. – 2021. – № 9(59). – P. 1–20. – P. 38–64. – <https://doi.org/10.3390/economies9020059>
9. Nazarova V., Lavrova V. Do ESG Factors Influence Investment Attractiveness of the Public Companies? // *Journal of Corporate Finance Research*. – 2022. – № 16(1). – <https://doi.org/10.17323/j.jcfr.2073-0438.16.1.2022.38-64>
10. Polozova T., Kutsenko Y., Kanova O. Formation of sustainable investment attractiveness of regions under the conditions of COVID-19 // *Problemy Ekorozwoju*. – 2022. – № 17(1). – P. 23–35. – <https://doi.org/10.35784/pe.2022.1.03>
11. Myakshin V., Petrov V. Balanced scorecard as a tool for evaluating the investment attractiveness of regions comprising the Arctic Zone of the Russian Federation // *Regional Science Inquiry*. – 2020. – № 2. – P. 69–80.
12. World Bank Group. Foreign direct investment, net inflows (BoP, current US\$). – URL: <https://data.worldbank.org/indicator/BX.KLT.DINV.CD.WD>
13. Национальный банк РК. Прямые инвестиции по направлению вложения. – URL: <https://nationalbank.kz/ru/news/pryamyie-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya>
14. Национальный банк РК. Валовый приток ПИИ в Казахстан от иностранных прямых инвесторов. – URL: <https://nationalbank.kz/ru/news/pryamyie-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya>

REFERENCES

1. Yakimova V., Khmura S. Determinants of Investment Attraction to Economic Growth Points of the Russian Far East // *Economy of Regions*. – 2022. – № 18(3). – P. 1–17. – <https://doi.org/10.17059/ekon.reg.2022-3-22>
2. Kostyrko L., Sieriebriak K., Sereda O., Zaitseva L. Investment attractiveness of ukraine as a dominant attraction of foreign direct investment from the european space: analysis, evaluation // *Financial And Credit Activity: Problems Of Theory And Practice*. – 2022. – № 2(43). – P. 95–106. – <https://doi.org/10.55643/fcaptp.2.43.2022.3700>
3. Godlewska M., Pilewicz T. Entrepreneurial activities of local governments in their investment attractiveness context—evidence from Poland // *Local Government Studies*. – 2022. – № 43(3). – P. 590–614. – <https://doi.org/10.1080/03003930.2020.1842736>

4. Savelyeva N., Kuklin A., Lapteva I., Malysheva N. The investment attractiveness of a regional market of educational services as the basis of its global competitiveness in industry 4.0 // *On the Horizon*. – 2019. – № 27(3/4). – P. 239–244. – <https://doi.org/10.1108/OTH-07-2019-0042>

5. Popescu C. From command to market-driven economy: the changing role of manufacturing industries in Romania // *Human Geographies*. – 2021. – № 15(2). – P. 127–146. – <https://doi.org/10.5719/hgeo.2021.152.1>

6. Telegina Z., Khoruzhy L., Khoruzhy V. Features of the Impact of Digital Technology Implemented in the Regional Agriculture of Russia on Increasing the Industry's Investment Attractiveness // *Smart Innovation, Systems and Technologies*. – 2022. – №264. – P. 157–166. – https://doi.org/10.1007/978-981-16-7633-8_17

7. Godlewska-majkowska H., Komor A. Energy as a factor of investment attractiveness of regions for agricultural enterprises // *Energies*. – 2021. – № 14(9). – 2731. – <https://doi.org/10.3390/en14092731>

8. Rodionov D., Konnikov E., Nasrutdinov M. A transformation of the approach to evaluating a region's investment attractiveness as a consequence of the COVID-19 pandemic // *Economies*. – 2021. – № 9(59). – P. 1–20. – P. 38–64. – <https://doi.org/10.3390/economies9020059>

9. Nazarova V., Lavrova V. Do ESG Factors Influence Investment Attractiveness of the Public Companies? // *Journal of Corporate Finance Research*. – 2022. – № 16(1). – <https://doi.org/10.17323/j.jcfr.2073-0438.16.1.2022.38-64>

10. Polozova T., Kutsenko Y., Kanova O. Formation of sustainable investment attractiveness of regions under the conditions of COVID-19 // *Problemy Ekorozwoju*. – 2022. – № 17(1). – P. 23–35. – <https://doi.org/10.35784/pe.2022.1.03>

11. Myakshin V., Petrov V. Balanced scorecard as a tool for evaluating the investment attractiveness of regions comprising the Arctic Zone of the Russian Federation // *Regional Science Inquiry*. – 2020. – № 2. – P. 69–80.

12. World Bank Group. Foreign direct investment, net inflows (BoP, current US\$). – URL: <https://data.worldbank.org/indicator/BX.KLT.DINV.CD.WD>

13. Nacional'nyj bank RK. Prjamyje investicii po napravleniju vlozhenija [The National Bank of the Republic of Kazakhstan. Direct investments in the direction of investment]. – URL: <https://nationalbank.kz/ru/news/prjamyje-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya> [in Russian].

14. Nacional'nyj bank RK. Valovyj pritok PII v Kazahstan ot inostrannyh prjamyh investorov [The National Bank of the Republic of Kazakhstan. Gross FDI inflows to Kazakhstan from foreign direct investors.]. – URL: <https://nationalbank.kz/ru/news/prjamyje-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya> [in Russian].

Нурбосынова Ж.Н., Сутбаева Р.О., Казанбаева Ж.С., Мангибаева Д.Д.

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ҚР ӨҢІРЛЕРІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада тікелей инвестициялар призмасы арқылы Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы талданып көрсетілген. Соңғы бес жыл ішінде тікелей шетелдік инвестициялардың ағындарының төмендеу тенденциясы анықталды, бұл тікелей шетелдік инвестицияларының салалық және аймақтық тұрғыда қайта қаралуы қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу барысында тікелей шетелдік инвестицияларының негізгі салалар мен аймақтар бойынша таралуы зерттелді. Еліміздің және оның аймақтарының шетелдік инвесторлар үшін тартымдылығына әсер ететін негізгі факторлар анықталды.

Анықталғандай, инвестициялық тартымдылықтың ең жоғары деңгейі мұнай-газ секторы үстемдік ететін тау-кен өнеркәсібінде сақталған, ол негізінен ресурсқа бағытталған аймақтарда шоғырланған. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібі тікелей шетелдік инвестициялардың ағындарындағы үлесінің төмендігіне қарамастан, әсіресе металлургиялық өнеркәсіпте өсу әлеуеті бар екендігі анықталды.

Жүргізілген талдау аймақтар арасында инвестициялардың таралуының айтарлықтай біркелкі еместігін көрсетті, бұл инвестициялық инфрақұрылымды дамытуға теңестірілген тәсілдің қажеттілігін көрсетеді. Аймақтардың инвестициялық тартымдылығын арттырудың негізгі салалық драйверлері анықталды.

Зерттеу статистикалық, салыстырмалы және құрылымдық талдау әдістерінің, сондай-ақ факторлық және экономикалық-циклографиялық талдау әдістерінің және expertтік бағалау әдістерінің қолданылуына негізделген, бұл Қазақстан аймақтарының инвестициялық тартымдылығын арттыруда шетелдік инвестициялардың ролін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Nurbossynova Zh., Sutbayeva R., Kazanbayeva Zh., Mangibayeva D.

ROLE OF FOREIGN INVESTMENTS IN BOOSTING REGIONAL ATTRACTIVENESS IN KAZAKHSTAN

Annotation

The paper presents an analysis of Kazakhstan's investment attractiveness through the lens of direct investments. A declining trend in the inflow of foreign direct investment (FDI) into the country over the past five years has been identified, signaling the need to revise the policy of structural distribution of FDI across sectors and regions.

The distribution of FDI across key sectors and regions has been studied. The main factors influencing the attractiveness of the country and its regions for foreign investors in key economic sectors have been identified.

It has been determined that the highest investment attractiveness remains in the mining industry, dominated by the oil and gas sector, which is concentrated in resource-oriented regions of the country. At the same time, it has been established that the manufacturing industry, despite its smaller share in FDI inflows, demonstrates growth potential, particularly in the metallurgical sector.

The analysis revealed significant unevenness in the distribution of investments across regions, indicating the need for a more balanced approach to the development of investment infrastructure. Key sectoral drivers of regional investment attractiveness growth have been identified.

The study is based on the application of statistical, comparative, and structural analysis methods, as well as factor and economic-cyclographic analysis methods and expert assessments, which allow for a comprehensive examination of the role of foreign investments in enhancing the investment attractiveness of Kazakhstan's regions.



Б.Т. Онаева, PhD докторанты¹

А.Х. Девадзе, к.э.н., профессор²

А.Х. Муканов*, PhD¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан¹

Ш. Руставели атындағы Батуми

мемлекеттік университеті,

Батуми қ., Грузия²

* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: Aidar81hamzauli@mail.ru

ОТАНДЫҚ ТУРИСТІК АЙМАҚТАРДА SOFT ТУРИЗМ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТТАРЫ

Зерттеу барысында отандық туристік бағыттар аумағында soft туризм инфрақұрылымын қалыптастырудың негізгі бағыттары қарастырылды. Лоренц қисығы мен Джини коэффициентін қолдану арқылы отандық туристік аймақтардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, туристік ағындардағы ауытқулар анықталды. Туристік аймақтарға туризм тарапынан түсетін жүктемені оңтайландыру мақсатында авторлар soft туризм инфрақұрылымын қалыптастыру жолдарын қарастырады және оның қазіргі туристік бағыттардың дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылатынын негіздейді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – демалушылардың қоршаған ортаның бірегей қасиеттерін және жергілікті туристік ресурстарды сақтауға жауапкершілігін арттыру арқылы, яғни soft туризм инфрақұрылымын қалыптастыру арқылы отандық туристік аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолдарын қарастыру. Авторлар қазіргі жағдайда soft туризм туристік аймақ аумағында табиғи ресурстармен бірге мәдени-тарихи мұраны сақтаудың, сондай-ақ игерілмеген аймақтарды туристік мақсатта тиімді пайдаланудың маңызды құралы болып табылатындығына ерекше назар аударады.

Зерттеу барысында авторлар статистикалық және салыстырмалы талдауды, соның ішінде бенчмаркинг құралдарын қолданып, аймақтарда soft туризм инфрақұрылымын қалыптастыру бағыттарын негіздеді. Зерттеу нәтижесінде авторлар елдің туристік аймақтарының soft туризмді дамыту үшін әртүрлі және үйлеспейтін әлеуеттері бар екенін және ресурстық базасы бір-біріне ұқсамайтынын анықтады. Яғни, еліміздің туристік аймақтарында soft туризмді дамытуда стандартты және біркелкі әдістерді қолдануға болмайтыны анықталды.

Кілт сөздер: *soft туризм, туристік аймақ, дестинация, туристік инфрақұрылым, тұрақты даму, әлеуметтік-мәдени орта, туристік орталықтар*

Ключевые слова: *мягкий туризм, туристский район, дестинация, туристская инфраструктура, устойчивое развитие, социокультурная среда, туристские центры*

Keywords: *soft tourism, tourist region, destination, tourist infrastructure, sustainable development, socio-culture environment, tourist centers*

JEL classifications: O44, Z32, R11

Кіріспе. Soft туризм – бұл туристердің мәдени құндылықтарға, тарихқа, дәстүрлерге және табиғат сұлулықтарына деген қызығушылығына негізделген туристік нарықтың тез дамып келе жатқан сегменті. Бай тарихы, ерекше мәдениеті және алуан түрлі табиғи ландшафтары бар Қазақстан бұл туризм түрін дамыту үшін үлкен әлеуетке ие.

Қазақстан үшін soft туризмнің маңызын экономикалық өсу, әлеуметтік және экологиялық даму бағыттарынан көре аламыз. Мысалы, экономикалық өсу тұрғысынан қарастырсақ, soft туризмнің дамуы туристік қызметтен түскен салықтар есебінен мемлекеттік бюджет түсімін ұлғайтуға, сонымен қатар, қызмет көрсету саласында жаңа жұмыс орындарын құруға қабілетті; тұрақты экономиканы қалыптастыру мақсатында шикізат ресурстарынан тәуелділікті азайтады; туристік инфрақұрылымның дамуы экономиканы модернизациялай отырып, шетелдік инвесторларды тартады [1]. Әлеуметтік даму тұрғысынан soft туризмнің маңызы, мәдени мұралардың сақталуына, мәдениет аралық қатынастардың қалыптасуына, жергілікті тұрғындардың өмір сүру жағдайын

жақсартуға әкеледі, ал экологиялық тұрғыдан қоршаған ортаны қорғай отырып, экологиялық жауапты туризмді дамытуға бағытталады.

Сонымен қатар, отандық туристік аймақтарда soft туризмді дамыту маңыздылығымен бірге бірқатар артықшылықтары да баршылық, біріншіден, халықаралық аренада аймақтың жағымды имиджмін қалыптастыруға мүмкіндік береді; екіншіден, келуші-туристердің сапар ұзақтығының артуы, яғни мәдениет пен тарихқа қызығушылық танытқан туристердің аймақта ұзақ болуы шығындарын арттыра отырып, жергілікті экономикаға оң әсерін тигізеді [2]; үшіншіден, soft туризм туризм саласындағы маусымдық өзгерістердің әсерін азайтып, жыл бойы тұрақты жұмыспен қамтуға ықпал етеді.

Қазақстан аймақтарында soft туризмді дамыту ел экономикасын әртараптандыру мен халықтың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді. Мысалы, соңғы уақытта туристік өнімдеріне сұраныс белсене артып келе жатқан Грузия елінде ерекше қорғалатын табиғи аймақтарында soft туризм аймаққа деген туристердің қызығушылығын арттыратын маңызды бір құрал және ұлттық парктердің қызметін әртараптандыру бағыты ретінде қолданылуда.

Демек, туризм табиғи, мәдени және адами ортамен интеграциялану арқылы тұрақты дамуға қабілетті болуға және көптеген туристік бағыттарға тән нәзік тепе-теңдікке құрметпен қарауға негізделеді.

Қазақстан үшін бұл туризмнің түрі тек қана экономиканы дамытудың құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананы оятудың да маңызды құралы болып табылады. Осыған байланысты еліміздің туристік аймақтар шекарасында soft туризм инфрақұрылымын қалыптастыру бүгінгі күнде туристік тартымдылыққа ие территорияларды дамытудағы өзекті мәселелердің бірі. Яғни, soft туризмнің тиімді дамуын қамтамасыз ету үшін сапалы туристік инфрақұрылымды құру, тартымды туристік бағыттар мен бағдарламаларды әзірлеу, туризм саласындағы жоғары білікті мамандарды дайындау, туристерді тарту үшін тиімді маркетингті жүргізу және жергілікті қауымдастықтардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету қажеттілігі айқындалады.

Жұмыстың негізгі мақсаты еліміздің туризм тұрғысынан маңыздылыққа ие аймақтарында soft туризм инфрақұрылымын қалыптастыру жолдарын және туристердің сұранысына сәйкес бейімдеу бағыттарын қарастыру. Осы тарапта зерттеу барысында келесі негізгі гипотезалар белгіленді:

- отандық туристік аймақтардың дамуында әртүрлі қарқындылық байқалады, демек бұл аймақтардың тұрақты дамуын soft туризм инфрақұрылымын қалыптастыру арқылы қамтамасыз етуге болады;
- soft туризм инфрақұрылымы туристердің қоршаған орта үшін жауапкершілігін арттырады, сол арқылы аймақта орналасқан туристік ресурстардың тартымдылығын жоғарлатады;
- отандық туристік аймақтар soft туризм инфрақұрылымын қалыптастыру арқылы жаңа бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастырады және туристік макро аймақ деңгейінде бәсекеқабілеттілігін арттырады.

Белгіленген гипотезаларды дәлелдеу үшін зерттеу жұмысы еліміздің солтүстік өңірінде орналасқан курорттық аймақтарында жүргізілді (Зеренді, Щучье-Бурабай, Имантау-Шалқар курорттық аймақтары) және осы аймақтардың soft туризм инфрақұрылымын қалыптастыру әлеуеті қарастырылды.

Әдебиеттік шолу. Әлемдік тәжірибеде soft туризм инфрақұрылымын қалыптастыруда бірнеше тәсілдерге көңіл бөледі және бұл сала бойынша зерттеулер кеңінен қарастырылған.

Алғашқы болып бұл туризм түріне назар аударған Р. Юнгк [3] жаппай туризмнің дестинацияларға теріс әсерін белгілей отырып, туристік аймақтарда орналасқан туристік ресурстардың ерекше қасиеттерін сақтап қалу үшін арнайы soft инфрақұрылымын қалыптастыру қажеттілігін белгілеген. Кейін бұл идеяны Й. Криппендорф [4] Австрия елінде орналасқан дестинациялардың жаппай туризмнен зардап шегуін қарастырып, заманауи шарттарда soft туризм туристердің жауапкершілігін арттыруға әкелетін және аймақтың туристік әлеуетін ұзақ мерзімде сақтауды қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі ретінде сипаттаған.

Фьювер Д. [5] атты өз жұмыстарында экотуризм soft туризмнің негізі, яғни экотуризм қоршаған ортаға ықпалы төмен және жергілікті қауымдастықты қолдайтын тұрақты туризмді дамытады деп тұжырымдайды.

Мәдени және ауылдық туризмді қолдау мақсатында Ана М.И. [6] Еуропа елдері мысалы негізінде ауыл туризмінің маңыздылығын аша отырып, ауыл аймақтарында soft туризмді интеграциялаудың стратегияларын ұсынды.

Көлік және рекреациялық инфрақұрылым саласындағы инновацияларды зерттей отырып Дюрден М., Лундберг Н. және Шурма Д. [7] экологиялық қауіпсіз көлік инфрақұрылымын құру тәсілдеріне назар аударады. Мысалы, аймақтың дамуында велосипед жолдары және жаяу жүргіншілер маршруттарын құру қажеттілігін негіздей отырып, туристік территорияның рекреациялық әлеуетін арттыруға ықпал етуге болады деген қорытынды жасаған. Бұл өз кезегінде soft туризмнің негізгі принциптеріне сәйкес келеді.

Ресей [8, 9, 10, 11] және отандық ғалымдар [12, 13, 14] soft туризмнің мәнін экологиялық туризм шеңберінде қарастырады, бұл soft туризмнің мәнін толық ашпайды. Soft туризм тұжырымдамасын қалыптастыру мәселелері елімізде соңғы жылдарда ғана өзектілікке ие болуда. Елімізде келешек уақытта туристік аймақтарға туристерді тарту мен олардың туристік ресурстарға қол жетімділігін қамтамасыз ету мәселелері бірінші кезекке қойылуда. Ал қазіргі кезде туристік аймақтардың дамуында жаппай туризмнің әсерінен экологиялық мәселелер мен туристік ресурстардың ерекшеліктерінің жойылу қауіптері байқала бастады. Сондықтан да soft туризм инфрақұрылымын қалыптастыру сұрақтары енді зерттеле бастады.

Негізгі бөлім. Бүгінгі таңда әлемдік экономикада soft туризм түріне қызығушылық артып келе жатыр. Оның негізгі бір себебі жаппай туризмнің кері әсері және ол әсерлерді төмендетуге бағытталған шығындардың өсуі. Сонымен қатар, бүгінгі уақытта soft туризм туристік аймақ дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңызды құрал ретінде қолданылуда. Туристік аймақ шекарасында soft туризм арнайы инфрақұрылымды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады және жергілікті қаумдастық тарапынан қолдауды талап етеді. Бүгінгі таңда әлемде soft туризм инфрақұрылымын қалыптастырып, дестинациялардың тартымдылығын арттырған мысалдар көп.

Норвегия мемлекетінде soft туризм инфрақұрылымы экологиялық таза және минималды инвазивті шешімдерге басымдық берген. Сонымен қатар, Trollstigen ұлттық туристік маршруты туристер үшін әйгілі орын болып табылды, ондағы қоршаған ортаға тигізетін әсерді азайтуға арналған көру алаңдарымен, жолдармен және жаяу жүргіншілер жолдарымен жабдықталған [12].

Коста-Рика Орталық Американың бұл шағын елі экологиялық туризм саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылады. Коста-Рика үкіметі экологиялық туризм үшін жағдай жасай отырып, ұлттық парктер мен қорықтарды дамытуға белсенді түрде қолдау көрсетеді. Туристер тропикалық ормандарды, жануарларды, жағажайларды аралап, әртүрлі жабайы табиғатты бақылай алады. Сонымен бірге жергілікті қауымдастық туристік бизнеске белсене атсалысып, экоқонақ үйлерді, турларды ұйымдастырып, колөнер бұйымдарын ұсынады [8].

Тағы бір маңызды мысалға Австралия мемлекетін келтіруге болады, мұнда Квинслендтің тропикалық ормандарында орналасқан Daintree Eco Lodge and Spa сияқты экологиялық үйлер (экологиялық таза үйлер) тұжырымдамасы енгізілген [11].

Еліміз бай табиғи және мәдени мұраларға ие, бұл soft туризмнің дамуына қолайлы жағдай туғызады. Алайда, айтарлықтай әлеуеттің бар болуына қарамастан, еліміздегі туризмнің бұл сегменті әлі де дамудың бастапқы кезеңінде. Қазақстанда халықаралық тәжірибені қолдана отырып және оның ерекше шарттарына бейімделе отырып, аймақтарда soft туризм инфрақұрылымын дамыта бастады. Мысалы, Бурабай ұлттық паркі, мұнда туристік маршруттарды және экожүйеге әсері төмен жаяу жүргіншілер жолдарын құру бойынша жобалар жасалды. Сонымен қатар, бұл аймақта экологиялық таза кемпингтер салынып, биоалуантүрлілік пен мәдени құндылықтарды сақтау жұмыстары жүргізілуде [14].

Қазақстанның туристік аймақтарында soft туризм инфрақұрылымын дамыту демалудың экологиялық және мәдени аспектілеріне бағытталған туристерді тартудың маңызды факторы болып табылады. Soft туризм аймақ шекарасы ішінде орналасқан туристік ресурстардың, қоршаған ортаның ерекше қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімде территорияның тартымдылығын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде туристік дестинациялардың тұрақты дамуына қол жеткізеді және ерекше табиғатты, жергілікті мәдени-тарихи құндылықтарды сақтап қалып, экологиялық пен экономикалық үрдістердің тепе-теңдігінің пайда болуына қол жеткізеді.

Бүгінгі күні еліміздің аймақтарында әртүрлі бағытта маманданған туристік дестинациялар қызмет атқаруда. Жалпы, 2023 жылы дестинация түрінде қызмет атқаратын курорттық аймақтармен

Қазақстан Республикасында 130,7 млрд теңгеге қызмет көрсетілді (кесте 1). Бүгінгі күні курорттық аймақтарда 1 642 бірлік қонақ үй қызмет атқарады және 3 879,7 мың адамға қызмет көрсетілген.

Кесте –1

Курорттық аймақтардағы орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі (млн теңге)*

Аймақтар	Жылдар					Өсу темпітері (2023/2022 жж.), %
	2019	2020	2021	2022	2023	
Курорттық аймақтар бойынша	17 059,7	33 582, 1	58 021,4	101 699,9	130 799,9	128,6
Щучье-Бурабай курорттық аймағы	5 867,2	5 389,7	8 880,4	14 878,0	18 277,5	122,8
Алматы курорттық аймағы	5 289,3	585,4	1 169,0	1 050,1	984,3	93,7
Баянауыл курорттық аймағы	-	69,7	534,7	1 114,3	1 245,1	111,7
Қарқаралы курорттық аймағы	569,7	322,4	565,6	625,8	109,3	17,5
Маңғыстау курорттық аймағы	-	4 115,5	7 030,1	11 135,9	14 665,1	131,7
Сарыағаш курорттық аймағы	66,1	39,8	294,6	317,5	341,7	107,6
Қостанай курорттық аймағы	130,7	21,6	80,8	135,6	117,4	86,6
Алтай курорттық аймағы	588,5	469,3	533,9	731,1	1 067,1	146,0
Зеренді курорттық аймағы	310,2	90,2	175,5	381,5	568,8	149,1
Балқаш курорттық аймағы	494,4	388,1	721,5	948,5	1 389,6	146,5
Бұқтырма курорттық аймағы	-	264,4	449,5	634,5	740,6	116,7
Улан курорттық аймағы	88,6	76,6	119,1	101,5	112,5	110,8
Имантау-Шалқар курорттық аймағы	-	57,9	117,4	142,7	232,0	162,7
Байқоңыр туристік аймағы	-	1,0	0,3	0,7	1,7	242,9
Қатон-Қарағай курорттық аймағы	14,9	8,2	33,2	33,1	54,1	163,4
Түркістан туристік аймағы	-	347,4	2 113,5	2 823,3	3 103,3	109,9
Алакөл курорттық аймағы (Абай облысы)	1 683,6	-	-	2 728 ,9	4 489,5	164,5
Алакөл курорттық аймағы (Жетісу облысы)	-	-	-	2 520,2	2 636,2	104,6
Алакөл курорттық аймағы (ШҚО)	-	487,9	1 355,0	-	-	-
Алакөл курорттық аймағы (Алматы облысы)	-	2 184,6	2 600,8	-	-	-

*Дереккөз: [15] ақпарат көзі негізінде рәсімделді

Кесте 1-де көрсетілген мәліметтерге сүйенсек 2023 жылы қарқынды дамып келе жатқан аймақтардың қатарына Қатон-Қарағай (2022 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 2023 жылы өсу қарқыны 164% құрады), Зеренді (149.1%), Балқаш (146.5%), Алтай (146.0%), Маңғыстау (131.7%), Щучье-Бурабай (122.8%) курорттық аймақтары жатады. Алайда курорттық орталықтармен көрсетілген қызмет көлемінің үлестік саламағын қарастырсақ, басым бөлігі Алматы тау кластеріне (2023 жылы 80 664.1 млн теңгені құрады), Щучье-Бурабай (18 277.5 млн теңге) және Маңғыстау (14 665.1 млн теңге) курорттық аймақтарға тиесілі.

Курорттық аймақтарда қызмет көрсетілген келушілердің санын қарастырсақ қонақтардың басым бөлігі Маңғыстау курорттық аймағына тиесілі (356.2 мың адамға қызмет көрсетілген), одан кейін Щучье-Бурабай (305.5 мың адам) және Абай облысы жағында орналасқан Алакөл курорттық аймағы (205.8 мың адам). Варияцалық қатарды құру арқылы еліміздегі туристік аймақтарды келушілердің санына байланысты Стерджент әдісі негізінде 5 негізгі топқа бөліп қарастыруға болады (кесте 2).

Кесте 2 мәліметтеріне сүйенсек туристік аймақтардың басым бөлігі (61.1%) келушілер санына байланысты бірінші топқа жатады (интервал 537-71 671,6) және орташа есеппен алғанда осы қатарға жататын әр аймаққа 36 104.3 қонақ келеді. Сонымен қатар туристік аймақтарға келушілердің модальдық көрсеткіштің мәні 44 008.1, ал медианалық көрсеткіш 58 738.0 адамды құрайды, яғни келушілердің басым бөлігі осы бірінші топқа жататын 11 дестинацияның арасында бөлінеді.

Курорттық аймақтардың топтарға бөлістіру нәтижесінде анықталған жиелік үлестерінің (W_i , %) және атаулы дестинацияларға келушілер үлесінің (Q_i) кумулятосын қарастырсақ туристік аймақтар арасында келушілер тепе тең бөлінбегенін байқаймыз (сурет 1). Лоуренц қисығы еліміздің бір туристік аймақтары туристердің басым бөлігін қабылдайтындығын және инфрақұрылымына қатты салмақ келтіріп жатқанын, ал басқа аймақтарға минималды деңгейде жүктеме түсіп отырғанын көрсетіп тұр.


Кесте –2

Отандық туристік аймақтарды келушілер санына байланысты топтастыру*

Топ (k)	Жиелілік (f_i)	Варианта (V)	Жиелілік үлесі (W_i , %)	Жиелілік жиынтығы (F_i)	Жиелілік үлесінің жиынтығы (P_i , %)	Келушілердің үлесі (q_i , %)	Келушілер үлесінің жиынтығы (Q_i)
537 - 71 671,6	11,0	36104,3	61,1	11,0	61,1	24,1	24,1
71 671,7 - 142 806,3	4,0	107239,0	22,2	15,0	83,3	26,1	50,2
142 806,4 - 213 941	1,0	178373,7	5,6	16,0	88,9	10,8	61,0
213 941,1 - 285 075,7	0,0	249508,4	0,0	16,0	88,9	0,0	61,0
285 075,8 - 356 210,6	2,0	320643,2	11,1	18,0	100,0	39,0	100,0

*Дереккөз: авторлармен есептелген

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек бүгінгі күні Маңғыстау, Щучье-Бурабай, Алақөл, Алматы курорттық аймақтар еліміздегі туристердің басым бөлігін қабылдайды, демек туристік объектілер мен жергілікті инфрақұрылымға шектен тыс жүктеме түсуде. Нәтижесінде атаулы курорттық аймақтарда бір қатар экологиялық және басқа да әлеуметтік мәселелер туындауда. Мысалы, Щучье-Бурабай курорттық аймағын қарастырсақ, жаппай туризм нәтижесінде территория ластанып, туристік объектілердің ерекшелігі жоғалып, жылдан жылға тартымдылығы төмендеп бара жатыр.



Сурет –1. Курорттық аймақтар арасында келушілердің бөлінуіне қатысты Лоуренц қисығы*

*авторлармен жасалды

Лоуренц қисығын нақтылау үшін және еліміздің курорттық аймақтар арасында келушілердің тең бөлінбегенін нақтылау үшін Джинни коэффициенті есептелді (кесте 3).

Кесте –3

Джинни коэффициентін есептеуге арналған мәліметтер*

	y_{i-1}	y_i	x_{i-1}	x_i	$(y_i + y_{i-1})$	$(x_i - x_{i-1})$	$(y_i + y_{i-1}) * (x_i - x_{i-1})$
1	0	0,241	0	0,611	0,241	0,611	0,14725
The practical significance of the results of this study lies in the formulation of key areas for developing an effective strategy for the digital transformation of banks: the development of cybersecurity, the use of artificial intelligence, the introduction of digital mortgages, and the strengthening of partnerships with fintech companies and international organizations. In the long term, this will increase the competitiveness of banks and ensure the sustainability of the financial system in the context of the global digital economy.

REFERENCES

1. Aidy S., Roger M. Digital Banking Transformation: Improving Customer Experience and Operational Efficiency // *Journal of Banking & Finance*. – 2021. – № 45(3). – P. 123–136.
2. Rhodes D., Schwartz P. Digital transformation in banking: Impact on business models and risk management // *Journal of Financial Innovation*. – 2021. – № 15(2). – P. 125–140.
3. Шваб К. Четвертая промышленная революция. – М.: Эксмо, 2020. – 208 с.
4. Бекмуханов Н.А., Жакупов К.Т. Цифровизация финансового сектора Казахстана: проблемы и перспективы // *Вестник Финансового университета при Правительстве Российской Федерации*. – 2022. – №24(3). – С. 78–85.
5. Сейтханова Ж.А. Роль ИТ-компаний в цифровизации банковского сектора Казахстана // *Журнал экономики и финансов*. – 2023. – №18(4). – С. 112–120.
6. Аубакирова А. Мобильный банкинг в Казахстане: перспективы и проблемы цифровизации финансового сектора // *Экономика и управление*. – 2022. – №12(2). – С. 88–95.
7. Махмутов И. Цифровизация финансового сектора Казахстана: риски и безопасность // *Банковское дело*. – 2020. – №23(4). – С. 45–52.
8. Vives X. The Impact of Digitalization on the Banking Sector: Opportunities and Challenges // *International Journal of Banking*. – 2020. – № 37(2). – P. 203–218.
9. Анохина А.А., Донская Е.Н. Цифровизация банковских услуг // *Актуальные проблемы современности: наука и общество*. – 2021. – №2. – С. 30–33.
10. Каленов О.Е. Цифровые экосистемы организаций // *Вестник Российского экономического университета имени Г. В. Плеханова*. – 2022. – №19(1). – С. 139–147. – doi: 10.21686/2413-2829-2022-1-139-147.
11. Neves C., Oliveira T., Santini F., Gutman L. Adoption and use of digital financial services: A meta analysis of barriers and facilitators // *International Journal of Information Management Data Insights*. – 2023. – №3. – doi: 10.1016/j.jjimei.2023.100201.
12. Javaheri D., Fahmideh M., Chizari H., Lalbakhsh P., Hur L. Cybersecurity threats in FinTech: A systematic review // *Expert Systems*. – 2023. – doi: 10.1016/j.eswa.2023.122697.

REFERENCES

1. Aidy S., Roger M. Digital Banking Transformation: Improving Customer Experience and Operational Efficiency // *Journal of Banking & Finance*. – 2021. – № 45(3). – P. 123–136.
2. Rhodes D., Schwartz P. Digital transformation in banking: Impact on business models and risk management // *Journal of Financial Innovation*. – 2021. – № 15(2). – P. 125–140.
3. Shvab K. Chetvertaya promyshlennaya revolyutsiya. – M.: Eksmo, 2020. – 208 s [in Russian].
4. Bekmukhanov N., Zhakupov K. Tsifrovizatsiya finansovogo sektora Kazakhstana: problemy i perspektivy // *Vestnik Finansovogo universiteta pri Pravitelstve Rossiyskoy Federatsii*. – 2022. – № 24(3). – S. 78–85 [in Russian].
5. Seytkhanova Zh. Rol' IT-kompaniy v tsifrovizatsii bankovskogo sektora Kazakhstana // *Zhurnal ekonomiki i finansov*. – 2023. – № 18(4). – S. 112–120 [in Russian].
6. Aubakirova A. Mobilnyy banking v Kazakhstane: perspektivy i problemy tsifrovizatsii finansovogo sektora // *Ekonomika i upravleniye*. – 2022. – № 12(2). – S. 88–95 [in Russian].
7. Makhmutov I. Tsifrovizatsiya finansovogo sektora Kazakhstana: riski i bezopasnost // *Bankovskoye delo*. – 2020. – № 23(4). – S. 45–52 [in Russian].
8. Vives X. The Impact of Digitalization on the Banking Sector: Opportunities and Challenges // *International Journal of Banking*. – 2020. – № 37(2). – P. 203–218.
9. Anokhina A., Donskaya Ye. Tsifrovizatsiya bankovskikh uslug // *Aktualnyye problemy sovremennosti: nauka i obshchestvo*. – 2021. – №2. – S. 30–33 [in Russian].
10. Kalenov O. Tsifrovyye ekosistemy organizatsiy // *Vestnik Rossiyskogo ekonomicheskogo universiteta imeni G. V. Plekhanova*. – 2022. – № 19(1). – S. 139–147. – doi: 10.21686/2413–2829–2022–1–139–147. [in Russian].
11. Neves T., Oliveira F., Santini L. Gutman Adoption and use of digital financial services: A meta analysis of barriers and facilitators//*International Journal of Information Management Data Insights*, 3 (2023). – doi:10.1016/j.jjime.2023.100201.
12. Javaheri D., Fahmideh M., Chizari H., Lalbakhsh P., Hur L. Cybersecurity threats in FinTech: A systematic Expert Systems. – doi:10.1016/j.eswa.2023.122697.

Кулубекова А.Ж., Цапова О.А., Смольянинова С.Ф., Кенжебаева З.С.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАНК СЕКТОРЫН ЦИФРЛАНДЫРУ: ҚИЫНДЫҚТАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Аңдатпа

Экономиканың белсенді цифрлық трансформациясы жағдайында Қазақстанның банк секторы оның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне әсер ететін жаңа міндеттер мен мүмкіндіктерге тап болып отыр. Бұл мақалада банк секторын цифрландырудың негізгі аспектілері, сондай-ақ оның несиелік ұйымдардың экономикалық қауіпсіздігі мен қаржылық тұрақтылығына әсері қарастырылған. Негізгі назар цифрлық технологиялардың банктердің стратегиялық дамуына, тәуекел құрылымына, клиенттердің мінез-құлық үлгілеріне және бәсекелестік ортаға әсерін талдауға бағытталған.

Салыстырмалы талдау, логикалық жалпылау, жүйелік және құрылымдық тәсілдер әдістерін пайдалана отырып, банк секторын цифрландырудың халықаралық тәжірибесі де, Қазақстандағы цифрлық бастамаларды дамыту ерекшеліктері де талданды. Сандық платформаларды, мобильді банкінгі, жасанды интеллектті, Big Data жүйелерін және блокчейн технологияларын енгізу тәжірибесіне ерекше назар аударылады.

Зерттеу банк ісін түрлендіруге түрткі болатын негізгі цифрлық үрдістерді анықтады және цифрландыру қаржылық инклюзияны, ішкі процестерді оңтайландыруды және клиенттердің қанағаттануын қалай арттыратынын көрсетті. Сонымен бірге, назар цифрлық трансформацияға байланысты тәуекелдерге, соның ішінде киберқауіпсіздікке қауіп-қатерлерге, құқықтық және реттеуші мәселелерге, сондай-ақ әлеуметтік және этикалық аспектілерге аударылады.

Талдау негізінде цифрландыру жағдайында банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірленді, оның ішінде мемлекеттік саясатты жетілдіру, тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйелерін енгізу, кадрлық ресурстарды дамыту қажет. Алынған нәтижелердің практикалық маңызы бар және олар Қазақстанның банк секторының тұрақты дамуының стратегияларын қалыптастыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Кулубекова А.Ж., Цапова О.А., Смольянинова С.Ф., Кенжебаева З.С.

ЦИФРОВИЗАЦИЯ БАНКОВСКОГО СЕКТОРА КАЗАХСТАНА: ВЫЗОВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ

Аннотация

В условиях активной цифровой трансформации экономики банковский сектор Казахстана сталкивается с новыми вызовами и возможностями, влияющими на его устойчивость и безопасность. В настоящей статье рассмотрены ключевые аспекты цифровизации банковской сферы, а также её воздействие на экономическую безопасность и финансовую устойчивость кредитных организаций. Основное внимание уделено анализу влияния цифровых технологий на стратегическое развитие банков, структуру рисков, клиентские модели поведения и конкурентную среду.

С использованием методов сравнительного анализа, логического обобщения, системного и структурного подходов проанализированы как международный опыт цифровизации банковского сектора, так и особенности развития цифровых инициатив в Казахстане. Особое внимание уделено практикам внедрения цифровых платформ, мобильного банкинга, искусственного интеллекта, систем Big Data и блокчейн-технологий.

В результате проведенного исследования выявлены основные цифровые тренды, определяющие трансформацию банковской деятельности, а также показано, каким образом цифровизация способствует росту финансовой инклюзии, оптимизации внутренних процессов и повышению уровня клиентской удовлетворённости. В то же время акцентируется внимание на рисках, сопровождающих цифровую трансформацию, включая угрозы кибербезопасности, правовые и регуляторные вызовы, а также социальные и этические аспекты.

На основе анализа выработаны рекомендации по обеспечению устойчивости банковского сектора в условиях цифровизации, включая необходимость совершенствования государственной политики, внедрения комплексных систем управления рисками, а также развития кадрового потенциала. Полученные результаты обладают практической значимостью и могут быть использованы для формирования стратегий устойчивого развития банковской сферы в Казахстане.



М.Ж. Тұрсымбаева*, э.ғ.к., қауым.профессор¹

А.Ж. Жолмуханова, э.ғ.к., профессор²

М.Ж. Нүркенова, PhD, доцент м.а.³

А.Сабыржан, э.ғ.к., профессор⁴

Астана халықаралық университеті,

Астана қ., Қазақстан¹

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

КеАҚ, Астана қ., Қазақстан²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан³

Е.А Букетов атындағы Қарағанды университеті,

Қарағанды қ., Қазақстан⁴

*негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: tursumbayeva_m@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГТІҢ ДАМУЫН ТАЛДАУ

Мақалада Қазақстан Республикасының аграрлық секторында маркетингтік кешен элементтерінің (өнім, баға, өткізу, жылжыту) қолданылу деңгейі мен цифрлық маркетинг құралдарының енгізілуі қарастырылды. Зерттеу Алматы, Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарының ауыл шаруашылығы құрылымдары мен нарықтық тетіктерінің ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілді. Өңірлік айырмашылықтар негізінде маркетингтік басқару тәжірибесінің даму деңгейін бағалау және аграрлық цифрлық шешімдердің таралу аясын талдау көзделді.

Зерттеу барысында салыстырмалы-талдау, жүйелі және мазмұндық талдау әдістері қолданылды. Ресми статистикалық деректер, отандық және халықаралық ғылыми жарияланымдар, сала мамандарының тәжірибесі негізге алынды. Әдебиетке шолу барысында маркетингтік стратегиялар мен цифрлық трансформацияның ауыл шаруашылығына әсері сипатталды.

Талдау нәтижесінде Алматы облысында фермерлердің әлеуметтік желі мен тікелей сауда арқылы цифрлық маркетингке ішінара көше бастағаны, Түркістан облысында маркетингтік құралдарды қолданудың төмен деңгейі, ал Солтүстік Қазақстанда өндірістік цифрландыру қарқыны жоғары болғанымен, тұтынушыға бағытталған маркетингтің жеткіліксіздігі анықталды. Барлық өңірлер үшін ұсақ шаруашылықтардың кооперацияға бірікпеуі, сақтау және логистикалық инфрақұрылымның әлсіздігі, маркетингтік білім мен цифрлық дағдылардың тапшылығы ортақ түйткіл ретінде танылды.

Зерттеу қорытындысында аграрлық секторда маркетингтік басқару сапасын арттыру және цифрлық технологияларды енгізу бойынша ұсыныстар берілді. Бұл ұсыныстар саланың бәсекеге қабілеттілігін көтеруге және агробизнес субъектілерінің нарықтағы тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Кілт сөздер: аграрлық маркетинг, маркетингтік кешен, цифрлық маркетинг, ауыл шаруашылығы, өңірлік талдау, Алматы облысы, Түркістан облысы, Солтүстік Қазақстан.

Ключевые слова: аграрный маркетинг, маркетинговый комплекс, цифровой маркетинг, сельское хозяйство, региональный анализ, Алматинская область, Туркестанская область, Северо-Казakhstan.

Keywords: agricultural marketing, marketing complex, digital marketing, agriculture, regional analysis, Almaty region, Turkestan region, North Kazakhstan region..

JEL classification: D4

Кіріспе. Қазақстан Республикасының аграрлық секторы елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге маңызды орын алады. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығындағы өндірістік көлемнің артуына қарамастан, нарықтық механизмдердің, соның ішінде маркетингтік басқару құралдарының жеткілікті деңгейде қолданылмауы агробизнес субъектілерінің тиімділігін шектеп отыр. Аграрлық тауар өндірушілер көбіне тек өндірістік үдерісті ұйымдастырумен шектеліп, нарықты зерттеу, өнімді бейімдеу, баға стратегиясын құру және жылжыту сияқты маркетингтік аспектілерді назардан тыс қалдыруда. Бұл әсіресе ұсақ шаруашылықтар мен шағын фермерлік құрылымдарда айқын байқалады.

Ауыл шаруашылығында маркетингтік құралдарды тиімді пайдалану – өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен ішкі және сыртқы нарықтарға шығудың басты шарты. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың дамуымен бірге аграрлық маркетингтің жаңа формалары – әлеуметтік желілер арқылы жарнама, онлайн-сауда платформалары мен электронды ақпараттық жүйелер – кең қолданыс таба бастады. Бұл үрдіс аграрлық секторда маркетингтік трансформацияның өзектілігін арттырып отыр.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – агросекторда маркетинг пен цифрлық құралдарды аймақтық талдау. Зерттеу міндеттері ретінде:

- маркетингтік құралдардың (өнім, баға, өткізу, жылжыту) қолдану ерекшеліктерін аймақтық деңгейде сипаттау;
- цифрлық маркетинг элементтерінің аграрлық құрылымдарда енгізілу деңгейін анықтау;
- маркетингтік басқару мен цифрлық шешімдерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу қарастырылды.

Зерттеу барысында жүйелі және салыстырмалы талдау әдістері, сондай-ақ мазмұндық талдау тәсілі қолданылды. Материал ретінде ресми статистикалық деректер, отандық және шетелдік ғылыми жарияланымдар, агроөнеркәсіптік саладағы тәжірибелік деректер пайдаланылды.


Зерттеу нәтижелері аграрлық сектордағы маркетингтік мүмкіндіктерді кеңейту жолдарын көрсетіп, аймақтық даму стратегияларын жетілдіруге ықпал етуге бағытталған.

Әдебиеттік шолу. Аграрлық секторда маркетингтік басқару жүйесінің қалыптасуы мен тиімді жұмыс істеуі – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің нарықтағы тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Соңғы жылдары агромаркетинг мәселелері халықаралық және отандық зерттеушілердің назарында. Соңғы жылдары жарияланған еңбектерде агробизнесегі маркетингтік кешеннің барлық элементтерін жүйелі қолданудың артықшылықтары атап өтілген [1]. Мысалы, Ахмедьяров Е [2] Қазақстандағы агросекторда цифрлық маркетинг құралдарының қолданылуы ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу тиімділігін арттыратынын көрсетті. Сонымен қатар, фермерлердің әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы бірігуі өндіріс өнімділігіне оң әсер ететінін дәлелденген [1].

[3,4] еңбектерде аграрлық құрылымдарда маркетинг стратегияларының әлсіздігі, кооперацияның төмендігі мен ақпараттық теңсіздік негізгі кедергілер ретінде сипатталады. Бұл зерттеулер фермерлердің баға белгілеу мен өткізу нарығын таңдау мүмкіндіктері шектеулі екенін, ал маркетингтік құралдарды қолдану көбіне ірі шаруашылықтармен шектелетінін атап өтеді. Сонымен бірге, цифрлық инфрақұрылымның дамуы маркетингтік шешімдер қабылдауды жеңілдететіні, алайда бұл құралдардың ауылдық жерлерде жеткілікті деңгейде қолданылмай отырғаны айтылады.

Әдеби шолуда қарастырылған еңбектер зерттеу гипотезасын негіздеуге мүмкіндік береді: Қазақстанның аграрлық секторында маркетингтік кешен мен цифрлық маркетинг құралдары өңірлік сипатқа ие, олардың қолданылу деңгейі аймақтық инфрақұрылым мен шаруашылық құрылымына байланысты әртүрлі. Алайда, қазіргі зерттеулерде өңірлік салыстырмалы талдауға жеткілікті назар аударылмаған. Осы себепті нақты аймақтар (Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан) аясында агромаркетинг құралдарының қолданылу ерекшеліктерін талдау қажеттілігі туындайды. Бұл аграрлық саясат пен аймақтық даму стратегияларын нақтылауға негіз бола алады.

Негізгі бөлім. Қазақстанның үш өңіріндегі – Алматы, Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы аграрлық кәсіпорындарда маркетингтік кешеннің негізгі элементтерін қолдану ерекшеліктері талдауда бес негізгі құрал бойынша – өнім, баға, өткізу, жылжыту және цифрлық маркетинг – әр өңірдің көрсеткіштері 0–10 шкала бойынша сараланып, салыстырмалы түрде бағаланды.



Сурет – 1. Маркетинг құралдарын қолдану деңгейінің салыстырмалы талдауы

* [5] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Алматы облысында маркетинг құралдары орташа деңгейде қолданылатыны байқалды. Өнім саясаты бойынша ассортиментті әртараптандыру, органикалық өнімдерге көшу және брендтеудің жекелеген мысалдары бар. Баға белгілеу көбіне нарық конъюнктурасына тәуелді, дегенмен ірі шаруашылықтар супермаркеттермен келісімге отырып, баға тұрақтылығына ұмтылуда. Өткізу арналары ретінде дәстүрлі көтерме базарлар, кооперативтер және бөлшек сауда желілері қолданылады [6]. Цифрлық маркетинг бойынша тұтынушылармен тікелей байланыс, әлеуметтік желілерде өнім жарнамалау үрдісі дамып келеді

Түркістан облысында маркетингтік кешен элементтері ең төмен деңгейде қолданылып отырғаны анықталды. Фермерлердің өнім ассортименті шектеулі, баға нарық арқылы анықталып, делдалдарға тәуелділік жоғары. Өткізу арналары да дәстүрлі – маусымдық сату мен делдалдық сауда үстем. Жарнама мен өнім жылжыту мүлдем дерлік қолданылмайды. Цифрлық құралдар тек ақпарат алмасу мен мессенджерлік чаттар деңгейінде ғана қолданылады [7].

Солтүстік Қазақстан облысында маркетингтік мүмкіндіктер жоғарырақ. Өнім саясаты біршама әртараптандырылған, баға мен өткізу процестері ірі трейдерлермен келісімшарт негізінде реттеледі. Астық пен майлы дақылдардың экспорттық логистикасы жақсы жолға қойылған. Жылжыту мен брендтеу әлсіз дамығанымен, цифрлық технологиялар өндіріс пен саудада біртіндеп еніп келеді – әсіресе B2B форматында (электронды қойма куәлігі, тауар биржасы) [5].

Жоғарыдағы диаграмма зерттелген өңірлер арасындағы маркетинг құралдарын қолдану құрылымындағы айырмашылықтарды нақты көрсетеді. Түркістан облысы барлық көрсеткіштер бойынша төменде орналасса, Солтүстік Қазақстан облысы – баға мен өткізу тетіктерін басқаруда алда. Алматы облысы – цифрлық маркетинг пен өнім жылжытуда салыстырмалы түрде белсендірек.

Алматы облысы – аграрлық әлеуеті жоғары, мегаполиске жақын орналасқан аймақ. Өңірде көкөніс, сүт, жеміс-жидек, қант қызылшасы мен ет өндіру кең дамыған. Шаруашылық құрылымы – ұсақ және орта фермерлер басым.

- Өнім саясаты: өнімді әртараптандыру байқалады – соя, органикалық егіншілік, жүзім өсіру қолға алынған. Алайда терең өңдеу, бренд қалыптастыру көбіне ірі шаруашылықтармен шектеледі.

- Баға: маусымдық ауытқулар мен делдалдардың үстемдігі баға саясатын әлсіретеді. Сақтау инфрақұрылымының жетіспеуі табысты азайтады.

- Өткізу арналары: негізгі нарық – Алматы қаласы. Өнім базарлар арқылы өтеді, супермаркетпен тікелей жұмыс істейтіндер аз, кооперация енді ғана дамып келеді.

- Жылжыту және цифрлық құралдар: әлеуметтік желілерде жарнама, онлайн тапсырыс алу белең алып келеді. Фермерлер WhatsApp, Instagram арқылы тұтынушымен тікелей байланыс орнатуда.

Түркістан облысы – халық ең тығыз орналасқан, суармалы егіншілік жақсы дамыған өңір. Негізгі өнімдер – мақта, қауын-қарбыз, көкөніс, жылыжайлар.

- Өнім саясаты: жоғары мамандану (мақта, бақша дақылдары). Өнім түрлері шектеулі, кооперация жоқтың қасы, стандарттау мен брендтеуде қиындық бар.

- Баға: фермерлер бағаға әсер ете алмайды, маусым кезінде өнім өтпей қалуы мүмкін. Келісімшарттық егіс сирек. Қарбыз бағасы маусымға байланысты құбылады.

- Өткізу арналары: өнімнің көбі солтүстікке және Ресейге жіберіледі. Экспорт делдалдар арқылы іске асады. Ішкі нарық – Шымкент. Тікелей сату сирек, логистика қымбат.

- Жылжыту және цифрлық маркетинг: жарнама дерлік жоқ. WhatsApp топтары тек кеңесу үшін қолданылады. 2023 жылы электронды сауда орталығын іске қосу жоспарланған.

Солтүстік Қазақстан облысы – Қазақстанның негізгі астықты өңірі, сонымен қатар сүт, майлы дақыл өндірісі дамыған. Ірі агрохолдингтер мен орта шаруашылықтар басым.

- Өнім саясаты: дәстүрлі бидаймен қатар зығыр, рапс, жасымық сияқты дақылдар өсіріледі. Сүт фермалары бренд жасауға бет бұруда («ЕСИЛЬ» ірімшігі мысалы).

- Баға: фермерлер бағаны бақылауға тырысады – өнімді сақтау арқылы нарықты күтіп сатады. Мемлекеттік интервенция (астық сатып алу) қолданылады.

- Өткізу арналары: элеваторлар мен экспорттық логистика жүйелі. Негізгі нарық – Ресей мен Қытай. Сүт өткізу кооператив арқылы іске асады [6].

- Жылжыту және цифрлық құралдар: өнім жарнамасы жоқтың қасы. B2B қатынастар басым. Дәлме-дәл егіншілік, онлайн платформа (Wexporth) қолдану кең тарауда [8].

Үш өңірдің жағдайын талдай келе қысқаша салыстырмалы сипаттаманы кесте түрінде келтіруге болады:

Өңірлік көрсеткіштер	Алматы облысы	Түркістан облысы	Солтүстік Қазақстан облысы
Ауыл шаруашылығы құрылымы	Орта және ұсақ шаруа қожалықтары, әртараптандырылған өндіріс (мал, егін, бақша). Қала нарығына жақын орналасқан.	Өте ұсақ ұжымдар, маманданған дақылдар (мақта, бақша), суармалы егіншілік. Халық тығыз, еңбек ресурсы арзан.	Ірі егіншілік шаруашылықтары (астық, майлы дақылдар), бірнеше мың гектарлық холдингтер. Мал фермалары ірі. Халық сирек.
Негізгі өнімдер	Сүт, көкөніс, жеміс, жүгері, қант қызылшасы, ет (қой, сиыр).	Мақта, қауын-қарбыз, көкөніс, жүзім, мақсары, ұсақ мал еті.	Бидай, арпа, зығыр, күнбағыс, рапс, картоп, сүт, сиыр еті.
Нарықтық бағдар	Алматы қ. және облыс ішкі нарығы, ішінара экспорт (Қырғызстанға жеміс, Қытайға май).	Республика ішіне (солтүстікке) және Ресейге бақша экспорты; мақта толық шетелге; Шымкент нарығы ішкі тұтыным.	Негізінен экспорт (астық, майлы дақылдар – Ресей, Қытай, Орт Азия), ішкі нарықта ірі қалаларға (ұн, картоп).
Маркетингтік құралдар қолдану	Төмен–орташа: Бірқатар кооперативтер мен фирмалар 4Р	Өте төмен: Нарыққа бейімделу әлсіз, делдалға тәуелді. Баға	Орташа: Ірі құрылымдар кәсіпқой маркетингке жақын (нарықты

деңгейі (жиынтық баға)	элементтерін қолданады (брендті орау, супермаркетпен жұмыс, әлеуметтік желі жарнамасы), бірақ көпшілік шағын фермерлер дәстүрлі әдісте.	мен өткізуге ықпалы аз, өнім брендтеуі жоқ. Жылжыту шаралары тек фестиваль деңгейінде.	зерттеу, сақтау, сату уақытын таңдау). Баға стратегиясы бар. Бірақ тұтынушы нарығына тікелей жарнама жоқ, B2B деңгейіндегі маркетинг.
Цифрлық маркетинг қолданылуы	Әлеуметтік желілерде фермерлік топтар белсенді, қала тұтынушысына тікелей сату басталуда. Онлайн тапсырыс, OLX сайты қолдану бар.	Әлеуметтік желі негізінен ақпарат алмасу үшін. Тікелей онлайн сату өте сирек. Цифрлық платформалар енді жоспарлануда (сауда орталығы).	Өндірісті цифрландыру жоғары (GPS, дрон). Маркетингте онлайн B2B платформалар пайдаланылуда (аз көлемде). Фермерлер ақпараттық сайттарды, форумдарды пайдаланады.
Негізгі түйткілдер	Ұсақ өндірушілердің бытыраңқылығы, сақтау инфрақұрылымының жетіспеуі, маусымдық артық ұсыныс, баға құлдырауы. Маркетингтік білімнің аздығы.	Делдалдық үстемдік, кооперацияның жоқтығы, фермер табысы төмен. Экспорттық рәсімдерді ұсақ фермер атқара алмайды. Бағаның құбылуы.	Шикізат экспортына тәуелділік, қосылған құн сыртта қалып қоюы. Астыққа әлемдік бағалар әсері. Нарық әріптестерінің шектелуі.

* [3,5,8] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Кестеден көрінгендей, маркетингтік құралдарды қолдану деңгейі барлық өңірде толыққанды емес. Барлық өңірге ортақ мәселе – қосылған құнның төмендігі мен маркетингтік сауаттың жеткіліксіздігі.

Қазақстанның аграрлық секторында маркетинг қағидаттарының енді қалыптасып келе жатқанын көруге болады. Дәстүрлі 4P кешенінің элементтері ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жүйесіз қолданылуда: өндірушілердің көпшілігі үшін баға нарықта сырттай анықталады, өнім көбіне шикізат күйінде сатылады, өткізу делдалдар арқылы жүреді, ал жылжыту іс-шаралары өте шектеулі. Бұл барлық үш өңірде ортақ мәселе болғанымен, әрқайсысында өзіндік ерекшеліктері анықталды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері мынадай қорытындылар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді:

Аграрлық сектордағы маркетингтік басқаруды жетілдіру мақсатында шаруашылық деңгейінде маркетингтік жоспарлау мәдениетін енгізу қажеттілігі туындап отыр. Орта және ірі агроөнеркәсіптік кәсіпорындарда арнайы маркетинг бөлімінің немесе осы бағытта жауапты мамандардың болуы маңызды. Бұл құрылым нарықты зерттеу, өнім ассортиментін қалыптастыру, баға саясатын басқару және өткізу арналарының тиімділігін арттыру міндеттерін атқаруы тиіс. Сонымен қатар, шағын фермерлік шаруашылықтар үшін аудандық деңгейде кеңес беру және ақпараттық қолдау көрсететін маркетингтік орталықтар құру ұсынылады. Мемлекеттік мекемелер мен салалық ұйымдар тарапынан фермерлерге маркетингтің негіздері бойынша оқыту бағдарламаларын кеңейту қажеттілігі байқалады.

Кооперация және кластерлер құру. Агроөнеркәсіптік кешенде ұсақ тауар өндірушілердің интеграциясын қамтамасыз ету олардың нарықтағы келіссөздік күшін арттыруға мүмкіндік береді. Түркістан облысында өнімдік кооперативтердің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету өзекті мәселе болып табылады. Кооперативтер арқылы бірігіп сату, сақтау және тасымалдау шаралары

фермерлердің табысын арттыруға ықпал етеді. Мысалы, бақша шаруашылығымен айналысатын фермерлердің бірлестігі өздерінің сауда фирмасын құрып, өнімдерін делдалсыз экспорттау мүмкіндігін қарастыруы қажет. Солтүстік Қазақстан өңірінде астық өндірушілердің бірігуі арқылы ұн немесе дайын жем экспортына бағытталуы қосылған құнды арттырады. Алматы облысында логистикалық кооперация (бірлескен тасымалдау және сақтау) агроөнеркәсіптік сектордың тиімділігін арттыратын фактор болмақ. Сонымен қатар, әр өңірде агроөнеркәсіптік кластерлерді дамыту стратегиясы жетекші салаларға бағытталуы тиіс. Бұл бағытта мемлекет тарапынан шаралар жүзеге асуда, алайда әлі де жетілдіру жұмыстарын қажет етеді

Маркетингтік инфрақұрылымды дамыту. Аграрлық сектордың маркетингтік әлеуетін кеңейту үшін қажетті инфрақұрылымды қалыптастыру маңызды. Бұл тұрғыда сақтау қоймалары, көтерме сауда орталықтары, логистикалық жүйелер және электронды сауда платформалары ерекше рөл атқарады. Алматы және Түркістан облыстарында сақтау қоймаларының тапшылығы маусымаралық баға тұрақсыздығына алып келетін басты факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан осы өңірлерде заманауи қойма инфрақұрылымын дамыту фермерлердің өнімдерін тиімді нарықтық бағамен сатуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда салынып жатқан көтерме-тарату орталықтарын белгіленген мерзімде аяқтау және олардың тиімді басқарылуын қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр. Бұл орталықтар маркетингтік қағидаты бойынша жұмыс істеп, фермерлер мен сатып алушылар арасындағы өзара байланысқа жағдай жасауы тиіс. Электронды сауда жүйесін дамыту мақсатында әрбір орталықтың веб-платформасын құру ұсынылады, мұнда фермерлер өнім партияларын тіркеп, сатып алушылар оларды тікелей сатып алу мүмкіндігіне ие болады. Солтүстік Қазақстан өңірінде электронды қойма куәліктерінің айналымын жетілдіру және экспорттық онлайн аукциондарды ұйымдастыру электронды сауда механизмдерін кеңінен енгізу бағытында маңызды қадам болмақ.

Цифрлық маркетинг. Ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды тек өндірістік үдерістерде ғана емес, маркетингтік құралдар ретінде де пайдалану қажеттілігі байқалады. Осыған байланысты фермерлерге арналған ұлттық онлайн-платформаны әзірлеу ұсынылады [9,10]. Бұл платформа арқылы фермерлер өз өнімдерін жүктеп, тұтынушылар (дүкендер, өңдеу кәсіпорындары, экспорттаушылар) тікелей тапсырыс бере алады. Аталған бастама Қазақстанда әлі толық жүзеге аспаған тауашалардың бірі болып табылады және оны мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында іске асыру орынды. Сонымен қатар, фермерлерді цифрлық маркетинг құралдарын тиімді пайдалануға үйрету мақсатында арнайы бағдарламаларды ұйымдастыру қажет. Әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы фермерлердің онлайн қауымдастықтарын дамыту олардың нарықпен байланысын күшейтуге мүмкіндік береді. Мысалы, Facebook платформасында ауыл шаруашылығына арналған арнайы топтарды модерациялау арқылы сенімді сатып алушылар мен сатушылардың өзара әрекеттесуін реттеуге болады.

Өнім сапасы және брендтеу. Маркетингтік стратегияның маңызды аспектілерінің бірі – өнімнің сапалық сипаттамаларын жетілдіру және оны нарық талаптарына сәйкестендіру. Өңірлік өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін сертификаттау жүйесін жетілдіру, органикалық және халал стандарттарды жетілдіру қажет. Алматы облысында өндірілетін бал мен жеміс-жидектер, Түркістан облысының қауын-қарбызы, Солтүстік Қазақстан өңірінің ұны – олардың барлығы жеке бренд ретінде қалыптастырылуы маңызды. Әрбір өңір өзінің аймақтық брендинг стратегиясын әзірлеп, агроөнімдерін нарықта тиімді таныстыру шараларын жүйелі түрде іске асыруы ұзақ мерзімді перспективада қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстанның аграрлық секторында маркетингтік құралдарды қолдану қарқынды дамып келе жатқанымен, оның әлеуеті толыққанды іске асырылмаған. Ауыл шаруашылығында нарықтық механизмдердің тиімділігін арттыру үшін институционалдық өзгерістер қажет, сонымен қатар фермерлер арасында бизнес-ойлау мәдениетін қалыптастыру маңызды. Цифрлық технологиялар бұл үдерістің негізгі катализаторы бола алады, себебі олар ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етіп, нарықтағы байланыстарды жеделдетуге және жаңа өткізу арналарына жол ашуға мүмкіндік береді. Мемлекет пен салалық ұйымдардың негізгі міндеті – осы процесті қолдау, қажетті білім беру бағдарламалары мен инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып жүргізілген сараланған маркетингтік саясат жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді деп ойлаймыз. Яғни, оңтүстік өңірлерде – кооперация және экспорттық логистиканы дамыту, оңтүстік-шығыста – сақтау және өңдеу процестерін жетілдіру, солтүстікте – терең өңдеу және

брендтеуді дамыту стратегиялық тұрғыда басым бағыттар ретінде қарастырылуы тиіс. Аграрлық сектордағы маркетингтік және цифрлық трансформацияны тереңдету Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, оның жаһандық нарықтағы орнын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Kurbanov Z., Tadjiev A., Djanibekov N., Akramkhanov A., Govind A. Farmers' participation in messenger-based social groups and its effects on performance in irrigated areas of Kazakhstan and Uzbekistan // *Agribusiness*. – 2024. – №4 – P. 1–14 – doi: 10.1002/agr.21995
2. Akhmedyarov Y. Agricultural market digitalization in Kazakhstan // *Economics, Ecology, Socium*. – 2019. – №4(3). – P. 19–27. – doi: 10.31520/2616-7107/2019.3.4-1.
3. Gabdualiyeva R., Melekova A., Jakupova A., & Bazarova B. Digitalization of the agricultural sector in Kazakhstan // *BIO Web of Conferences*. – 2024. – №86. – 5038 p. – doi: 10.1051/bioconf/20248605038
4. Kozhanova N. Kazakhstan's agro industry goes digital. - URL: <https://astanatimes.com/2019/04/kazakhstans-agro-industry-goes-digital/>
5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты.- URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa?lang=kk>
6. Алматы облысының шаруаларымен ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру мәселелері талқыланды. - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/681505?lang=kk>
7. Melons from Turkestan start export to Russia. – URL: freshplaza.com
8. В Казахстане создается реестр информресурсов для фермеров .- URL: eldala.kz
9. Азатбек Т., Жанбозова А. Применение электронной коммерции для реализации потенциала производителей продовольственной продукции Казахстана // *Экономическая серия Вестник ЕНУ имени Л.Н. Гумилева*. – 2023. – №2. – С. 11–22. – <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2022-2-11-22>
10. Digitalisation in Kazakhstan's agriculture sector can support global food security efforts. – URL: <https://emerging-europe.com/opinion/digitalisation-in-kazakhstans-agriculture-sector-can-support-global-food-security-efforts/>

REFERENCES

1. Kurbanov Z., Tadjiev A., Djanibekov N., Akramkhanov A., Govind A. Farmers' participation in messenger-based social groups and its effects on performance in irrigated areas of Kazakhstan and Uzbekistan // *Agribusiness*. – 2024. – № 4 – P. 1–14 – doi: 10.1002/agr.21995
2. Akhmedyarov Y. Agricultural market digitalization in Kazakhstan // *Economics, Ecology, Socium*. – 2019. – № 4(3). – P. 19–27. – doi: 10.31520/2616-7107/2019.3.4-1.
3. Gabdualiyeva R., Melekova A., Jakupova A., & Bazarova B. Digitalization of the agricultural sector in Kazakhstan // *BIO Web of Conferences*. – 2024 – № 86. – 5038 p. – doi: 10.1051/bioconf/20248605038
4. Kozhanova N. Kazakhstan's agro industry goes digital. - URL: <https://astanatimes.com/2019/04/kazakhstans-agro-industry-goes-digital/>
5. Qazaqstan Respublikasy Aul Sharuwashylygy Ministriliginiń resmi saity [Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan official website]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa?lang=kk> [in Kazakh]
6. Almaty oblysynyń sharwalarymen aul sharuwashylygy kooperativterin qurw mäsäleleri talqylandy [Issues of establishing agricultural cooperatives were discussed with farmers in Almaty region]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/681505?lang=kk> [in Kazakh]
7. Melons from Turkestan start export to Russia. – URL: freshplaza.com
8. Qazaqstanda fermerler úshin informresurstar reestri qúrylwda [A register of information resources for farmers is being created in Kazakhstan]. – URL: eldala.kz [in Kazakh]
9. Azatbek T., Zhanbozova A. Primenenie jelektronnoj kommercii dlja realizacii potenciala proizvoditelej prodovol'stvennoj produkcii Kazahstana [The use of e-commerce to realize the potential of food producers in Kazakhstan]// *Jekonomicheskaja serija Vestnik ENU imeni L.N. Gumileva*. – 2023. – №2. – S. 11–22. – <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2022-2-11-22> [in Russian]

10. Digitalisation in Kazakhstan's agriculture sector can support global food security efforts. – URL: <https://emerging-europe.com/opinion/digitalisation-in-kazakhstans-agriculture-sector-can-support-global-food-security-efforts/>

Турсумбаева М.Ж., Жолмуханова А.Ж., Нуркенова М.Ж., Сабыржан А.

АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ МАРКЕТИНГА В АГРАРНОМ СЕКТОРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье рассматривается уровень применения элементов маркетингового комплекса (продукт, цена, распределение, продвижение) и внедрение инструментов цифрового маркетинга в аграрном секторе Республики Казахстан. Исследование проводилось с учётом особенностей сельскохозяйственных структур и рыночных механизмов Алматы, Туркестанской и Северо-Казахстанской областей. Целью было оценить уровень развития практики маркетингового управления и проанализировать распространение аграрных цифровых решений на основе региональных различий.

В ходе исследования использовались сравнительно-аналитический, системный и контент-анализ. Были проанализированы официальные статистические данные, отечественные и международные научные публикации, а также опыт специалистов отрасли. В обзоре литературы описано влияние маркетинговых стратегий и цифровой трансформации на сельское хозяйство.

Результаты анализа показали, что в Алматинской области фермеры начали частично переходить к цифровому маркетингу через социальные сети и прямые продажи; в Туркестанской области уровень использования маркетинговых инструментов остаётся низким; в Северо-Казахстанской области, несмотря на высокий темп производственной цифровизации, наблюдается недостаток маркетинга, ориентированного на потребителя. Общими проблемами для всех регионов являются отсутствие кооперации между мелкими хозяйствами, слабая складская и логистическая инфраструктура, нехватка маркетинговых знаний и цифровых навыков.

В заключение исследования представлены рекомендации по повышению качества маркетингового управления и внедрению цифровых технологий в аграрном секторе, направленные на повышение конкурентоспособности отрасли и обеспечение устойчивости субъектов агробизнеса на рынке.

Tursumbayeva M., Zholmukhanova A., Nurkenova M., Sabyrzhan A.

ANALYSIS OF THE DEVELOPMENT OF MARKETING IN THE AGRICULTURAL SECTOR OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Annotation

The article examines the application level of marketing mix elements (product, price, place, promotion) and the implementation of digital marketing tools in the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan. The study was conducted considering the characteristics of agricultural structures and market mechanisms in the Almaty, Turkestan, and North Kazakhstan regions. The aim was to assess the development level of marketing management practices and analyze the dissemination of agricultural digital solutions based on regional differences.

The research employed comparative analysis, systematic analysis, and content analysis methods. Official statistical data, domestic and international scientific publications, and industry experts' experiences were analyzed. The literature review described the impact of marketing strategies and digital transformation on agriculture.

The analysis results indicated that in the Almaty region, farmers have begun partially transitioning to digital marketing through social media and direct sales; in the Turkestan region, the usage level of marketing tools remains low; in the North Kazakhstan region, despite a high rate of production digitalization, there is a lack of consumer-oriented marketing. Common issues across all regions include the absence of cooperation among small farms, weak storage and logistics infrastructure, and a shortage of marketing knowledge and digital skills.

The study concludes with recommendations to improve the quality of marketing management and implement digital technologies in the agricultural sector, aimed at enhancing the industry's competitiveness and ensuring the stability of agribusiness entities in the market.

Р. Шоқан*, э.ғ.к., қауым.профессор¹

Г.К. Абдраманова, э.ғ.к., доцент м.а.¹

З.С. Темиралиева, аға оқытушы¹

М.Т. Сырлыбасва, магистр, аға оқытушы²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Астана қ., Қазақстан¹

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,

Алматы қ., Қазақстан²

*- негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: roza-shokan@mail.ru

ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІН ТАЛДАУ

Мақалада туристік саланың экономикаға тигізетін әсері қарастырылған. Туризм- әлемдік шаруашылықта жылдам өсіп келе жатқан және әлеуметтік, экономикалық, мәдени салаларға ықпалы басым сфералардың қатарына жатады. Туристік саланың дамуы қонақ үй бизнесі, қоғамдық тамақтандыру, көлік-тасымалдау инфрақұрылымы сияқты байланысты сфералардың дамуына негіз болады. Туризм мемлекеттегі кірістердің ұлғаюына ғана емес елдің жалпы экономикалық өсуіне де әсер ететін макроэкономикалық факторға айналуға.

Мақалада Қазақстан Республикасындағы туризмнің негізгі даму көрсеткіштеріне нақтырақ туризм салаларында құрылған жалпы қосылған құн және оның жалпы ішкі өнімдегі үлесіне; орналастыру, тамақтану, ойын-сауық және демалыс салаларындағы негізгі капиталға салынған инвестицияларға; кіру, жығу және ішкі туризм түрлеріне қатысты тұтыну көрсеткіштеріне және еңбек нарығындағы жалпы жұмысбастандылық пен туризм салаларындағы жұмыспен қамтылу көрсеткіштерінің 2003-2022 жылдар аралығындағы өзгерістеріне салыстырмалы талдау жасалған. Зерттеуде сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларына, 2023-2029 жылдарға арналған туризмді дамыту тұжырымдамасына, сондай-ақ Дүниежүзілік саяхат және туризм кеңесінің (WTTC) есептеріне және осы тақырыптың шеңберінде жазылған шетелдік және отандық авторлардың еңбектеріне назар аударылған. Жұмыста жалпылау, жіктеу, абстрактілі-логикалық, жүйелік және салыстырмалы талдау әдістері қолданыс тапты.

Кілт сөздер: экономика, туризм, сала, инвестиция, инфрақұрылым, жұмысбастандылық, жалпы ішкі өнім, тұтыным, туристік ағын.

Ключевые слова: экономика, туризм, сфера, инвестиции, инфраструктура, занятость, валовой внутренний продукт, потребление, туристический поток.

Keywords: economy, tourism, sector, investment, infrastructure, employment, gross domestic product, consumption, tourist flow.

JEL classification: L83, O14, Z 3, Z30, Z32

Кіріспе. Туризм- елдердің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуында маңызды рөл атқарады және туристік саланы дамытудың өзектілігін бірнеше фактормен байланыстыруға болады. Біріншіден, туризмнің экономикалық маңызына тоқталсақ. Туризм- бірқатар елдерде жұмыс орындарын ашуға, инвестиция тартуға ықпал етіп, ішкі жалпы өнімінің маңызды бөлігін құрауда. Қонақжайлылық саласының кәсіпорындарының қызметін жандандыруға мүмкіндік туғызатын инфрақұрылымдық базаны қалыптастыру (қонақ үйлер, мейрамханалар, тасымалдау жүйелері) жалпы экономикалық өсуге ықпал етеді. Екіншіден, туризмнің әлеуметтік әсерін қарастыратын болсақ. Туризм- тұлғаның мәдени дүниетанымына, ой-өрісін кеңейтуге әсер етеді. Адамның күйзелістік жағдайын төмендетуге, өмір-сүру сапасын жақсартуға көмектеседі. Келесі фактор, технологиялық процестің дамуы. Туристік саланың қызметтерін цифрландыру (онлайн брондау, виртуалды турлар мен экскурсиялар) жалпы туристік қызметке қолжетімділікті туғызып, сұранысты жоғарылатады. Жасанды интеллект пен үлкен деректерді талдау мүмкіндіктері тұтастай алғанда туристік қызметтерді дербестендіруді жақсартады. Факторлардың тағы біріне экологиялық мәселелерді жатқызсақ болады. Экологиялық туризм түрінің қалыптасуын, тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің шешімін табу тетіктерінің бірі ретінде қарастыруға болады.

Жаһандық сипат алып отырған тұрақты даму мақсаттарына қолжеткізудің мүмкіндігі ретінде туризм саласына «жасыл» технологияларды белсенді енгізуді болашағы бар.

Туризм- технологиялық, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге байланысты дамуын жалғастырып жатқан сала ретінде қала береді.

Мақаланың мақсаты. Отандық туризм индустриясының ЖІӨ-ге, жұмыспен қамтуға және инфрақұрылымның дамуына қалай әсер етіп жатқанын зерттеу.

Мақалада бірқатар зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеліп отырған жүйенің элементтері арасындағы байланыс талдау әдісінің көмегімен анықталды. Жекелеген пайымдар мен деректер синтез әдісі арқылы тұжырымдалды. Индукция әдісінің көмегімен деректер жекеден жалпыға қарай жүйелендіріліп, ортақ қорытындылар жасалынды. Статистикалық көрсеткіштер экономикалық-статистикалық және салыстыру әдістері арқылы талданды. Графикалық-визуализациялау әдісі сандық көрсеткіштерді өңдеуге мүмкіндік берді.

Мақаланың бастапқы дерек көзі ретінде Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының статистикалық көрсеткіштері қарастырылады.

Әдебиеттік шолу. 2019 жылы COVID пандемиясына дейін саяхат және туризм саласы барлық жұмыс орындарының 10,5%-ын (334 млн.) және әлемдік ЖІӨ-нің 10,4%-ын (10,3 трлн АҚШ доллары) құрады. Сонымен қатар, 2019 жылы халықаралық келушілер шығыны 1,91 триллион АҚШ долларын құрады.

Соңғы жылдардағы WTTC зерттеулері мен талдаулары туризм индустриясының әлемдік экономикаға әсерін келесі деректермен тұжырымдайды: 2023 жылы саяхат және туризм секторы әлемдік ЖІӨ-ге 9,1% үлес қосты, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 23,2% жоғары және 2019 жылғы деңгейден небәрі 4,1% төмен. 2023 жылы 27 миллион жаңа жұмыс орны ашылды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 9,1%-ға жоғары және 2019 жылғы деңгейден небәрі 1,4%-ға төмен. Ішкі туристік шығындар 2023 жылы 18,1%-ға өсіп, 2019 жылғы деңгейден асып түсті. Халықаралық туристік шығындар 2023 жылы 33,1%-ға өсті, бірақ 2019 жылғы жалпы көрсеткіштен 14,4%-ға төмен болып қалды [1]. Бұл талдаулар туристік саланың пандемияға дейінгі даму қарқына оралып жатқанын сипаттайды.

Туризмнің ЖІӨ-ң құрылуына; жұмыс орындарын ашу мен жұмысбастылыққа; саланың мультипликативтік және тұрақты экономикалық дамуға әсерін қарастырған ғылыми мақалалар мен зерттеулерге тоқталатын болсақ. Әртүрлі деңгейдегі субъектілердің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде туризм мен туристік индустрияның экономикалық маңыздылығы бар [2]. Туризм ел экономикасына елеулі әсер ететін табысты салалардың бірі болып саналады. Ол қоғамдық тамақтандыру, қонақ үй бизнесі және көлік инфрақұрылымы сияқты байланысты салалардың дамуына ықпал етеді. Туристік индустрия тек мемлекеттік кірістердің өсуін ғана емес елдегі экономикалық өсуді ынталандырып, негізгі макроэкономикалық факторға айналады. Туризмнің негізгі артықшылықтарының бірі- халықтың жұмыспен қамтылуына қосатын үлесі деуге болады. Туристер ағынының жоғарылауы қонақ үй, мейрамхана, экскурсия ұйымдастырушылар, көлік-тасымалдау қызметтерін ұйымдастыруға дейін түрлі қызмет көрсетуші салаларда жаңа жұмыс орындарын ашады. Туризмнің экономикалық әсері оның ауқымына, сондай-ақ туристік қызметті тұтынушылардың сұраныстарына байланысты. Маңызды факторларға сапардың ұзақтығы, белсенділік деңгейі, маршруттар мен көлік түрін таңдау жатады. Сонымен, туризм тек кіріс әкеліп қоймай, бірқатар салалардың дамуын қолдай отырып, елдегі жалпы әл-ауқат деңгейін арттыратын экономикалық өсудің катализаторы болып табылады [3]. Осы саладағы зерттеулердің тағы бірі туризмнің ЖІӨ-ді құруда шешуші рөл атқаратынын көрсетіп отыр. Мысалы, туристік индустрияның [4] туристік индустрияның Джамму және Кашмир штатының экономикасына айтарлықтай әсерін көрсетіп, мұндай халықтың басым бөлігі аталмыш секторда тікелей не жанама түрде жұмыс істейді делінген. Келесі бір жұмыста [5] жалпы номиналды ЖІӨ-ң құрылуында туризмнің үлесінің деңгейі қанша екенін көрсетіп отыр. Туризм индустриясының нақтырақ Черногория және Албания елдерінде жұмыспен қамтуға және экономикалық тұрақтылыққа айтарлықтай әсер ететіні қарастырылған [6]. Жергілікті экономика туристер арасында сұранысқа ие тауарлар мен қызметтерді өндіруге қабілетті болса, онда саланың мультипликатор әсері өте маңызды болады [7] Туризмнің мультипликативті әсерін зерттеген зерттеушілердің тағы бір [8] табыс, жұмысбастылық, сатылым тәрізді көрсеткіштер негізінде туризмнің мультипликатор түрлеріне саралау жасаған. Кейбір зерттеулер теңдестірілген туризмді дамыту қажеттілігін

көрсетеді. Туризм секторына жасалып отырған болжамды тұрақты өсумен қатар табиғатта қорғау мәселелері күрделі сипат алып отыр. Тұтастай алғанда туризм саласындағы қызмет ресурстарды тұтынумен, ластаумен, туризм инфрақұрылысының дамуымен, құрылыстың салынуымен, тасымалдау қызметімен, туристердің тарапынан болатын әрекеттердің салдарынан (ластау, биоәртүрлікке зиян тигізу және т.б.) қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді. Туризм секторы үшін негізгі міндет-корпоративтік саясатты, тәжірибені және этиканы қайта бағдарлау арқылы тұрақты дамуға, нақтырақ атқарушы билік пен азаматтық қоғам арасындағы ынтымақтастық және қоршаған ортаны басқаруға мен тәжірибені жақсартуға назар аудару болып отыр [9].

Зерттеу тақырыбы шеңберінде жазылған бірқатар әдебиеттерге жасалған шолу туризмнің экономикаға әсер ететінін, оның ішінде ЖІӨ-ге, жұмыспен қамтуға және инфрақұрылымның дамуына ықпал ететін көрсетті. Сонымен бірге, туризм мультипликативті әсерге ие әрі тұрақты дамуға негіз болып отыр. Дегенмен туризмнің экономикаға әсері инфрақұрылымға, туристік салаға бағдарланған инвестициялық салымдарға, туристік ағындарға және туристердің тұтынымы тәрізді көрсеткіштерге назар аударуды талап етеді.

Негізгі бөлім. Туризм- экономиканың басым бағыттарының бірі ретінде танылған сала. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауларында туризмге инвестиция тарту, ішкі әуе тасымалының дамуы туристік нысандардың инфрақұрылымын жақсартуға әсер ететіндігі және туризм жобаларын іске асырғанда табиғи ортаға залал келтірмей, экологияны сақтауға назар аудару керектігі қамтылған [10]. Мемлекеттің туристік әлеуетін пайдалану керектігін және туризмнің серпінді жобалар қатарында болуға тиістігі көрсетілген [11]. Сонымен қатар, туристік-рекреациялық ресурстарды қолдану арқылы туризм саласында кәсіпкерлікті ұйымдастыру әсіресе экотуризм мен этнотуризмді дамытуға басымдық беруге назар аударылған [12].

Отандық туризм саласының экономикаға әсерін жекелеген көрсеткіштердің даму қарқынын арқылы қарастыратын болсақ, 1-суретте туризм саласында құрылған жалпы қосылған құн және оның ЖІӨ-дегі үлесі берілген.



Сурет –1. Туризм салаларында құрылған жалпы қосылған құн, млрд. теңге*

* [13] дереккөзі негізінде құрастырылған

Туризм салаларында құрылатын жалпы қосылған құн көрсеткіші туризм саласында жұмыс істеп жатқан барлық кәсіпорындармен жасалатын жалпы қосылған құнның сомасын көрсетеді. Туризм саласындағы қосылған құн туристік индустрияның қонақ үй, тасымалдау, тамақтандыру және мәдени-анимациялық қызмет көрсету салаларының қаншалықты құндылық жасайтынын көрсетеді. 2003 жылы мемлекеттегі туризм салалары кәсіпорындарының қосылған құн көрсеткіші 296,3 млрд. теңгені құраса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 3270,1 млрд. теңгеге жеткен немесе 11 есеге артқан. Осы аралықтардағы тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құнның ЖІӨ-дегі үлесі 1,8-0,6 пайыз аралығын құрап отыр (2- сурет).



Сурет – 2. Тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құнның ЖІӨ-дегі үлесі %-бен*
* [13] дереккөзі негізінде құрастырылған

2003 жылы тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құнның ЖІӨ-дегі үлесі 1,8%-ды құраса, ал 2022 жылы бұл көрсеткіш 1,0%-ды құрады. Бұл туристік саланың даму дәрежесі төмен екендігін білдіреді. COVID-19 пандемиясы кезінде яғни 2020 жылы бұл көрсеткіш бар болғаны 0,6%-ды құрады. Оған пандемиялық шектеулер, мемлекетаралық шекаралардың жабылу өз әсерін тигізді. Егер туризмнің экономикадағы үлесі төмен болған жағдайда үкімет салықтық жеңілдіктер, қызмет көрсету салаларына инвестиция салуға бағыттаған тетіктерді қарастырған саланы ынталандыру шараларын қарастыруы өз нәтижесін беруі мүмкін.

2023-2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың тұжырымдамасына сәйкес [14] туризм инфрақұрылымын құру және дамытуға бағытталған инвестицияның мөлшеріне болжам жасалған. Тұру және тамақтану қызметтер саласына 2023 жылы 131 млрд. теңге; 2024 ж. 140 млрд. теңге; 2025 ж. 160 млрд. теңге; 2026ж. 180 млрд. теңге; 2027ж. 200 млрд. теңге 2028ж. 220 млрд. теңге және 2029ж. 260 млрд.теңге инвестиция тартылмақ. Туризм саласындағы жалпы қосылған құнның көлемін 2029 жылы 6,3 трлн. теңгеге дейін өсіру жоспарланған.

Қазіргі уақытта жалпы инвестиция құрамындағы туризм саласындағы негізгі капиталға жұмсалған инвестицияның көлемі айтарлықтай төмен (3- сурет)




Сурет – 3. Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге*

*[15] дерек көзі негізінде құрастырылған

Special attention is paid to the expert assessment of the content of the "Rules for calculating coefficients and determining the boundaries of financial stability classes" developed by the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan to assess the financial stability of debtors. Based on the analysis, it was revealed that these rules do not fully take into account the specific economic conditions and realities of the domestic market, which significantly limits their effectiveness for debtors, investors and creditors.

The article emphasizes that the successful implementation of adapted methods for forecasting financial stability requires taking into account the unique features of Kazakhstani business, including the specifics of legislation and the institutional environment, market structure and macroeconomic conditions. The results of the study focus on the need to adapt methods for assessing financial stability and improving the legislative environment in order to increase the financial stability of organizations in Kazakhstan and improve conditions for private investors.

А.К. Болысбаева*, PhD докторанты¹
А.Б. Тасмаганбетов, PhD, қауым. профессор¹
А.Ж. Ибрашева, магистр, аға оқытушы¹
Б. Мүтәліпқызы, э.ғ.к., қауымд. профессор²
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан¹
Еуразиялық технологиялық университет
Алматы қ., Қазақстан²
* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: bolysbayeva.augerim@mail.ru

БИЗНЕС-БІЛІМ БЕРУДІҢ АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМУҒА ЫҚПАЛЫ

Ғылыми әдебиеттерді талдау бизнес-білім беру ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін маңызды болып табылатын көптеген факторлар арасында шешуші рөл атқаратынын көрсетті. Сонымен қатар бизнес-білім беру жастар арасында кәсіпкерлікті популяризациялау, кәсіпкерлік қызметті іске асыруға қажет теориялық және практикалық білім беру, бизнес дағдыларын қалыптастыру, кәсіпкер болуға қажетті тұлғалық қасиеттерді дамыту сияқты бірқатар функцияларды атқаратындығын айқындады. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерге талдау ауылдық және қалалық жерлердің негізгі параметрлеріне байланысты айырмашылықтарын ескере отырып, оқу бағдарламаларын, әдістемесін әзірлеу қажеттілігін көрсетті. Зерттеудің негізгі нәтижелері жастарға кәсіпкерлік ортаға қосылу үшін тәлімгер рөлінің маңызды екенін анықтады. Көп жағдайда жастар бизнесті жүргізуде тәжірибесі бар өздерінің әлеуметтік ортасынан немесе бизнес-курстар мен тренингтерде жаттықтырушылардан және коучтерден кеңес іздеуге тырысатындығы, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту орталықтарына жүгінетіні айқындалды. Оған қоса, сұрау нәтижелеріне сәйкес кәсіпкерлік саласында білім беруді жетілдіруде өскелең ұрпақтың бизнесін іске асыруына маркетинг, құқық, қаржы саласында білімдердің жетіспеушілігі мәселесіне назар аудару қажеттілігі белгілі болды. Зерттеу нәтижелеріне талдау жасау негізінде ауылдық елді мекендерде жастарды кәсіпкерлік ортаға қосу үшін бизнес-білім беру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Кілт сөздер: жастар кәсіпкерлігі, ауылдық жерлер, сауалнама, кәсіпкерлік бойынша білім беру, бизнес-білім беру, бизнес курстар, бизнес тренингтер.

Ключевые слова: молодежное предпринимательство, сельская местность, опрос, предпринимательское образование, бизнес-образование, бизнес-курсы, бизнес-обучение.

Keywords: youth entrepreneurship, rural areas, survey, entrepreneurial education, business education, business courses, business training.

JEL classification: J23, M13, M20

Кіріспе. Қазіргі күні жастар кәсіпкерлігін дамытудың көптеген тетіктері бар. Бұл тетіктер әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, инфрақұрылымдық және институционалдық сияқты факторлардың негізінде қалыптастырылады. Ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамыту бойынша ғылыми еңбектерде бұл процестің көп факторлылығы атап көрсетіледі. Тұлғалық қасиеттер, білім беру, қаржылық, институционалдық және әлеуметтік орта қолдауы, инфрақұрылымдық даму және кәсіпкерлік мәдениет сияқты факторлар жастар кәсіпкерлігін ынталандыруда айтарлықтай рөл ойнайды.

Кәсіпкерлікке іске асырылатын географиялық орны тікелей ықпал етеді. Ауылдық жерлердегі жағдай қалалық ортамен бірдей емес. Географиялық, демографиялық, әлеуметтік және экономикалық сияқты көптеген ерекшеліктер бар. Кәсіпкерлікке осы аталған ерекшеліктердің барлығы жоғары деңгейде әсер етеді. Сондықтан да кәсіпкерлік саласында білім беруде де ауылдық және қалалық жерлердің айырмашылықтары ескерілгені маңызды.

Зерттеудің мақсаты елдегі жастар кәсіпкерлігін, соның ішінде ауылдық жерлерде жастардың кәсіпкерлік қызметін дамыту жолдарын анықтау болып табылады. Сонымен қатар, еліміздегі жастардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудағы бизнес-білім беру бойынша қажеттіліктерін

анықтай отырып, жастар кәсіпкерлігін дамытудың басты кедергілерін айқындап, кәсіпкерлік саласында білім беру қала және ауылдық жерлердің айырмашылықтарына негіздей отырып, ұйымдастыру мүмкіндіктерін белгілеу, кәсіпкерлік саласында білім беруді жетілдіруде теориялық және практикалық тұрғыдан көбірек назар аудару қажет бағыттарын үлесін айқындау секілді міндеттер қарастырылған.

Зерттеу әдістері. Жастар кәсіпкерлігі бойынша бірқатар ғылыми жұмыстарға, статистикалық мәліметтерге талдау және сауалнама мен терең сұхбат жүргізілді. 2024 жылы жоғары оқу орындарының білім алушылары арасында кәсіпкерлік саласына қатысты шағын сұрау жүргізілді. Сауалнамаға әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану бағытында 18-35 жас аралығындағы студенттер және магистранттар қатысты. Сонымен бірге жастарға қаржыны басқару, кәсіпкерлік қызметін бастау бойынша білім беруге қатысты эксперттік пікір алу мақсатында қаржы және бизнес салалары мамандарымен терең сұхбат жүргізілді.

Әдебиеттік шолу. Кәсіпкерлік бойынша білім берудің маңыздылығы жастар кәсіпкерлігі саласына қатысты көптеген еңбектерде дәлелденген. Л. Питтавэй мен Дж. Коуптің пікірінше кәсіпкерлік қызметті сәтті іске асыруға қажетті білімдер мен дағдыларды қамтамасыз етуде білім беру шешуші рөлге ие [1].

П.Б. Робинсон мен Э.А. Сикстон секілді зерттеушілер өздерінің ғылыми еңбектерінде білім беру мен өзін-өзі жұмыспен қамту, кәсіпкерлік қызмет бастау және кәсіпкер ретінде табысқа жету арасында байланыс бар екенін көрсетеді [2].

Г. Наби, Р. Холден және А.Уолмслидың ойынша білім беру мен тренингтер мүмкіндіктер қалыптастыру жағынан маңызды, яғни, өз кезегінде бизнесте табысты болу мүмкіндігін жоғарылататыны болжамданады [3].

И.К. Бинейдің еңбегінде кәсіпкерлік бойынша білім беру мен тренингтер жастардың кәсіпкерлікке, өзін-өзі жұмыспен қамтуға ынтасын және ұлттық экономиканы арттыратыны көрсетіледі [4].

Б.К. Тундикбаева, А.О. Базарбаев және Б.К. Купешова секілді отандық авторлар кәсіпкерлік білім беру мансаптық өсу тұрғысынан жастарға айтарлықтай ықпал етуі мүмкіндігін оның мінез-құлық, дағдылар мен құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған іс-шараларды қамтитынымен, бұл өз кезегінде экономикалық, әлеуметтік және мәдени құндылықты арттыранымен байланыстырады [5].

А.И. Монобаеваның айтуынша кәсіпкерлік саласында білім берудің нәтижелілігі оқу бағдарламаларының мазмұнына, оқыту әдістеріне тікелей байланысты. Олар кәсіпкерлік бойынша теориялық және практикалық сұрақтардың барлығын толығымен қамтуы керек. Сондай-ақ, бизнес-білім берудің оқу бағдарламалары *soft skills*, яғни білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын, көшбасшылық қасиеттерін, топта жұмыс істеу сияқты қабілеттерін дамытуға айрықша мән беру қажет [6].

Кәсіпкерлік саласында білім беру бойынша әдебиеттерде оқыту әдістері мәселесі де қарастырылады. Авторлар сабақ уақытында білім беру және кәсіпкерлікке қатысты шараларды қамтитын сабақтан тыс тәсілдердің жастардың кәсіпкерлік ниетіне, нәтижелілігіне ықпалын зерттейді. И.К. Биней өзінің зерттеуінде формалды емес білім берудің жастардың кәсіпкерлік ойлауын дамытудағы рөлін қарастырады [4].

Т. Пулккинен, У. Хитти, Дж. Хейнонен мен П. Стенхольм секілді ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесі сабақтан тыс кәсіпкерлік бойынша іс-шаралар, әсіресе бизнес компонентін қамтитын бос уақыттағы іс-шаралар кәсіпкерлік қабілетке оң ықпал ететінін көрсетеді. Бұл зерттеу ауыл жастарына арналған кәсіпкерлік бойынша білім берудің формалды және формалды емес тәсілдердің маңыздылығын анықтады. Сабақтан тыс кәсіпкерлік бойынша іс-шаралар бизнес-білім берудің жеткіліксіз бөліктерін толықтыра алады деп тұжырымдалады [7].

С. Ким, С. Тейлор мен М.Т. Гусманның кәсіпкерлік мәселесіне арналған ғылыми әдебиеттерінде ауылдық кәсіпкерлерге арналған оқу бағдарламаларын әзірлеудің аса қажеттігі көрсетілуде [8].

К.А. Пол мен К.К. Сьюардтің еңбектерінде ауылдық кәсіпкерлік саласында білім беруді түпкілікті зерттеудің қажеттілігі соңғы онжылдықтарда ауылдық жерлер көбіне-көп экономикалық дамудың біркелкі емес сипатынан және халықтың жас бөлігінің көші-қоны салдарынан демографиялық және әлеуметтік-экономикалық артта қалумен қатар жүретін өзгерістер мен реструктуризация процестері орын алуымен байланыстырылады [9].


Д. Барбер, М.Л. Харрис пен Дж. Джонстың еңбектерінде ауылдық жерлерде жастардың кәсіпкерлік инициативасын арттыруға арналған еңбектерде кәсіпкерлік саласында білім беру болашақ жас кәсіпкерлерді даярлаудың маңызды факторы ретінде қарастырылады. Ауылдық жерлерге арналған кәсіпкерлік білім беру бағдарламаларының маңыздылығының бірі оған ауыл жастарына үлгі болатын жергілікті кәсіпкерлерді қатысуға тарту болып табылады. Ауылдық жастарға арналған кәсіпкерлік білім беру бағдарламалары өскелең ұрпақтың ауылдық жерлерде қалуға немесе қайта оралуға ынталандырады [10].

С. Золлет пен басқалардың пікірінше кәсіпкерлік білім беру бағдарламалары ауылдық жағдайларға сәйкестендіріле әзірленетін болса, жастардың ауылдан кетуін азайтып, өскелең ұрпақты және жергілікті өңірлерді дамытуға инвестиция болады [11]. Бұл жастардың кәсіпкерлік мансабында қажет болатын теориялық және практикалық білімдерді нақтылауға, оларды қазіргі бизнес саласындағы қажеттіліктерге және жағдайға неғұрлым бейімді етуге көмектеседі.

Сонымен, ғылыми әдебиеттерде кәсіпкерлікті білім беру процесінің нәтижесінде ынталандыруға болатыны туралы тұжырымдалады. Жастардың кәсіпкерлік ниетінің қалыптасып, дамуында білім беру шешуші рөлге ие. Жастардың болашақ мансабы ретінде кәсіпкерлік қызметті таңдауы тікелей бизнес-білім берумен байланысты. Оған қоса, жастарға кәсіпкерлік қызметі бойынша білім беру және кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу курстарының, тренингтердің рөлі орасан зор. Олар жастарға бизнесті бастау және іске асыруға қажетті теориялық және практикалық білімдер береді. Сондай-ақ, олар жастардың кәсіпкерлік қызметін бастауға ынталандырылатын фактор болып табылады.

Негізгі бөлім. Кәсіпкерлік саласында білім беруге қатысты зерттеулерге талдау сабақ уақытындағы әрі сабақтан тыс бос уақыттағы кәсіпкерлік бойынша іс-шаралардың маңызын көрсетті. Сабақ уақытындағы дәріс, семинар барысында берілетін білімдер сабақтан тыс кәсіпкерлік бойынша іс-шаралар барысында практикалық білімдермен толықтырылады, әрі жергілікті бизнес саласындағы жағдайларға неғұрлым бейімделуге көмектеседі. Кәсіпкерлік саласында білім беру жергілікті географиялық орналасу мен қауымдастықтың рөліне, формалды және формалды емес педагогикалық тәсілдер мен ауылдық білім алушыларды қолдаудың қажеттіліктеріне негізделе отырып ұйымдастырылуы қажет. Бұл жастарға өздерінің жергілікті ауылдық жерлерінің жаңа потенциалын көруге мүмкіндік береді, сондай-ақ тұрғылықты жеріне жақындық сезімін күшейтейді [12], өз кезегінде, бұл жастардың ауылдан кетуін азайтып, көшіп кеткен жастарды ауылдық өңірлерге қайта тартуға көмектеседі.

Бизнес-білім берудің қазіргі таңдағы ерекше рөлі кәсіпорындардың, қалалар мен ауылдардың, аудандардың, жалпы алғанда ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін анықтайтынымен байланысты. Қазіргі таңда ауылдық елді мекендерде жастар кәсіпкерлігін ынталандыру қажеттігі өткір мәселелердің бірі болып отыр. Ауылдық жерлерде халық санының азаюы, соның ішінде жастардың қалаға көшіп кету тенденцияларының артуы жергілікті кәсіпкерлік ортаға айтарлықтай кері ықпал етіп отырғанын төмендегі 1-суреттен де байқауға болады. 1-суретке сәйкес Ақтөбе облысының ауылдық жерлерінде жасы 35 жасқа дейінгі дара кәсіпкерлер санының төмендеу тенденциясы көрініс тауып отыр. Бір жыл ішінде 35 жасқа дейін тіркелген дара кәсіпкерлер саны 13,8%-ға, ал олардың жұмыс істеп тұрғандары 14,8%-ға қысқарған. 2024 жылғы мәліметтерді салыстыратын болсақ, шамамен екі квартал ішінде жасы тіркелген 1,8%-ға және жұмыс істеп тұрған жас дара кәсіпкерлер саны 2,5%-ға азайған (2024 жыл сәуір-қазан) [13].



1– сурет. Ақтөбе облысының ауылдарындағы 35 жасқа дейінгі дара кәсіпкерлер мен меншік иелері (100%) заңды тұлғалар саны.

**[13] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Сұрауға қатысқан респонденттердің 72,0% қала тұрғындары болса, 28,0% ауылдық жастар болды. Сұрауға қатысқандардың 32,0% кәсіпкерлік қызметін іске асыру тәжірибесі бар. Болашақта жас кәсіпкер атанамын деп жауап бергендер 36,0%. Кәсіпкерлік ниеті бар қала жастарының арасында ауылда бизнес бастау туралы шешім қабылдағандар да бар. Ауыл жастарының барлығы дерлік өздерінің елді мекендерінде кәсіпкерлік қызметін іске асырмақ. Бірқатар авторлар кәсіпкерліктің локалды сипатын көрсетеді [14]. Яғни адамдар өздерінің бұрын өмір сүрген, оқыған, жұмыс істеген өңірлерде кәсіпкерлік қызметін бастауға неғұрлым бейім болады [15]. Осыған байланысты білім алуға, жұмыс істеуге қалаға көшіп кеткен ауыл жастарын кәсіпкерлікті қолдау, бизнес-білім беру арқылы ауылдық жерде бизнес бастауға ынталандыру қажет.

Жастардың кәсіпкерлік қызметіне едәуір кедергі келтіретін негізгі үш фактор анықталды. Олар: кәсіпкерлік қызметін бастау және іске асыру қорқынышы, бастапқы қаржылық капиталды жинау қиындығы, кәсіпкерлік қызметін бастауға және іске асыруға білімдердің жетіспеушілігі. Біздің зерттеу нәтижелері ауылдық жерлерде тұрғындардың кәсіпкерлікпен айналыспауының басты себептерінің бірі кәсіпкерлік бойынша білімдердің жетіспеушілігі деп анықталған бірқатар авторлардың тұжырымдарымен сәйкес келіп отыр [15].

Респонденттердің кәсіпкерлік қызметін алғашқы бастаған сәттегі қиыншылықтары қаржы тапшылығы, бәсекелестік, құқықтық және бухгалтерлік білімдер жетіспеушілігі, заманауи digital маркетинг құралдарын игермеуі, бизнестің күтілімдерге сәйкес келмеуі және сұраныстың аздығы мәселелерімен байланысты болды. Ауылдық жас кәсіпкерлер үшін бұдан бөлек жергілікті инфрақұрылымдық даму мәселесі де кәсіпкерлік қызметін алғашқы бастағанда қиыншылық тудырған.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес кәсіпкерлік қызметін іске асыруға қажетті білімдер тапшылығы бар негізгі салалар анықталды. Олар: маркетингтік білімдер (әсіресе digital маркетинг бойынша), құқықтық және қаржы туралы білімдер.

Кәсіпкерлік саласы бойынша білім алғандар 72,0%. Олардың абсолютті көпшілігі кәсіпкерлік бойынша курстарға, тренингтерге қатысқан. Сондай-ақ, төрттен бірі университетте кәсіпкерлік, бизнеске қатысты пәндерді оқыған. Бұрынғы жұмыс орындарында алған білімі мен тәжірибесі де жастардың кәсіпкерлік қызметін табысты жүргізуіне ықпал етеді. Респонденттердің 5,6% алдыңғы жұмыс орындарынан кәсіпкерлік қызметіне қажетті білімдер жинақтаған.

Кеңес алу үшін ауыл жастары көбіне-көп кәсіпкерлікті қолдау орталықтарына жүгінетінін айтты. Кәсіпкерлік бойынша курстардың коучынан да ақыл-кеңес сұрайды. Қала

жастарының көбінесе тума-туысқандарынан, кәсіпкерлік бойынша курстардың коучтарынан ақыл-кеңес сұрайтыны және Интернет порталдарында кәсіпкерлікке қатысты ақпарат іздейтіні анықталды. Сондай-ақ, кәсіпкерлікті қолдау орталықтарына барып, консультациялық көмек алады.

Сұрауға қатысқан жастардың кәсіпкерлік бойынша курстарға, тренингтерге қоятын басты талаптарының бірі – коучтардың, бизнес-тренерлердің жоғары білікті маман болуы. Коуч көбінесе тәлімгер рөлін атқарып, жас кәсіпкерлерге маңызды шешімдер қабылдау сәтінде қолдау көрсетеді және бағдарламаға қатысушылардың көшбасшылық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Біздің зерттеуде ауыл жастары кәсіпкерлік қызметін бастап, іске асыруда тәлімгері ретінде көбінесе бизнес курстарының менторын көрсетті.

Респонденттер кәсіпкерлік бойынша курстардың бағасының қолжетімді болуы, онлайн форматында білім алу мүмкіндігін арттыру және бизнес курстарының, тренингтерінің жиілігін арттыру сияқты талаптарды да атады.

Ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамытуда тәлімгер рөлі айтарлықтай маңызды. Тәлімгерлер жастарға кәсіпкерлікке қатысты теориялық және практикалық білімдер, кәсіпкерлік қызметін іске асыруда кеңестер беріп, қолдау көрсетеді. Яғни тәлімгерлікті кәсіпкерлік бойынша білім беру және кәсіби қолдау әдісі деп қарастыруға болады. Қазірде Интернет және технологиялардың дамуы жастардың кәсіпкерлік бойынша онлайн кеңес алу мүмкіндіктерін кеңейтуде. Сұрау нәтижелері жастарға тәлімгер рөлін көбінесе кәсіпкерлік бойынша курстардың коучы, сондай-ақ тума-туыстары, достары да эдвайзер ретінде көмектескен.

Жастар әлеуметтік ортасындағы тәжірибелі кәсіпкерлер, заңгерлер, қаржы мамандары, маркетингтер сияқты кәсіпкерлік қызметін іске асырумен байланысты салалардағы жоғары білікті мамандардан бизнесті іске асыруға қажет білім, ақыл-кеңес алады. Олар жастардың кәсіпкерлік қызметін бастаудағы қорқыныштарын жеңуге көмектесіп, сенімділіктерін арттырады. Тәжірибелі кәсіпкерлердің сәтті бизнес үлгілері жастардың бизнес мотивациясын жоғарылатады.

Зерттеу барысында жастар кәсіпкерлігі мәселесіне қатысты эксперттік пікір де қарастырылды. Қаржы және бизнес саласындағы сарапшы мамандарға кәсіпкерлік қызметін іске асыруға қажетті білімдер мәселесі төңірегінде сұрақтар қойылды. Бизнес, қаржы және құқық саласында білім беру, консультация жастардың кәсіпкерлік ниетін ынталандырудан бастап, олардың кәсіпкер ретінде қалыптасуы және одан әрі бизнесін іске асыру процесінде де маңызды рөл атқарады. Сарапшылардың пікіріне сәйкес, бизнес-курстар жастардың кәсіпкерлік ниетін арттыра отырып, оларды бизнес ортаға қосады.

Сарапшылар жас кәсіпкерлерге қаржы саласында білім беру олардың қаржылық сауаттылығын, қаржы ресурстарын жоспарлау және басқару дағдыларын арттыру және несиелеу жүйесі бойынша білімдерін толықтыру үшін аса маңызды екеніне тоқталып кетті.

Бизнес және қаржы саласындағы курстар жастардың кәсіпкерлерге қандай мүмкіндіктер қазіргі уақытта іске асырылып жатқан шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары, жобалары туралы жан-жақты ақпарат береді. Соның ішінде ауылдық жас кәсіпкерлерге қандай қолдау шаралары көрсетілетіні туралы да білуге болады.

Жастар үшін кәсіпкерлік бойынша теориялық және практикалық білімдерді қатар алу маңызды болып табылады. Респонденттер бизнес және қаржы саласындағы курстарда бизнес-жоспарларды жазу, жеке кәсіпкерлікті ашу бойынша ақпарат берумен қатар, көмек көрсетіледі.

Жастардың кәсіпкерлік бастауына ең басты кедергілердің бірі – маркетингтік, қаржылық және құқықтық білімдердің жетіспеушілігі екені біздің зерттеу нәтижелері де, басқа да зерттеулер көрсетеді [15]. Кәсіпкерлік саласына қажетті білім алған кезде осы сфераларға үлкен көңіл бөлген жөн екені анық. Сарапшылардың пікіріне сәйкес, маркетинг саласында қазіргі таңда актуалды болып табылатын маркетингтік құралдар бойынша білім беру қажет. Сұхбат барысында Интернет және әлеуметтік желілер қарқынды дамыған заманда жас кәсіпкерлерге digital-маркетинг құралдары бойынша көбірек білім берілуі қажеттігін атап өтілді. Несие және депозит түрлері, банк мөлшерлемелері, пайыздарды зерттеу бойынша ақпарат беру жастардың кәсіпкерлік қызметіне қажет бастапқы капиталды құруға және бизнесін одан әрі іске асыруда қажет болады.

Сауалнама нәтижелері сияқты эксперттік сұхбат нәтижелері де жастар кәсіпкерлігін дамытуда тәлімгер рөлінің маңыздылығын көрсетті. Сарапшылар кәсіпкерлік ниеті бар жастар мен жас кәсіпкерлер көбінесе заңгерлер мен қаржы сарапшыларының ақыл-кеңесі мен көмегіне жүгінеді деп топшылады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес жастар кәсіпкерлігін дамытудың басты кедергілерінің бірі – бизнес саласында білімдердің жетіспеушілігі. Әсіресе, маркетингтік, құқықтық және қаржы салаларындағы білімдер тапшылығы. Яғни жастар кәсіпкерлік қызметін табысты іске асыруы үшін осы салалар бойынша білімін толықтыру қажет. Әдеби шолу ауылдық және қалалық жерлердің негізгі параметрлері бойынша айырмашылықтарын ескеріп, оқу бағдарламаларын, әдістемесін әзірлеу қажеттігін көрсетіп отыр..

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін бизнес-білім беруді жетілдіру бойынша келесідей ұсыныстар әзірленді:

- Кәсіпкерлік саласында білім беру қала және ауылдық жерлердің географиялық, экономикалық, әлеуметтік, инфрақұрылымдық сияқты айырмашылықтарына негізделі отырып, ұйымдастырылуы тиіс.

- Бизнес-білім беру бағдарламалары ауылдық жерлердің әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, табиғи және басқа да параметрлеріне қарай ауылдағы жағдайға сәйкестендірілуі қажет.

- Кәсіпкерлік саласындағы оқу бағдарламалары soft skills, яғни білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын, көшбасшылық қасиеттерін, топта жұмыс істеу сияқты қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ сабақтан тыс кәсіпкерлік бойынша іс-шаралармен толықтырылғанына және кәсіпкерлік саласында білім беруді жетілдіруде маркетинг, құқық, қаржы саласында теориялық және практикалық мәліметтерге айрықша мән беру қажет.

- Кәсіпкерлік бойынша курстардың бағасының қолжетімді болуын қамтамасыз ету, онлайн форматында білім алу мүмкіндігін арттыру және бизнес курстарының, тренингтерінің жиілігін арттыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Pittaway L., Cope J. Entrepreneurship education: A systematic review of the evidence // *International Small Business Journal*. – 2007. – № 25(5). – P. 479–510. – <https://doi.org/10.1177/02662426070806>
2. Robinson P., Sexton E. The effect of education and experience on selfemployment success // *Journal of Business Venturing*. – 2004. – №9(2). – P. 141–156. – doi:10.1016/0883-9026(94)90006-X
3. Nabi G., Holden R. Walmsley A. Entrepreneurial intentions among students: towards a re-focused research agenda // *Journal of Small Business and Enterprise Development*. – 2010. – №17(4). – P. 537–551. – doi:10.1108/14626001011088714
4. Biney I. Adult education and entrepreneurship: getting young adults involved // *Journal of Innovation and Entrepreneurship*. – 2023. – №12(1). – P. 13–18. –doi:10.1186/s13731-023-00277-0
5. Тундикбаева Б.К., Базарбаев А.О., Купешова Б.К. Кәсіпкерлік университет Қазақстандағы жоғары білімді дамытудың моделі ретінде // *Central Asian Economic Review*. – 2020. – № 4. – 172–182 б. – <https://caer.narxoz.kz/jour/article/view/41/41>
6. Монобаева А.И. Развитие бизнес-образования в Республике Казахстан: проблемы и пути решения // *Вестник КазНУ. Серия экономическая*. – 2014. – №2 (102). – С. 120–129. – <https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/75>
7. Pukkinen T., Hytti U., Heinonen J., Stenholm P. Curricular and Extracurricular Entrepreneurial Activities Supporting Entrepreneurial Self-Efficacy and Desirability of Rural Youth // *Entrepreneurship Education and Pedagogy*. – 2024. – № 7(3). – P. 315–346. – <https://doi.org/10.1177/25151274231190806>
8. Kim S., Taylor S., Guzman M. Addressing declining rural communities through – <https://archives.joe.org/joe/2018october/comm1.php>
9. Paul K., Seward K. Place-based investment model of talent development // *Journal of Advanced Academics*. – 2016. – №27(4). – P. 311–342. –<https://doi.org/10.1177/1932202X16669546>
10. Barber D., Harris M., Jones J. An overview of rural entrepreneurship and future directions // *Journal of Small Business Strategy*. – 2021. – № 31(4). – P. 1–4. –<https://doi.org/10.53703/001c.29468>
11. Zollet S., Monsen E., Chen W., Barber D. Rural Entrepreneurship Education // *Entrepreneurship Education and Pedagogy*. – 2024. – № 7(3). – P. 253–263. –<https://doi.org/10.1177/25151274241235458>
12. Audretsch D., Falck O., Feldman M., Heblich S. Local entrepreneurship in context // *Regional Studies*. – 2012. – № 46(3). – P. 379–389. –<https://doi.org/10.1080/00343404.2010.490209>

13. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы 35 жасқа дейін тіркелген және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлердің және меншік иелері (100%) 35 жасқа дейінгі адамдар болып табылатын заңды тұлғалардың саны. <https://stat.gov.kz/release-calendar/>

14. Michelacci C., Silva O. Why so many local entrepreneurs? // *Review of Economics and Statistics*. – 2007. – № 89(4). – P. 615–633. – <https://doi.org/10.1162/rest.89.4.615>

15. Барлыбаев А.А., Ситнова И.А. Предпринимательская деятельность на селе: роль и значение в устойчивом развитии сельских территорий // *Вестник Алтайской академии экономики и права*. – 2021. – № 11(1). – С. 19-25. – doi: <https://doi.org/10.17513/vaael.1889>

REFERENCES

1. Pittaway L., Cope J. Entrepreneurship education: A systematic review of the evidence // *International Small Business Journal*. – 2007. – № 25(5). – P. 479-510. <https://doi.org/10.1177/02662426070806>

2. Robinson P., Sexton E. The effect of education and experience on selfemployment success // *Journal of Business Venturing*. – 2004. – № 9(2). – P. 141-156. – doi:10.1016/0883-9026(94)90006-X

3. Nabi G., Holden R. Walmsley A. Entrepreneurial intentions among students: towards a re-focused research agenda // *Journal of Small Business and Enterprise Development*. – 2010. – №17(4). – P. 537–551. – doi:10.1108/14626001011088714

4. Biney I. Adult education and entrepreneurship: getting young adults involved // *Journal of Innovation and Entrepreneurship*. – 2023. – № 12(1). – P. 13-18. –doi:10.1186/s13731-023-00277-0

5. Tundikbaeva B., Bazarbaev A., Kupeshova B. Кәсіпкерлік университет Қазақстандағы жоғары білімді дамытудың моделі ретінде [Entrepreneurial university as a model for the development of higher education in Kazakhstan] // *Central Asian Economic Review*. – 2020. – №4. – S.172–182 – [https://caer.narxoz.kz/jour/article/view/41/41\[in Kazakh\]](https://caer.narxoz.kz/jour/article/view/41/41[in Kazakh]).

6. Monobaeva A. Razvitie biznes-obrazovaniya v Respublike Kazahstan: problemy i puti resheniya [Development of business education in the Republic of Kazakhstan: problems and solutions] // *Vestnik KazNU. Seriya jekonomicheskaja*. – 2014. – №2(102). – S. 120–129 – [https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/75\[in Russian\]](https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/75[in Russian]).

7. Pukkinen T., Hytti U., Heinonen J., Stenholm P. Curricular and Extracurricular Entrepreneurial Activities Supporting Entrepreneurial Self-Efficacy and Desirability of Rural Youth // *Entrepreneurship Education and Pedagogy*. – 2024. – №7(3). – P. 315–346. – <https://doi.org/10.1177/25151274231190806>

8. Kim S., Taylor S., Guzman M.T. Addressing declining rural communities through youth entrepreneurship education // *Journal of Extension*. – 2018. – №56(6). – P. 57–64. – <https://archives.joe.org/joe/2018october/comm1.php>

9. Paul K., Seward K. Place-based investment model of talent development // *Journal of Advanced Academics*. – 2016. – №27(4). – P. 311–342. –<https://doi.org/10.1177/1932202X16669546>

10. Barber D., Harris M., Jones J. An overview of rural entrepreneurship and future directions // *Journal of Small Business Strategy*. – 2021. – №31(4). – P. 1–4. – <https://doi.org/10.53703/001c.29468>

11. Zollet S., Monsen E., Chen W., Barber D. Rural Entrepreneurship Education // *Entrepreneurship Education and Pedagogy*. – 2024. – №7(3). – P. 253–263. –<https://doi.org/10.1177/25151274241235458>

12. Audretsch D., Falck O., Feldman M., Heblich S. Local entrepreneurship in context // *Regional Studies*. – 2012. – №46(3). – P. 379–389. –<https://doi.org/10.1080/00343404.2010.490209>

13. Qazaqstan Respublikasy Strategijalyq zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ul'ttyq statistika bjurosy 35 zhasqa dejin tirkelgen zhane zhymys istep turgan dara kasipkerlerdin zhane menshik ieleri (100%) 35 zhasqa dejingi adamdar bolyp tabylatyn zandy tulgalardyn sany [Number of registered and existing individual entrepreneurs under the age of 35 and legal entities whose owners (100%) are persons under the age of 35]. <https://stat.gov.kz/release-calendar/> [in Kazakh]

14. Michelacci C., Silva O. Why so many local entrepreneurs? // *Review of Economics and Statistics*. – 2007. – №89(4). – P. 615–633. – <https://doi.org/10.1162/rest.89.4.615>

15. Barlybaev A., Sitnova I. Predprinimatel'skaja dejatel'nost' na sele: rol' i znachenie v ustojchivom razvitii sel'skih territorij [Entrepreneurship in rural areas: its role and importance in the sustainable development of rural areas] // *Vestnik Altajskoj akademii jekonomiki i prava*. – 2021. – №11(1). – S. 19–25 – doi: [https://doi.org/10.17513/vaael.1889\[in Russian\]](https://doi.org/10.17513/vaael.1889[in Russian]).

Болысбаева А.К., Тасмаганбетов А.Б., Ибрашева А.Ж., Мүтәліпқызы Б.

**ВЛИЯНИЕ БИЗНЕС - ОБРАЗОВАНИЯ НА РАЗВИТИЕ МОЛОДЕЖНОГО
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ**

Аннотация

Анализ научной литературы показал, что бизнес-образование играет ключевую роль среди многих факторов, имеющих значение для развития молодежного предпринимательства в сельской местности. Кроме того, оно выполняет ряд функций, таких как популяризация предпринимательства среди молодежи, предоставление теоретического и практического знания, необходимого для осуществления предпринимательской деятельности, формирование деловых навыков, развитие личностных качеств, требующихся предпринимателям. Наряду с этим, анализ по проблеме исследования показал необходимость разработки учебных программ и методик с учетом различий основных параметров сельской и городской местности. Основные результаты исследования показали, что роль наставников важна для присоединения молодых людей к предпринимательской среде. Молодые люди обращаются в центры развития предпринимательства и ищут совета у людей из своего круга общения, имеющих опыт в необходимых для реализации бизнеса областях, а также у коучей и тренеров на бизнес-курсах и тренингах. По результатам опроса было определено, что для совершенствования предпринимательского образования необходимо обратить внимание на проблему недостатка знаний в области маркетинга, права, финансов у молодого поколения для реализации своего бизнеса. На основе анализа результатов исследования разработаны рекомендации в сфере предпринимательского образования для вовлечения молодежи в предпринимательскую среду в сельской местности.

Bolysbayeva A., Tasmaganbetov A., Ibrasheva A., Mutalipkyzy B.

**THE IMPACT OF BUSINESS EDUCATION ON THE DEVELOPMENT OF YOUTH
ENTREPRENEURSHIP IN RURAL AREAS.**

Annotation

The analysis of scientific literature has shown that business education plays a key role among many factors that are significant for the development of youth entrepreneurship in rural areas. In addition, it performs a number of functions such as popularizing entrepreneurship among young people, providing theoretical and practical knowledge necessary for entrepreneurial activity, developing business skills and personal qualities necessary for entrepreneurs. Along with this, the analysis on the research problem showed the need to develop curricula and methods taking into account the differences in the main parameters of rural and urban areas. The main findings of the study showed that the role of mentors is important for joining the entrepreneurial environment. Young people turn to entrepreneurship development centres and seek advice from people in their social circle who have experience in the areas necessary for implementing a business, as well as from trainers in business courses and trainings. In addition, based on the survey results, it was determined that in order to improve entrepreneurial education, it is necessary to pay attention to the problem of lack of knowledge in the field of marketing, law, finance among the younger generation to implement their business. Based on the analysis of the research results, recommendations were developed in the field of entrepreneurial education to involve young people in the entrepreneurial environment in rural areas.



Н.Е. Қарағойшина*, PhD докторанты¹

С.К. Капышева, э.ғ.к., қауымд. профессор²

М.Д. Каримова, PhD, қауымд. профессор³

А.Ж. Асанова, магистр, аға оқытушы³

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана қ., Қазақстан¹

Esil University, Астана қ., Қазақстан²

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан³

*негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: karagoishina.nurgul@gmail.com

ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАҚТЫҒЫС ФАКТОРЛАРЫ

Бұл мақалада Қазақстандағы жастар жұмыссыздығының экономикалық даму мен әлеуметтік тұрақтылыққа әсері жан-жақты зерттелді. Жастар жұмыссыздығының ел экономикасына тигізер салдары мен оның негізгі себептері кеішенді түрде талқыланды. Еңбек ресурстарының толық пайдаланылмауы, өндірістің төмендеуі секілді жұмыссыздықтың теріс әсерлері сараланды. Зерттеу барысында Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы жастар жұмыссыздығы деңгейіндегі ерекшеліктер қарастырылып, жұмыссыздықтың аймақтық теңсіздікке ықпалы бағаланды. Жастар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде жұмыссыздықтың әлеуметтік шиеленіс тудыру қаупі мен наразылық шараларына қатысуға дайындық деңгейі анықталды, экономикалық және әлеуметтік факторлардың қақтығыстарды күшейтуге әсері талданды.

Мақалада мемлекеттік басқарушылар мен жергілікті билік органдарына жастар жұмыссыздығын реттеуге қатысты ұсыныстар берілді. Сонымен қатар жұмыссыздықтың деңгейі, динамикасы және аймақтық ерекшеліктеріне қатысты салыстырмалы талдау жасалды. Ресми статистикалық деректердің негізінде білім беру жүйесін жетілдіру, кәсіби даярлау бағдарламаларын енгізу, жастар кәсіпкерлігін дамыту, жұмыс орындарын құру және аймақтық экономикалық теңсіздікті азайту бойынша кеішенді шаралар ұсынылды. Әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу, жастардың еңбек нарығына қатысу деңгейін арттыру және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік саясатты жетілдірудің маңызды рөліне назар аударылды.

Кілт сөздер: жастар, жұмыссыздық, экономикалық әсер, әлеуметтік қақтығыстар, Қазақстан, жаһандық тәуекелдер, бизнес.

Ключевые слова: молодежь, безработица, экономическое воздействие, социальные конфликты, Казахстан, глобальные риски, бизнес.

Keywords: youth, unemployment, economic impact, social conflicts, Kazakhstan, global risks, business.

Кіріспе. Кез келген мемлекеттің болашағы жастармен байланысты, оларды жұмыспен қамту – қоғамның тұрақтылығы мен экономикалық дамуына елеулі әсер ететін күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Жұмыссыздық деңгейінің өсуі жастардың әлеуметтік жағдайының нашарлауына, қылмыстық істер санының артуына және қоғамдағы тұрақсыздықтың пайда болуына себепкер болуы ықтимал. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес, жастарға – Қазақстан Республикасының он төрт жастан отыз бес жасқа дейінгі азаматтар [1] қатары жатқызылған. Қазақстан жастарының саны ел халқының үштен біріне жуық – 5 759 781 адамға жетті. Қазақстанда 15–34 жас аралығындағы азаматтар халықтың 30%-ын құрайды. 2024 жылдың мәліметтері бойынша, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,1% болса, жалпы жұмыссыздық 4,6%-ды құрады [2].

Әр өңірде экономиканың салалық құрылымы, халықтың тығыздығы, көші-қон процестері, кәсіптік даярлық деңгейі, кәсіпорындардың белсенділігі, мемлекеттік сектордың қызметі сияқты әртүрлі факторлардың әсерінен бірегей еңбек нарығы қалыптасады. Географиялық тұрғыдан алғанда, жастардың ең көп бөлігі Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында, содан кейін Алматы қаласында, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында байқалады. Соңғы онжылдықта қалалық жерлерде тұратын жас азаматтардың саны өсті. Ішкі көші-қон көлемі 2009

жылы 2,3 млн адамнан 2021 жылы 2,6 млн адамға дейін ұлғайды [3][4]. Мемлекет тарапынан НЕЕТ санатындағы жастардың жұмысқа орналасуына да ерекше назар аударылды. Қазіргі таңда жұмыссыз жастардың басым бөлігі – білімі, тәжірибесі жоқ жас қазақстандықтар.

Біздің пайымдауымызша, мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін әлеуметтік қақтығыстарға қатысуда 18-35 жас аралығындағы буын белсенді. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы олардың әлеуметтік оқшаулануына және экстремистік топтарға қосылу қаупінің артуына әкеледі. Экономикалық мүмкіндіктердің болмауы жастарды зорлық-зомбылық әрекеттеріне итермелеуі мүмкін [5].

Сондықтан да жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасты жұмысқа орналастыруымыз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету жалғасады. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді. [6]

Зерттеудің мақсаты – жастар арасындағы жұмыссыздықтың экономикалық әсері мен әлеуметтік қақтығыстарға ықпалын талдау. Жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығы – әлеуметтік қақтығыстар мен наразылықтарға апаратын жол, сонымен бірге жастардың әлеуетінің толық іске асырылмауы мен елдің экономикалық дамуының баяулауына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты жастар жұмыссыздығының себептерін терең зерттеу, оның салдарын жан-жақты талдау және оны азайту мақсатында тиімді жобалар жүргізу қажеттілігі туындайды. Жастар жұмыссыздығы – тек сандық көрсеткіш емес, бұл – ел болашағының сапасы, адами капиталдың дамуы мен тиімді пайдаланылуының айнасы. Сондықтан бұл мәселені елемеу немесе кейінге қалдыру орны толмас салдарға алып келуі ықтимал. Осы тұрғыдан алғанда, жастар арасындағы жұмыссыздықтың себептерін терең зерттеп, оның негізгі факторларын анықтау, салдарын жан-жақты талдау және тиімді шешу жолдарын ұсыну – еліміздің болашағына бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы жастар жұмыссыздығының себептерін анықтау, оның салдарын талдау және оны азайту бойынша тиімді ұсыныстар әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қарастырылады:

Жастар арасындағы жұмыссыздықтың себептері, салдары және оны шешу жолдары туралы қолданыстағы ғылыми еңбектер мен зерттеулерді талдау. Бұл әдіс арқылы мәселенің теориялық негіздерін және бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін қарастыру.

Қазақстандағы жастар жұмыссыздығының деңгейі, динамикасы және аймақтық ерекшеліктері туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректерін жинау және талдау арқылы жұмыссыздықтың қазіргі жағдайын сандық көрсеткіштермен сипаттау.

Жастар арасында жүргізілген сауалнамаларды сараптау арқылы олардың жұмыссыздыққа қатысты көзқарастарын, себептерін және жұмыс іздеудегі қиындықтарын анықтау. Мұндай сауалнама сараптамасы жастардың жеке тәжірибелері мен пікірлерін жинауға толық мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында бірнеше әдіс қолданылды. Біріншіден, жастар жұмыссыздығының теориялық негіздерін, түрлерін және шетелдік тәжірибелерді зерттеу мақсатында ғылыми әдебиеттерге, монографияларға және мақалаларға талдау жүргізілді. Екіншіден, Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми деректері негізінде жастар арасындағы жұмыссыздықтың деңгейі, динамикасы және аймақтық сипаттамалары бойынша статистикалық талдау жасалды. Үшіншіден, салыстырмалы талдау әдісі арқылы дамыған елдердің тәжірибесі қарастырылып, елімізге тиімді болуы мүмкін шаралар іріктеліп ұсынылды.

Қазіргі таңда жастар жұмыссыздығы – тек әлеуметтік-экономикалық мәселе ғана емес, сонымен қатар ел болашағына тікелей әсер ететін аса маңызды бағыттардың бірі. Еңбекке араласуға ниетті, білімді, алайда жұмыссыз жастардың болуы – олардың өз еліне деген сенімінің әлсіреуіне, сонымен қатар жалпы экономикалық дамудың баяулауына алып келуі мүмкін. Сондықтан бұл мәселені терең зерттеу, себептерін анықтап, нақты әрі тиімді шешу жолдарын ұсыну – уақыт талабы.

Әдебиеттік шолу. Жастар жұмыссыздығы – көптеген елдерде әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Қазақстандағы жастардың жұмыссыздық деңгейі елдегі экономикалық реформалар мен демографиялық өзгерістердің ықпалын көрсетеді. Жұмыссыздықты экономикалық тұрғыдан қарастырар болсақ, жеке тұлға үшін ол – қаржылық қиындықтар тудыратын, қажетті азық-түлік себетін қамтасыз етумен қатар, қоғамдық өмірге белсенді араласу мүмкіндігі шектейтін қолайсыз жағдай. Жастар

арасындағы жаппай жұмыссыздықтың сипатын жастарды әлеуметтік оқшаулану, қылмыстық әрекеттерге жол беріп, радикалды топтарға қосылуға бейімділігі артуы мүмкін ел деңгейіндегі үлкен проблема деп бағалауға болады.

Жастар кейде зорлық-зомбылық әрекеттер арқылы өзін мойындатуға немесе материалдық пайда табуға ұмтылады. Бұл әсіресе, қылмыстық немесе зорлық-зомбылық топтардың қызметі арқылы көрініс табады [7].

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) мәліметі бойынша, 2022 жылы әлемде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 13% құрап, соңғы 15 жылдағы ең төменгі көрсеткішке жеткен. 2023 жылы дүние жүзінде 15 пен 24 жас аралығындағы 64,9 миллион жас жұмыссыз болды [8].

Климаттық өзгерістер мен цифрландыру процестері жастардың жұмыспен қамтылуына әсер ететін маңызды факторларға айналууда. Global Risks Report 2025-те атап өтілгендей, климаттық тәуекелдер жұмыс орындарының жоғалуына және жаңа салалардың пайда болуына ықпал етеді. Экономикалық тұрғыдан алғанда, жастар жұмыссыздығы еңбек нарығындағы әлеуетті жұмыс күшінің пайдаланылмауына әкеледі, бұл жалпы ішкі өнімнің төмендеуіне және экономикалық өсудің баяулауына себеп болуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмыссыз жастардың тұтынушылық қабілеті төмендеп, бұл өз кезегінде нарықтағы сұраныстың азаюына әсер етеді. Еуростат және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) деректері бойынша, Еуропа елдерінде жастар жұмыссыздығының деңгейі әртүрлі. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінде де жастар жұмыссыздығы өзекті мәселе болып табылады. ЭЫДҰ мәліметтері бойынша, 2024 жылы ұйымға мүше елдерде жастар жұмыссыздығының орташа деңгейі 12% шамасында болды [9].

Қазақстанда жастар жұмыссыздығы мәселесі де өзекті. Сонымен қатар Қазақстанда колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектерінің 60%-дан астамы мамандықтары бойынша жұмыс істемейді, ал 30%-ға жуығы мүлдем жұмыс таба алмайды [10]. Қазақстанда жастар жұмыссыздығының негізгі себептері қатарында кәсіби білім беру жүйесінің еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуі, өңірлік теңсіздік, және жұмыс орындарының шектеулі саны атап өтіледі.

Республикада соңғы уақытта жұмыссыздық деңгейінің өсімі байқалып отыр. Әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздықтың пайызы салыстырмалы алғанда аз емес, оны мақаладағы деректер толық дәлелдейді. Әлеуметтік шиеленістің ушығуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі ретінде саналатын жұмыссыздық – жастардың маргиналдануы мен қоғамнан шеттетілуіне, олардың әлеуметтік ортадан алшақтап, радикалды көзқарастарға бейімделуіне жол ашады. Мұндай жағдайлар жастардың түрлі деструктивті топтар мен экстремистік ұйымдардың ықпалына оңай түсуіне негіз беріп, ел ішіндегі тұрақтылыққа тікелей қауіп төндіреді. Сондықтан жастар жұмыссыздығы – тек экономикалық емес, ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұтастық тұрғысынан да аса маңызды мәселе.


Негізгі бөлім. Жастар жұмыссыздығы экономикалық өсімге теріс әсер етеді. Жұмыссыз жастардың санының артуы еңбек ресурстарының толық пайдаланылмауына, өндірістің төмендеуіне және салық түсімдерінің азаюына әкеледі. Сонымен қатар жұмыссыздық әлеуметтік шығындардың өсуіне, яғни жұмыссыздарға арналған әлеуметтік төлемдер мен бағдарламаларға жұмсалатын қаражаттың көбеюіне себеп болады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2024 жылғы 3 тоқсандағы жұмыспен қамту деңгейі 15 жастан үлкен жастағы халық санына шаққанда 65,2%, жұмыс күшінің санына шаққанда – 95,4% құрады. Жұмыссыздық деңгейі (Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша) 4,6% құрады. Жұмыссыздар саны (ХЕҰ әдістемесі бойынша) 448,6 мың адамды құрады. [11] Жұмыс істемейтін және білім алумен немесе оқыумен айналыспайтын NEET жастарының үлесі 6,4%-ды құрады. 2024 жылдың қыркүйек айының соңында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ЕХӘҚМ) деректері бойынша халықты жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп жүрген адам ретінде 84,1 мың адам жүгінген. Жұмыспен қамту бойынша барлығы 54,2 мың іс-шаралар көрсетілді, 2,8 мың адам кәсіптік оқытуға немесе қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілді, 2 мың адам қоғамдық жұмыстарға қатысты [12].

Бұл мәселенің өзектілігін көрсететін фактор ішкі көші-қон болып табылады, оның өсіп келе жатқан ағыны жұмыссыздық проблемасын одан әрі ушықтыруда. Урбанизация және миграция да жастар арасындағы қақтығыстарға әсер етеді. Қалаларға жастардың көптеп қоныс аударуы, экономикалық мүмкіндіктерді іздеуі, сондай-ақ урбанизацияның әлеуметтік және экономикалық

шиеленістерді күшейтуі зорлық-зомбылыққа бейімділікті арттырады [13]. Аймақтар бойынша жұмыссыздық деңгейі жоғары, әсіресе жастар арасында әлеуметтік наразылықтың басты қозғаушы күштері – халықтың өмір сапасына тікелей әсер ететін күнделікті мәселелер. Бағалардың тұрақсыздығы мен қымбаттауы, коммуналдық қызметтер мен дәрі-дәрмекке жұмсалатын шығынның өсуі қоғамдағы теңсіздікті арттырып, әлеуметтік шиеленісті күшейтеді. Бұл жағдайлар билік органдары тарапынан ерекше назарды қажет етеді, себебі халықтың әл-ауқатының төмендеуі ұзақ мерзімді әлеуметтік тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін.


Республика бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастардың наразылық көңіл-күйін тудыратын ең өткір мәселелер ретінде әлеуметтік-экономикалық факторлар анықталды. Іріктелген респонденттер құрамы 2000 адам, зерттеу аумағы Қазақстан Республикасының бар аймағын – республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалалары және облыс орталықтарын қамтыды. Жастары 18-35 аралығындағы респонденттердің 51,3%-ы ерлер өкілі, ал 48,7%-ы әйелдер [14].



Сурет –1. Жастардың наразылық шараларына қатысу себептері бойынша жауаптардың бөлінуі (%)*

* [14] негізінде авторлармен құрастырылған

Суретте азық-түлік бағасының қымбаттауына қатысты жастар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі көрсетілген. Бұл жастар арасында алаңдаушылық тудырғанымен, 43.9%-ы бұл мәселені елеулі деп санамайды, ал тек 10%-ы оны басты проблема деп есептейді. Дәрі-дәрмек бағасының өсуі де маңызды мәселе ретінде қарастырылып, 8.6%-ы "иә" деп жауап бергенімен, 45.4%-ы бұл жағдайға бей-жай қарайды. Коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуі халықтың шығынын арттырғанымен, 8.4%-ы бұл мәселені басты назарда деп санайды, ал 45.8%-ы оны елеулі деп есептемейді. Отын бағасының қымбаттауы қозғалыс еркіндігіне әсер еткенімен, 46.6%-ы бұл мәселені маңызды деп санамайды, ал тек 8.2%-ы оны алаңдатарлық деп есептейді. Еңбек дауларының деңгейі салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, 49.7%-ы бұл мәселені маңызды деп санамайды, ал тек 6.9%-ы оны елеулі деп атап көрсеткен. Этникалық құқық бұзушылықтар қоғамда сирек кездесетіні байқалады, себебі 51.1%-ы бұл мәселеге алаңдамайды, ал тек 6.7%-ы оны назарға алады.



Сурет – 2. Әлеуметтік-экономикалық факторлар бойынша сауалнама негізіндегі көрсеткіш

* [14] негізінде авторлармен құрастырылған

Кескіннен көріп отырғандай, азық-түлік бағасының қымбаттауы (28,59%) халықтың, әсіресе әлеуметтік аз қамтылған топтар үшін ең маңызды проблема болып табылады. Бұл мәселе адамдардың күнделікті қажеттіліктеріне тікелей әсер етеді. Табыс деңгейі төмен адамдардың шығынын арттырып, тұрмыстық жағдайдың нашарлауына алып келеді. Коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуі (26,47%) отбасылық бюджетке қосымша салмақ түсіріп, өмір сапасына кері әсер етеді. Тағы бір назар аудару қажеттілігі маңызды мәселе, дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауы (26,21%) Бүгінгі күні әлеуметтік желіден сырқатына көмек сұраған жандардың көбеюі, аз қамтылған отбасылар мен созылмалы ауруы бар азаматтардың медициналық қызметтерді пайдаланудағы қиыншылықтары көп екенін көрсетеді. Этникалық белгілері бойынша құқықтарға нұқсан келтіру (20,88%), еңбек жанжалдары (20,56%), елдегі жағдайға, билік саясатына наразылық (20,25%) себептері бойынша сауалға қатысушы жастардың жаппай наразылық шараларына қатысуға дайын болу деңгейлері төмен.

Кесте – 1

Аймақтар бойынша жастар наразылықтарының деңгейі (%)


№	Аймақ (наразылық көңіл күй жоғары аймақтар ретімен)	Көтерілген мәселелер	Көңіл толмаушылық себептері	Ұсыныстар
1	Маңғыстау облысы	Барлық көрсеткіштер жоғары: азық-түлік (96.3%), дәрі-дәрмек (97.5%), коммуналдық тарифтер (90.2%), еңбек даулары (91.3%).	Азық-түлік пен тарифтердің жоғары болуы, еңбек даулары мен этникалық шиеленістер байқалады.	Бағаларды тұрақтандыру, жастарды жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру, этникалық диалог құру.
2	Ақтөбе облысы	Азық-түлік (50.5%), дәрі-дәрмек (48.4%), коммуналдық тарифтер (49.5%) жоғары.	Өмір сүру шығындарының артуы, еңбек нарығындағы тұрақсыздық.	Бағаны тұрақтандыру, жастарды әлеуметтік-экономикалық жобалармен қолдау.
3	Абай облысы	Азық-түлік (47.1%), дәрі-дәрмек (47.1%), коммуналдық тарифтер (37.8%).	Бағаның қымбаттауы, денсаулық сақтау шығындарының артуы.	Бағаларды тұрақтандыру, тарифтерді қайта қарау, дәрі-дәрмекке бақылау.
4	Атырау	Азық-түлік (30.6%),	Азық-түлік пен	Бағаларды

	облысы	коммуналдық тарифтер (27.8%), дәрі-дәрмек (26.4%) жоғары деңгейде.	тарифтердің тұрақсыздығы.	тұрақтандыру, жастардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған бағдарламалар енгізу.
5	Солтүстік Қазақстан облысы	Еңбек даулары (34.0%) және этникалық құқықтар (40.4%) мәселелері байқалады.	Этникалық шиеленістер және еңбек нарығындағы мәселелер.	Этникалық келісімді нығайту және еңбек нарығын тұрақтандыру бағдарламаларын іске асыру.
6	Түркістан облысы	Азық-түлік (32.5%), коммуналдық тарифтер (29.4%), отын бағасы (27.6%), еңбек даулары (22.8%).	Жастар азық-түлік пен тарифтердің тұрақсыздығына және жұмыссыздыққа шағымданады.	Бағаларды тұрақтандыру, еңбек нарығын жақсарту, жастарға арналған жұмыс орындарын құру.
7	Батыс Қазақстан облысы	Еңбек даулары (27.7%) басқа көрсеткіштерден жоғары.	Жұмыспен қамту және еңбек нарығындағы шиеленістер байқалады.	Еңбек нарығын тұрақтандыру және жұмысшылардың құқықтарын қорғау шараларын іске асыру.
	Кәсіпорындарды дамытуды мемлекеттік реттеу тетігі
	Өндіріске инвестицияларды өзін-өзі қаржыландыру тетігі
	Бәсекелестік және баға механизмі
Ынталандыру	Өндірісті ғылыми-техникалық дамытуды ынталандыру тетігі
	Қызметкерлерді ынталандыру механизмі
	Шаруашылықты ынталандыру механизмі
	Кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру тетігі

**[8] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған*

3-кестеде көрсетілген іске асыру тетіктерінің бұл жүйесі кәсіпорынның әртүрлі жағдайларында стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ете алады. Мұнда ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің икемді экономикалық шешімдерді таңдау арқылы олар үшін максималды әсермен қолайсыз және нашар басқарылатын факторларды жеңу мүмкіндіктерін тікелей пайдалану қабілетіне байланысты. Экономикалық реттеушілер арқылы мемлекет өзінің республикалық және жергілікті басқару органдары арқылы тауар өндірушілердің өндірістік процесті жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін табыс деңгейін ұстап тұруға, өткізуді ынталандыруға тиіс. Өндірушіден түпкілікті тұтынушыға дейін өтудің барлық кезеңдерінде өнімнің сапасын бақылау, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қолдау, астықтың белгілі бір түрлерін өндіруде жекелеген аймақтарды өңіраралық айырбастау және мамандандыруды тереңдету мүмкіндігін қамтамасыз ету, халықтың барлық топтары үшін азық-түлік тұтынудың қолжетімділігіне кепілдік береді. Тиісті экономикалық жағдайлар жасалған жағдайда қолда бар табиғи әлеует аграрлық сектордың жандануына ықпал етуі мүмкін.

Қорытынды. Зерттеу барысында астық саласының қазіргі жағдайы талданды. Астық нарығандығы даму сатысының V кезіңі бойынша бағытталған іс-шаралардың іске асырылуы ұзақ мерзімді перспективада астық өндіру саласындағы стратегиялық құжаттарды (соның ішінде астық өндірісін дамытудың салалық стратегияларын) әзірлеуге мүмкіндік береді. Астық өндірісін стратегиялық дамыту әдіснамасында зерттеу тақырыбына қатысты әдіснамалық жалпы ғылыми қағидаттардың (детерминация; комплементарлық; инварианттылық; объективтілік; өзін-өзі ұйымдастыру; жүйелілік; кешенділік; сәйкестік; белгісіздік арақатынасы; бейімделу) мазмұны нақтыланған, соның негізінде құқықтық, жүйелік және нысаналы тәсілдерді қолдану ерекшеліктері де бейімделген.

Астық өндірісінің стратегиялық дамуын зерттеу әдістемесі астық өндірісін стратегиялық талдаудың кешенділігін қамтамасыз етті. Алынған деректерді ауыл шаруашылығы ұйымдары болжау және жоспарлау, сондай-ақ АӨК кәсіпорындарының стратегиялық перспективаларына қол жеткізу үшін басқарушылық шешімдер қабылдауды негіздеу үшін қолдануы мүмкін. Стратегиялық талдау нәтижелерін астық саласының барлық кезеңдердегі өндірістік процестерді оңтайландыру үшін пайдалануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Камысбаев М.К., Молдашев А.Б., Бердыкулова Г.М. Агропромышленное производство Казахстана: вопросы диверсификации как приоритетного направления развития // Проблемы агрорынка. – 2022. – №3. – С. 13–20. – <https://doi.org/10.46666/2022-3.2708-9991.01>
2. Мизанбекова С.К., Калыкова Б.Б., Турашбеков Н.А. Система сбыта зерна как условие стабильности продовольственного рынка. // Проблемы агрорынка. – 2021. – № 4. – С. 128–135. – <https://doi.org/10.46666/2021-4.2708-9991.14>
3. Tireuov K., Mizanbekova S., Kalykova B., Nurmanbekova G. Towards food security and sustainable development through enhancing efficiency of grain industry. *Entrepreneurship and Sustainability Issues*. – 2018. – № 6. – P. 446–455. – <http://doi.org/10.9770/jesi.2018.6.1>
4. Нурғалиева А.А., Сартова Р.Б., Сарсенбаева А.А., Шафеева Л.А. Анализ современного состояния экономики агропромышленного комплекса. *Вестник университета «Туран»*. – 2022. – № 2. – С. 125–135. – <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-2-125-135>
5. Джолдасбаева Г.К., Есахметова Л.М. Экспорт продукции зерноперерабатывающих предприятий // Проблемы агрорынка. – 2020. – №2. – С. 126–133. – <https://doi.org/10.46666/2021-4.2708-9991.14>
6. Айтжанова Г.О., Садыкова А.К., Касымова Б.Т. Финансовые стимулы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан. *Вестник КазУЭФимТ*. – 2022. – №1. – С. 277–282. – [https://doi.org/10.522602304-7216.2022.1\(46\).36](https://doi.org/10.522602304-7216.2022.1(46).36)
7. Дабылтаева Н.Е., Нуртаева А. Состояние и перспективы развития сельскохозяйственной кооперации Казахстана. *Вестник университета «Туран»*. – 2022. – №1. – С. 36–41. – <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-1-36-41>
8. Смагулова Ш.А., Кожаметова Д.Ш., Жакупова С.Т. Зерновой рынок Казахстана: анализ конъюнктуры, конкурентные преимущества. *Проблемы агрорынка*. – 2022. – №3. – С. 98–106. – <https://doi.org/10.46666/2022-3.2708-9991.11>
9. Рустембаев Б.Е., Шуленбаева Ф.А., Тлеубаев А.Б. Технический парк зернового подкомплекса Казахстана: состояние и перспективы. *Проблемы агрорынка*. – 2022. – №2. – С. 13–25. – <https://doi.org/10.46666/2022-2.2708-9991.01>
10. Бейсекова П.Д., Болаткызы С., Абуталипова Ж.А. Особенности зернопродуктового кластера: рыночная переориентация. *Проблемы агрорынка*. – 2022. – №1. – С. 120–127. – <https://doi.org/10.46666/2022-1.2708-9991.14>
11. Байдыбекова С.К., Сауранбай С.Б., Еремекбаева Д.Д. Аграрный сектор экономики как основа продовольственной безопасности страны. *Вестник университета «Туран»*. – 2022. – №4. – С. 11–25. – <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-4-11-25>
12. Dzholdasbaeva G., Beisekova P. Cluster method and interaction mechanisms in the organization of grain production. *Scientific journal "Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan"*. – 2021 – №1. – P. 119–124. – <https://journals.nauka-nanrk.kz/reports-science/article/view/309>

REFERENCES

1. Kamysbaev M., Moldashev A., Berdykulova G. Agropromyshlennoe proizvodstvo Kazakhstan: voprosy diversifikacii kak prioritetnogo napravlenija razvitija. [Agro-industrial production in Kazakhstan: issues of diversification as a priority area of development.] *Problemy agrorynka*. – 2022. – №3. – S. 13–20. – <https://doi.org/10.46666/2022-3.2708-9991.01> [In Russian].

2. Mizanbekova S., Kalykova B., Turashbekov N. Sistema sbyta zerna kak uslovie stabil'nosti prodovol'stvennogo rynka. [Grain sales system as a condition for food market stability] Problemy agrorynka. 2021. – №4. – S. 128–135. – <https://doi.org/10.46666/2021-4.2708-9991.14> [In Russian].
3. Tireuov K., Mizanbekova S., Kalykova B., Nurmanbekova G. Towards food security and sustainable development through enhancing efficiency of grain industry. Entrepreneurship and Sustainability Issues. – 2018. – №6. – P. 446–455. – <http://doi.org/10.9770/jesi.2018.6.1>
4. Nurgaliev A., Sartova R., Sarsenbaeva A., Shafeeva L. Analiz sovremennogo sostojanija jekonomiki agropromyshlennogo kompleksa. [Analysis of the current state of the economy of the agro-industrial complex.] Vestnik universiteta «Turan». – 2022. – № 2. – S. 125–135. – <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-2-125-135> [In Russian].
5. Dzholdasbaeva G., Esahmetova L. Jekspport produkcii zernopererabatyvajushhih predpriyatij. [Export of products of grain processing enterprises] Problemy agrorynka. – 2020. – №2. – S. 126–133. – <https://doi.org/10.46666/2021-4.2708-9991.14> [In Russian].
6. Ajtzhanova G., Sadykova A., Kasymova B. Finansovye stimuly razvitija agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan. [Financial incentives for the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan.] Vestnik KazUJeFiMT – 2022. – № 1. – S. 277–282. – [https://doi.org/10.522602304-7216.2022.1\(46\).36](https://doi.org/10.522602304-7216.2022.1(46).36) [In Russian].
7. Dabytjaeva N., Nurtaeva A. Sostojanie i perspektivy razvitija sel'skohozjajstvennoj kooperacii Kazahstana. [The state and prospects of development of agricultural cooperation in Kazakhstan] Vestnik universiteta «Turan». – 2022. – № 1. – S. 36–41. – <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-1-36-41> [In Russian].
8. Smagulova Sh., Kozhahmetova D., Zhakupova S. Zernovoj rynek Kazahstana: analiz konjunktury, konkurentnye preimushhestva. [Grain market of Kazakhstan: market conditions analysis, competitive advantages] Problemy agrorynka. – 2022. – № 3. – S. 98–106. – <https://doi.org/10.46666/2022-3.2708-9991.11> [In Russian].
9. Rustembaev B., Shulenbaeva F., Tleubaev A. Tehnicheskij park zernovogo podkompleksa Kazahstana: sostojanie i perspektivy. [Technical park of the grain subcomplex of Kazakhstan: status and prospects] Problemy agrorynka. – 2022. – № 2. – S. 13–25. – <https://doi.org/10.46666/2022-2.2708-9991.01> [In Russian].
10. Beisekova P., Bolatkyzy S., Abutalipova Zh. Osobennosti zernoproduktovogo klastera: rynochnaja pereorientacija. [Features of the grain production cluster: market reorientation] Problemy agrorynka. 2022. – №1. – S. 120–127. – <https://doi.org/10.46666/2022-1.2708-9991.14> [In Russian].
11. Bajdybekova S., Sauranbaj S., Ermekbaeva D. Agrarnyj sektor jekonomiki kak osnova prodovol'stvennoj bezopasnosti strany. [The agricultural sector of the economy as the basis of the country's food security] Vestnik universiteta «Turan». – 2022. – № 4. – S. 11–25. – <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-4-11-25> [In Russian].
12. Dzholdasbaeva G., Beisekova P. Cluster metod and interaction mechanisms in the organization of grain production. Scientific journal "Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan". – 2021. – № 1. – P. 119–124. – <https://journals.nauka-nanrk.kz/reports-science/article/view/309>

Хамитова Д.М., Бабажанова Ж.А., Айтходжаева Г.И., Баймолдаева М.Т.

ФОРМИРОВАНИЕ СТРАТЕГИИ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИЯТИЙ ЗЕРНОВОЙ ОТРАСЛИ

Аннотация

В статье рассмотрены пути формирования стратегии развития предприятий зерновой отрасли. В качестве одного из развитых сегментов экономического пространства были обозначены направления функционирования предприятий зерновой отрасли. Определена стратегическая цель регулирования зернового сектора аграрной экономики. В целях динамичного развития и повышения конкурентоспособности на мировом рынке обсуждались современное состояние и проблемы зернового производства предприятий. Стратегическое развитие зернового производства работа по совершенствованию приоритетных направлений аграрной политики государства постоянно обновляется, однако на региональном уровне есть проявление слабости проработки этого вопроса. В исследовательской работе рассмотрены пути формирования стратегии развития на основе повышения эффективности функционирования основных участников технологической

цепочки предприятий зерновой отрасли. Научные изыскания по совершенствованию сельскохозяйственного комплекса были обоснованы в ходе исследования в теоретическом, методологическом и прикладном аспектах. Они изложили в своих работах актуальные проблемы предприятий зерновой отрасли путем анализа и сопоставления их структуры.

Предметом исследования в статье был описан устойчивый рост предприятий зерновой отрасли в формировании стратегии развития, основные элементы обеспечения конкурентоспособности и адаптации к изменениям внешней среды.

В ходе работы использовались такие общенаучные методы познания, как синтез, анализ, статистика.

Проанализированные данные могут быть использованы при прогнозировании и планировании в сельскохозяйственных организациях, а также при принятии управленческих решений для достижения стратегических перспектив предприятий АПК.

Khamitova D., Babazhanova Zh., Aitkhodzhayeva G., Baymoldaeva M.

FORMATION OF A STRATEGY FOR THE DEVELOPMENT OF GRAIN INDUSTRY ENTERPRISES

Annotation

The article discusses ways to form a strategy in the development of grain industry enterprises. The directions of functioning of grain industry enterprises as one of the most developed segments of the economic space were indicated. The strategic goal of regulating the grain sector of the agricultural economy has been determined. The current state and problems of grain production of enterprises were discussed in order to increase their dynamic development and competitiveness in the world market. Strategic development of grain production work on improving the priority areas of the state's agricultural policy is constantly being updated, but at the regional level there is a weakness in the elaboration of this issue. The research work examined ways to form a development strategy based on improving the efficiency of the functioning of the main participants in the technological chain of enterprises in the grain industry. Scientific searches for the improvement of the agricultural complex were substantiated in the course of the study in terms of theoretical, methodological and applied aspects. They set out their actual problems in their works by analyzing and comparing the structure of grain industry enterprises.

The article describes the main elements of ensuring sustainable growth of grain industry enterprises in the formation of development strategies, competitiveness and adaptation to changes in the external environment.

In the course of the work, such methods of general scientific knowledge as synthesis, analysis, statistics were used.

The analyzed data can be used in forecasting and planning in agricultural organizations, as well as in making managerial decisions to achieve strategic prospects for agribusiness enterprises.



DOI 10.52260/2304-7216.2025.1(58).34

ӨЖЖ 33.338.48

FTAMP 06.52.45

Ж.А. Дулатбекова*, э.ғ.к., қауымд. профессор¹Д.М. Хамитова, э.ғ.к., қауымд. профессор²Ж.А. Бабажанова, э.ғ.к., профессор²М.М. Нурпенсова, э.ғ.к., қауымд. профессор³

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан¹

Қазақ ұлттық хореография академиясы,

Астана қ., Қазақстан²

Еуразиялық Технологиялық Университет,

Астана қ., Қазақстан³

– негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: d_jann@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛЕРІНДЕ ТУРИЗМДІ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ

Зерттеудің өзектілігі Қазақстанның бай тарихы мен оның бірегей географиялық орналасуы туризмнің көптеген түрлерін, соның ішінде экологиялық, іскерлік және этнографиялық, спорттық түрлерін өңірлерде дамытуға жағдай жасауда және еліміздегі ең танымал туристік бағыттар бойынша туризмді дамытуға мүмкіндіктер беріп отыр. Мақаладағы өңірлердегі бай туристік ресурстардың әлеуетін кеңінен қолдануды, саланың дамуына тежеуші және кездейсоқ факторларды зерттеу тұрақты дамуды зерттеуі маңызды. Себебі, туризм сыртқы және ішкі факторларға өте тәуелді және саланың сұранысының икемділігі де жоғары сала. Зерттеудің міндеттері ретінде: өңірлердегі туризмнің тұрақты дамуы жағдайын талдау және дамуға әсер ететін факторларды анықтап, оңтайландырудың жолдарын ұсына отырып, еліміздегі туристер ағынын құру және арттыруды қарастырған. Қазақстан туризмінің дамуына, сонымен қатар климаттық жағдайы мен геосаяси орналасуы мен көпұлтты мәдениетімен қатар, тұрақты экономикалық дамуы да әсерін тигізуде. Авторлармен аталған мақаланың зерттеу мақсатына сай туризмнің өңірлердегі дамуына әсер етіп отырған факторларын анықтауда факторлық талдау әдістерімен тұрақты дамытудың маңызы мен тежеуші факторлары анықталып, өңірлердегі тұрақты дамытудың қажетті іс-шаралардың бағыттары ұсынылды. Өңірлердегі туризмнің тұрақты дамуына әсер етіп отырған факторлар экономикалық, статистикалық, факторлық талдау әдістері арқылы негізделіп, оңтайландыру жолдары ұсынылған. Тұрақты даму басқа салалардың дамуына да түрткі болады, оның ішінде ауыл шаруашылығы, қызмет көрсететін салалар мен сауда және тағы басқада салалардың дамуына және өңірлердегі жұмыссыздық мәселесін шешуге және халықтың тіршілігін ұзартуға, салауатты өмір салтын қамтамасыз етуге және жан-жақты дамуына, әл-ауқатын арттыруға оң әсерін тигізеді.

Кілт сөздер: экономика, туризм, тұрақты даму, инновация, инвестиция, сұраныс, ұсыныс, жұмыссыздық, стратегия.

Ключевые слова: экономика, туризм, устойчивое развитие, инновации, инвестиции, спрос, предложение, безработица, стратегия.

Keywords: economics, tourism, sustainable development, innovation, investment, demand, supply, strategy, unemployment.

JEL Classification: O1, O2, O21, P11, P21

Кіріспе. Тұрақтылық әртүрлі типтегі жүйелердің әмбебап қасиеті бола отырып, экзогендік және эндогендік факторлардың теріс әсеріне қарамастан ішкі және сыртқы функцияларды тиімді орындау қабілетінде жатыр. Жүйенің даму тұрақтылығы нәтиженің рұқсат етілген минимумнан төмен емес және объективті түрде анықталған максимумнан жоғары емес жүйелі өсуімен сипатталады. Осыған байланысты «тұрақты өсу» және «тұрақты даму» ұғымдарын ажырату қажет. Тұрақты даму екі негізгі ұғымды қамтиды:

1) халықтың аса кедей топтарының өмір сүруі үшін қажетті қажеттіліктер, басымдықтың нысанасы болуға тиіс;

2) қоршаған ортаның қазіргі және болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне салынатын технология мен қоғамды ұйымдастырудың жай-күйіне байланысты шектеулер ұғымы» [1].

Тұрақты даму параметрлері өңірлердің дамуының сандық және сапалық өзгеруінің оң векторын білдіреді. Ол аталған көрсеткіштердің тұтастай алғандағы бағытының оң бағытқа ие болуына әсер етеді.

Туризм әлемдік деңгейде қарқынмен дамып келе жатқан салалардың бірі. Оның әлемдік деңгейдегі жылдық айналымы қазіргі таңда 3,8 трлн. Долларды құраса, оған салынған күрделі салымдар 700 млрд. долларды құрап отыр [2]. Яғни, туризм тұрақты сұранысқа ие сала екендігін айқындап отыр. Туризмнің қызметінен түскен түсім өңірлердің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне ғана әсер етпейді, жалпы туристік сала қызметі өңір халқының мәдениетіне, өмір салтына, халық денсаулығына, табиғи ортасына және тағы басқада даму жағдайларына әсер етеді. Сонымен қатар, өңірлердегі көлік, байланыс, инфрақұрылымының, әсіресе ауыл шаруашылығы мен құрылыстың, халықтың тұтынатын тауарлар өндірісінің, сауданың дамуына әсер ете отырып, экономикалық дамуының катализаторы ретінде әрекет етеді.

Мақаланың мақсаты. Еліміздің өңірлеріндегі туризмнің даму жағдайын және оларға әсер ететін факторларды анықтап, дамыту жолдарын айқындап, маңызын негіздеу болып табылады.

Зерттеу әдістері: экономикалық-статистикалық, факторлық талдау мен маркетингтік зерттеу әдістері қолданылды.

Әдебиеттік шолу. Туризмнің тұрақты дамуының маңызын айқындай отырып, оның негізгі қызметтері басқа сала қызметтерін жұмылдыратынын А.А. Романов зерттеген [3]. Leiper N аймақтың туристік индустриясының дамуы басқа салалардың дамуының қозғаушы күші екендігін зерттеген [4]. Jafari J. туризмнің тұрақты дамуына әсер ететін тежеуші факторлардың әсерін айқындаған. Олардың зерттеулері өңірлердегі туристік сала қызметінің маңызын айқындай отырып, кезек күттірмейтін мәселелерді оңтайландырумен қатар, туризмді дамыту арқылы өңірлердің дамыту жолдарын негіздеуге мүмкіндік берді [5]. Отандық ғалымдардың қатарында Б.Р. Жаркенова, А.Х. Муканов, Г.К. Замбинова, Н.Е. Абдильдинованың зерттеулерінде жалпы туризм – өсу әлеуеті зор және болашақта дамуға елеулі мүмкіндіктері бар әлемнің көптеген елдері экономикасының стратегиялық салаларының бірі екендігін негіздеуі, өңірлердің тұтастай туризмді дамытудағы қосқан үлесінің әлемдік деңгейдегі беделін арттыратынын негіздейді [6].

М.Б. Молдажанов, К.Е. Хасенова, Л.М. Шаяхметова туризм индустриясындағы туекелдерді зерттеуде туризмнің сыртқы және ішкі себептерін зерттей отырып, инвестициялық тартымдылықтың маңызын айқындаған. Ол өңірлердегі туристік сала субъектілерінің дамуындағы туристік жобаларды іске асыруда маңызды және қаржылық мәселелерді оңтайландыруға септігін тигізеді [7].

А.А. Жунусова, Н.Ж. Құрманқұлова, Н. Терджан және Д.С. Кадырбекованың еліміздің аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу үшін ішкі туризмді дамыту және оны кешенді шаруашылықпен басқару шешуші мәнге ие екендігін негіздеуі, өңірлердегі салаларды тұтастай дамыту және туризмнің дамуына әсер етіп отырған факторлардың маңызын айқындайды [8]. Ішкі туризмді дамытуда өңірлердің, тұтастай алғанда ел туризмінің дамуын тежейтін факторлар дағдарыстар, қылмыс, саяси тұрақсыздық, инфляциямен қатар, кәсіби мамандану, инфрақұрылымдық, басқа салалардың, әсіресе қызмет көрсететін, қызметінің толыққанды жүзеге асыруына мүмкіндік беретін салалардың мәселелері де факторлар қатарына жатады. Отандық және шетелдік авторлардың зерттеу әдістерін және тұжырымдарын негізге ала отырып, үздіксіз зерттеуді қажет ететін өңірлердің туризмінің жете көрсеткіштері негізінде тежеуші факторлар қатарын анықтау, өңірлердегі туризмнің тұрақты дамуы тұтастай алғанда ішкі туризмнің дамуына әсер ететіндіктен, туризмнің сыртқы және ішкі факторларға икемділігін ескере отырып, ғылыми тұрғыда зерттеу тұрақты дамудың тетіктерін қамтамасыз етеді.

Негізгі бөлім. Туризм қазіргі уақытта әлемдік экономиканың басты орнында, сонымен қатар әлем бойынша пайданы ең көп түсіретін бизнестің қатарында. Әлемдік экономикада туризмнің болашағы өте маңызды. Туристік нарықта бұл сала өзара үлкен, орта және кіші кәсіпорындардың дамуына, әрекет етуіне мүмкіндік береді. Жалпы еліміздің өңірлеріндегі туристік кәсіпорындар қызметінің дамуы тұтастай алғанда ішкі туризмнің дамуына алып келеді. Өңірлердің ішінде туристерге орналастыру орындарымен қызмет көрсетуде жоғары үлесті Алматы қаласы алып отыр. Алматы қаласы 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 12,4 пайызға артқан. Жалпы Қазақтан

бойынша қызмет көрсетілгендер саны 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 804108 адамға артық орындалған, яғни 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 10,9 пайызға қызмет көрсетудегі тұтынған туристер саны артып отыр. Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысының туристік қызметтегі белсенділігін ерекше атап өтуге болады. Қызмет көрсетілген турист саны 2022 жылмен салыстырғанда 64,5 пайызға артқан.

Кесте – 1

Қазақстан өңірлеріндегі туристік қызметтің жағдайы

	Туристік қызметті тұтынушылар				Туристік қызметтен түскен түсім			Ауытқуы 2023/2022 ж.ж.	
	саны, адам	үлесі, %	саны, адам	үлесі, %	түсім, мың теңге	үлесі, %	түсім, мың теңге	саны	түсім
Қазақстан Республикасы	7335162	100	8139270	100	644281718,6	100	868893347,5	111,0	134,9
Абай	269360	4	333 966	4	7 999 278,7	1	16 793 745,7	124,0	209,9
Ақмола	443184	6	504 542	6	26 078 150,0	4	25 187 061,2	113,8	96,6
Ақтөбе	186637	3	185 326	2	23 051 662,1	4	30 664 235,3	99,3	133,0
Алматы	354842	5	408 129	5	37 041 454,0	6	46 945 594,7	115,0	126,7
Атырау	160149	2	171 775	2	10 056 868,9	2	12 078 621,9	107,3	120,1
Батыс Қазақстан	101276	1	166 560	2	19 250 038,5	3	32 440 064,5	164,5	168,5
Жамбыл	135712	2	156 631	2	31 023 511,1	5	45 208 501,8	115,4	145,7
Жетісу	325723	4	269 071	3	14 921 559,1	2	20 961 218,9	82,6	140,5
Қарағанды	305199	4	362 344	4	66 525 095,8	10	89 597 744,2	118,7	134,7
Қостанай	228496	3	221 107	3	26 539 423,3	4	31 737 851,0	96,8	119,6
Қызылорда	100492	1	116 809	1	21 133 879,7	3	22 553 544,0	116,2	106,7
Маңғыстау	310217	4	390 332	5	16 987 763,5	3	38 640 223,4	125,8	227,5
Павлодар	191712	3	213 092	3	19 361 218,5	3	29 612 818,9	111,2	152,9
Солтүстік Қазақстан	146163	2	153 986	2	46 159 169,9	7	17 777 246,7	105,4	38,5
Түркістан	253454	3	272 937	3	10 416 759,9	2	46 159 622,1	107,7	443,1
Ұлытау	25658	0,3	31 047	0,4	30 711 298,2	5	12 317 484,2	121,0	40,1
Шығыс Қазақстан	360319	5	370054	5	30711 298,2	5	33 816 946,5	102,7	110,1
Астана қ.	1178404	16	1324047	16	71 879 990,6	11	113688657,2	112,4	158,2
Алматы қ.	1809368	25	2038417	25	112783009,2	18	162437813,4	112,7	144,0
Шымкент қ.	448797	6	449 098	6	25 176 267,6	4	40 274 351,9	100,1	160,0

* [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған


Өңірлердің ішінде ең төменгі көрсеткішке ие болған Ұлытау, Қызылорда, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарын атап өтуге болады. Туристер санын қабылдауда алдыңғы қатарлы үштікті атап өтетін болсақ, онда: Алматы қаласы, Астана қаласы мен Ақмола облысы жоғарғы көрсеткішке ие болып отыр.



Сурет – 1. Қазақстан өңірлеріндегі туристерді қабылдаудағы ең жоғары және төменгі көрсеткіштеріне ие өңірлер, %

* [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Алматы қаласы жалпы Қазақстанда қызмет көрсетілген туристердің 25 пайызын иемденсе, ал ең төменгі көрсеткіш Ұлытау облысына тиесілі болып отыр. Шетелдік туристердің көпшілігі іскерлік кездесулерге - іскерлік туризмге көп келеді. Іскерлік мақсаттағы туристердің санын арттыруда Қазақстан өңірлерінен бірінші кезекте Маңғыстауда орын алды. Алматыны қаласымен қатар, бұл өңірлер ресейлік туристер қызықтыра бастаған. Сондай-ақ, 2024 жылдың маусым айының басынан бастап туристер Баянауыл, Бурабай және Имантау-Шалқар Солтүстік курорттарына баруды арттырған. Пандемияға дейін бұл жерге бір уақытта 500 000 турист келген. 2024 жылы 2-3 есеге артқан. Егер алыс жақын шетелдерден араб туристері туралы айтатын болсақ, онда олар бірінші кезекте Алматыдағы тауларды көруге қызығушылық танытуда. Алматының олар үшін жұмсақ климаты мен таудың салқын климаты, ландшафттың сұлулығы қызықтыруда. Сондай-ақ, Алматыда жайлы бес жұлдызды қонақ үйлер, жақсы мейрамханалар және туристердің осы тобы үшін маңызды автокөліктерді жалға алу мүмкіндіктері жоғары. Кейбір араб туристері қысқы ауа-райында саяхаттауда қызығушылық танытқан. Елімізде танымал туристік ішкі бағытты арттырып отырған ұлттық саябақтар, сонымен қатар тау шаңғысы курорттары, санаторийлер мен сауықтыру орталықтары тартымдылықты арттыру мақсатында белсенділіктерін арттырып, ресурстарын жаңғыртуда. Ұлттық саябақтарға келушілер саны 2019 жылмен салыстырғанда үш есе артқан, яғни 2023 жылы 698 мың адамнан 2,4 миллионға дейін өскен. Экологиялық туризмнің қызметтеріне сұраныс, атқа мініп серуендеумен қатар, балық шаруашылығының қызметін тұтытуда Қарағанды облысы, агротуризмнің өнімдеріне сұраныстың артуына Түркістан мен Алматы облысының үлесі жоғары болған. Сонымен қатар, табиғи қорықтар мен парктерге және жеке тұруға мүмкіндік беретін үйлердің қызметін тұтынуға сұраныс та артқан.



Сурет – 2. Елімізге келген туристердің өңірлерге болу үлесі, %

* [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Еліміздегі өңірлердегі сапар шеккен туристердің басым бөлігі жеке мақсатпен келуде. Сонымен қатар, туристердің жалпы елімізге келген санының 65 пайызы туыстарының үйінде орналасқан. Сонымен қатар, туристер кейбір өңірлерді транзиттік мақсатта пайдалануда. Қарағанды облысы осы мақсатта саяхаттаушылардың үлесін ерекше иеленіп отыр. Қарағандыдағы халықаралық деңгейдегі әуежай туристердің басқа өңірлерге бағыттауына мүмкіндік бергіп отыр. Қарағанды облысында туристердің түнеуі бойынша басқа өңірлермен салыстырғандағы үлесі жоғары. Бір жағынан бұл жағдай Қарағанды облысына туристердің тартымдылығының артуына, мүмкіндіктердің ашылуына әсер етер еді. Қарағанды облысының географиялық орналасуы туристердің ішінде транзиттік мақсаттағы автокөлікпен тасымалданатын туристердің мақсатын да іске асырып отыр. Туристердің ағынының артуы түсімнің артуына әсер етеді.



Сурет – 4. 2022-2023 жылдар аралығындағы туристік қызметтің салыстырмалы даму және кему деңгейі, %

* [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2022 жылды 2023 жылдармен салыстырғандағы көрсеткіші Түркістан облысының басқа өңірлермен салыстырғанда туристерді қабылдауы және түсімінің 4 есеге артып отырғанын ерекше атап өтуге болады. Оған әсер етіп отырған Түркістандағы туристік рекреациялық ресурстың жаңғыруы, оның ішінде «Керуен-сарай» көпфункционалды кешеннің рөлі жоғары болды. Еліміздің халқы әр өңірлерден кешенді көруге ұмтылып, сұраныс артты. Түркістан облысының туристік инфрақұрылымының мәселелерінің де оңтайлануы, халықаралық әуежайдың қолданысқа берілуі туристердің ыңғайлы сапарына оң әсерін тигізді.

Қазақстандағы туризмді дамытудың тежеуші факторларының бірі жолаушылардың тасымалы мәселелері. Туристтік сапардың шығынының құрамының 50 және одан да көп пайыздық бөлігін тасымалдауға кеткен шығын құрайды [10]. Сондықтан, туристердің әсерлі демалысын ұйымдастыруда тасымалдау құралдарымен қатар, тасымалдауды ұйымдастырудағы инфрақұрылымдық нысандарға қол жетімділікті, сондай-ақ әуежайларды, теміржол вокзалдарын және автовокзалдарды, туристік маршруттағы жайлылықты қамтамасыз ету қажет. Өңірлердің ішінде инфрақұрылым мәселелерін қолға алумен қатар, Түркістан облысы ең арзан әуе көлігінің қызметін ұсынуда көшбасшылыққа ие болды.

Сонымен қатар, әртүрлі іс-шаралардың ұйымдастырылуы туристер ағынын арттыруда туристік ресурстардың тартымдылығымен қатар жүретіні белгілі. Қазіргі таңда елімізде жалпы туристердің тұтыну деңгейін арттыру мақсатында әлемнің түкпір-түкпірінен әкелінген ең әдемі 25 шар, жүздеген түрлі-түсті батпырауықтар, ерекше фотоаймақтар, балалар мен жастар алаңдары, шеберлер жәрмеңкесі, музыкалық орындаушылардың, театр, цирк әртістерінің қойылымдары, конкурстар, арт – спектакльдер және жүлделер, ұтыс ойындары, фестивальдердің ұйымдастырылуы тартымдылықты арттыруға ерекше әсерін тигізуде.

Қорытынды. Аталған шаралардың ұйымдастырылуы және саланың дамуына жасалынған іс-шаралар жалпы өңірлердің туризмінің дамуына нақты әсер еткен. Оған мысал ретінде туристік сала қызметін тұтынудың төрт есе артуы Түркістан облысында байқалып отыр. Талдау нәтижесінде анықталған ең төменгі даму көрсеткішке ие болған Ұлытау, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарына келесідей іс-шараларды қолға алуды ұсыну қажет:

- туристік инфрақұрылымды дамыту;
- туризм саласындағы туристік ресурстардың тартымдылығын арттыруда оң инвестициялық ахуал қалыптастыру;
- туристік өнімді жылжытудың маркетингтік стратегияларын әзірлеу;
- туристік өнімдердің жаңа түрлерін қалыптастыру;
- туристік қызметті ұсынуда білікті мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыру;
- жаңа анимациялық бағдарламалар жасау;
- туризмді дамытуға және оның ішінде нысандарын қайта жаңғыртуға бюджет қаражатын арттыру мен мақсатты пайдалануды реттеуді күшейту;

- туристік іс-шаралар қатарын арттыру: фестивальдер, байқаулар, конференциялар, мерекелік іс-шаралар мен көрмелер және т.б.;
- жарнамалар мен сандық жүйеде саталым шараларын арттыру, туристерге ақпараттардың жеткізілуін күшейту және т.б.

Туристік қызметті қолдау арқылы жетілдіруге кейбір өңірлер аса басымдылық алғаны зерттеу нәтижесінде анықталды, оның ішінде Түркістан облысының туристік рекреациялық ресурстарын жаңғырту мен инфрақұрылымның мәселелерін оңтайландыруы туристер санының артуына бірден-бір септігін тигізіп, түсімнің артуына алып келген. Сонымен қатар, аталған ұсыныстардың қаржы көзі мен инвестициялық тартымдылығын арттыруға «Бурабай» арнайы экономикалық аймағының тәжірибиесі негіз бола алады. Зерттеу нәтижесінде анықталған өңірлердің қатарындағы туристік ресурстарға бай Ұлытау және Абай облыстарына мемлекеттік қолдауларды қолға ала отырып, инвестиция тартуға мүмкіндік болар еді. Ұлытау облысы халықаралық деңгейде этнографиялық туризмнің дамуына, ал Абай облысы экологиялық туризмнің дамуына қолайлы өңірлер болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Веселова Н.Ю. Организация туристской деятельности: учебное пособие. – Москва: Дашков и К. – 2021. – 254 с.
2. Шимова О.С. Устойчивый туризм: учебно-методическое пособие. – Минск: РИПО. – 2014. – 258 с.
3. Романов А.А., Саакянц Р.Г. География туризма: учебное пособие. – М.: Советский спорт. – 2002. – 464 с.
4. Leiper N. The Framework of Tourism; Towards a Definition of Tourism, Tourist, and the Tourist Industry // Annals of Tourism Research. – 1979. – №4(6). – P. 392–395.
5. Jafari J. Editor's Page // Annals of Tourism Research. – Special Number. – October/December. – 1977. – 8 p.
6. Жаркенова Б.Р., Муканов А.Х., Замбинова Г.К., Абдильдинова Н.Е. Туристік өңірдің экономикалық белсенділігін арттырудағы брендингтің рөлі. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2023. – №1(50). – doi 10.52260/2304-7216.2023.1(50).22
7. Молдажанов М.Б., Хасенова К.Е., Шаяхметова Л.М. Туризм индустриясындағы тәуекел факторын ескере отырып, инвестициялық жобаның экономикалық тиімділігін бағалау. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2022. – №2(47). – doi 10.52260/2304-7216.2022.2(47).40
8. Жунусова А.А., Құрманқұлова Н.Ж., Терджан Н., Кадырбекова Д.С. Қазақстандағы туризм инфрақұрылымының даму ерекшеліктері. Туризм индустриясындағы тәуекел факторын ескере отырып, инвестициялық жобаның экономикалық тиімділігін бағалау. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2024. – №2(55). – doi 10.52260/2304-7216.2024.2(55).32
9. Қазақстан туризмі. – URL:<https://stat.gov.kz/publication/collections/?year=&name=16286&period=>.
10. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>
11. Мир событийного туризма в Казахстане. Какие интересные фестивали ждут туристов в июле. – URL: <https://tengrinews.kz/news/mir-sobyitiynogo-turizma-kazahstane-kakie-interesnyie-505372/?ysclid=m96iepye1o825923046>

REFERENCES

1. Veselova N. Organizaciya turistskoj deyatel'nosti: uchebnoe posobie. – Moskva: Dashkov i K. – 2021. – 254 s. [in Russian]
2. Shimova O. Ustojchivyj turizm: uchebno-metodicheskoe posobie. – Minsk: RIPO. – 2014. – 258 s. [in Russian]

3. Romanov A., Saakyanc R.G. Geografiya turizma: uchebnoe posobie. – M.: Sovetskij sport. – 2002. – 464 s. [in Russian]
4. Leiper N. The Framework of Tourism; Towards a Definition of Tourism, Tourist, and the Tourist Industry // Annals of Tourism Research. – 1979. – №4(6). – P. 392–395.
5. Jafari J. Editor's Page // Annals of Tourism Research. – Special Number. – October/December. – 1977. – 8 p.
6. Zharkenova B., Mukanov A., Zambinova G., Abdil'dinova N. Turistik onirdin ekonomikalıq belsendiligin arttyrudagy brendingtin roli. Qazaq ekonomika, qarzhy zhane halyqaralyq sauda universitetinin zharshysy. – 2023. – №1(50). – doi 10.52260/2304-7216.2023.1(50).22 [In Kazakh]
7. Moldazhanov M., Hasenova K., Shayahmetova L. Turizm industriyasındagy tauekel faktoryn eskere otyryp, investiciyalıq zhubanyn ekonomikalıq tiimdiligin bagalau. Qazaq ekonomika, qarzhy zhane halyqaralyq sauda universitetinin zharshysy. – 2022. – №2(47). – doi 10.52260/2304-7216.2022.2(47).40 [In Kazakh]
8. Zhunusova A., Qurmanqulova N., Terdzhan N., Kadyrbekova D. Qazaqstandagy turizm infraqurylymynyn damu erekshelikteri. Turizm industriyasındagy tauekel faktoryn eskere otyryp, investiciyalıq zhubanyn ekonomikalyn tiimdiligin bagalau. Qazaq ekonomika, qarzhy zhane halyqaralyq sauda universitetinin zharshysy. – 2024. – №2(55). – doi 10.52260/2304-7216.2024.2(55).32 [In Kazakh].
9. Qazaqstan turizmi. – URL:<https://stat.gov.kz/publication/collections/?year=&name=16286&period=> [In Kazakh]
10. Qazaqstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023–2029 zhyldarga arналган tuzhyrymdamasyn bekıtu turaly. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> [In Kazakh].
11. Mir sobyitiynogo turizma v Kazahstane. Kakie interesnye festivali zhdut turistov v iyule. – URL: <https://tengrinews.kz/news/mir-sobyitiynogo-turizma-kazahstane-kakie-interesnye-505372/?ysclid=m96iepye1o825923046> [in Russian]

Дулатбекова Ж.А., Хамитова Д.М., Бабажанова Ж.А., Нурпеисова М.М.

ПУТИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА В РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Актуальность исследования заключается в том, что богатая история Казахстана и его уникальное географическое положение создают условия для развития в регионах многих видов туризма, в том числе экологического, делового и этнографического, спортивного, и предоставляют возможности для развития туризма по самым популярным туристским направлениям страны. Изучение широкого использования потенциала богатых туристских ресурсов в регионах, сдерживающих и случайных факторов развития отрасли в статье важно изучение устойчивого развития. Это связано с тем, что туристическая отрасль сильно зависит от внешних и внутренних факторов, а эластичность спроса отрасли также высока. В качестве задач исследования предусмотрены: анализ состояния устойчивого развития туристской отрасли в регионах и создание и увеличение потока туристов в стране с выявлением и предложением путей оптимизации факторов, влияющих на развитие. Развитие туристской отрасли Казахстана, наряду с климатическими условиями, геополитическим расположением и многонациональной культурой, оказывает влияние на устойчивое экономическое развитие. В соответствии с целью исследования данной статьи авторами методами факторного анализа выявлены значение устойчивого развития и сдерживающие факторы в определении факторов, влияющих на развитие туристской отрасли в регионах, предложены направления необходимых мероприятий устойчивого развития в регионах. Факторы, влияющие на устойчивое развитие туризма в регионах, обоснованы методами экономического, статистического, факторного анализа, предложены пути оптимизации. Устойчивое развитие также стимулирует развитие других отраслей, в том числе сельского хозяйства, сферы услуг и торговли и других, и положительно влияет на решение проблемы безработицы в регионах и продление жизни населения, обеспечение и всестороннее развитие здорового образа жизни, повышение благосостояния.

Dulatbekova Zh., Khamitova D., Babazhanova Zh., Nurpeisova M.

WAYS OF SUSTAINABLE TOURISM DEVELOPMENT IN THE REGIONS OF KAZAKHSTAN

Annotation

The relevance of the research lies in the fact that the rich history of Kazakhstan and its unique geographical location create conditions for the development of many types of tourism in the regions, including environmental, business, ethnographic, sports, and provide opportunities for the development of tourism in the most popular tourist destinations of the country. The study of the widespread use of the potential of rich tourist resources in the regions, constraining and accidental factors of the development of the industry in the article it is important to study sustainable development. This is due to the fact that the tourism industry is highly dependent on external and internal factors, and the elasticity of demand of the industry is also high. The objectives of the study include: analyzing the state of sustainable development of the tourism industry in the regions and creating and increasing the flow of tourists in the country, identifying and suggesting ways to optimize the factors influencing development. The development of Kazakhstan's tourism industry, along with climatic conditions, geopolitical location and multinational culture, has an impact on the sustainable economic development of the Sayai. In accordance with the purpose of the study of this article, the authors used factor analysis methods to identify the importance of sustainable development and constraints in determining factors affecting the development of the tourism industry in the regions, and proposed the directions of necessary measures for sustainable development in the regions. The factors influencing the sustainable development of tourism in the regions are substantiated by methods of economic, statistical, and factor analysis, and optimization methods are proposed. Sustainable development also stimulates the development of other industries, including agriculture, services and trade, and others, and has a positive impact on solving the problem of unemployment in the regions and prolonging the life of the population, ensuring and comprehensively developing a healthy lifestyle, and improving well-being.



DOI 10.52260/2304-7216.2025.1(58).35

UDC 338.482

SRSTI 06.71.57

B. Taipakova*, PhD student¹
K. Mussina, c.e.s., assoc. professor¹
Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan¹

* – main author (author for correspondence)
e-mail: bayana81@mail.ru

EFFICIENCY OF INNOVATIONS IN MICE TOURISM DEVELOPMENT

Tourism development has a number of important consequences: from the growth of entrepreneurial activity and the transformation of the labor market to the redistribution of public resources. It also stimulates innovation, changes investment strategies and management practices, and forms new consumer preferences.

This article explores how the effectiveness of innovations in global tourism can be assessed using various theoretical and methodological approaches. It analyzes how innovations can help countries become more competitive in the tourism sector and examines examples of innovation strategies used in European countries.

The purpose of the study is to assess the effectiveness of innovations in world tourism, identify the integral index of the effectiveness of the national innovation strategy in the field of tourism.

The main research methods are theoretical methods such as research analysis, statistical processing, and synthesis of the data obtained. Of the empirical methods, observation, measurement and comparison were used.

As a result, the formula for the final index of the effectiveness of the national innovation strategy in world tourism was calculated. and a rating of the effectiveness of innovations in the field of tourism of the main tourist destinations of Europe was compiled, which is the scientific significance of this study.

Keywords: innovations in tourism, performance index, innovation management, global tourism market, EXPO exhibitions, development of MICE tourism, visitors, destination.

Кілт сөздер: туризмдегі инновациялар, өнімділік индексі, инновацияларды басқару, әлемдік туристік нарық, EXPO көрмелері, MICE туризмін дамыту, келушілер, дестинация.

Ключевые слова: инновации в туризме, индекс эффективности, управление инновациями, мировой туристский рынок, выставки ЭКСПО, развитие MICE туризма, посетители, дестинация.

JEL classification: L 83

Introduction. Innovations are a key factor in the development of economies with a high level of market relations. Activity in the innovation sphere largely determines the pace of socio-economic progress. Developed economies place innovation at the forefront of their public policy, viewing it as a key tool for increasing competitiveness and strengthening the country's role in the international division of labor.

The main objective of the study is to assess the effectiveness of innovations in global tourism, which is reflected in the task of identifying the integral index of the effectiveness of the national innovation strategy in the field of tourism by calculating a formula that uses the index of the implementation of innovation potential (for example, investments, personnel, infrastructure); as well as the index of the effectiveness of innovation activities (for example, the introduction of technologies, participation in EXPO, the number of new tourism products).

To calculate each index, certain statistical indicators are used to assess the state and dynamics of specific areas of development of innovative tourism. These indicators are selected in such a way as to most accurately reflect the specifics of the aspect under consideration and ensure the possibility of conducting a correct comparative analysis between countries or regions.

To assess the effectiveness of national strategies for innovative development in the field of tourism, an index is used, calculated on the basis of official UNWTO statistics and a set of economic indicators. These indicators allow a comprehensive assessment of the innovative potential and the real level of innovation in the tourism industry of the analyzed country [1].

Based on the results of the study, the authors compiled a rating of the effectiveness of innovations in the field of tourism of the main tourist destinations in Europe.

Literature review. Key factors for the development of MICE tourism are of great importance, which need to be studied both separately and in dependence on each other [2]. MICE means meetings, incentives,

conferences or congresses, as well as conventions and exhibitions. Business tourism includes all aspects of the experience of travelers staying at least one night away from their permanent residence.

The smart and innovative era has come about due to the accumulation of information technology (IT). The tourism industry has quickly followed the new era, which has evolved into “smart tourism” using various intelligent IT and has started to build a “smart tourism ecosystem” providing an intelligent tourism community that interacts with organizations and tourists from the tourism business world.

Thus, a group of authors such as Fesenmaier and Gretzel in tourism research show that smart technology and innovation play a decisive role in shaping the tourism decision [3].

The acceptance of IT users by intelligent technologies is shaped by cognitive and affective reactions, as discussed in the works of foreign author Li [4].

Recently, the MICE (meetings, incentives, conferences, exhibitions) industry has paid much attention to Smart MICE, such as the exhibition guide system (EGS), to maximize the effect of exhibition activities - this topic was studied by Chung [5].

The motivational issues of exhibition visitors: building relationships, collecting information, purchasing and learning about the latest trends are discussed in the works of authors such as Rittichainuwat and Mair [6].

To meet these motivations, innovative recommendation systems have been developed that allow tourists to simplify the decision-making process by providing personalized information and suggesting alternatives, as discussed in the studies of Fesenmaier [7]

The work also uses scientific works of the following Russian authors: N. I. Kabushkin, D. G. Reshetnikov, etc. researchers [8].

The main part. The main factors influencing the development of the tourism industry: The natural potential of the country: unique landscapes, climate and other natural features. Cultural and historical heritage: historical, architectural and artistic monuments, as well as local traditions and customs. Transport accessibility: a developed transport network that ensures ease of travel for tourists. Socio-economic and legal conditions: a stable economy, an attractive investment climate and a legislative framework regulating tourism activities.

The state in the tourism sector always strives to: Guarantee the rights of citizens on vacation and during travel. Environmental protection and rational use of natural resources. Create favorable conditions for the development of educational, health and cultural tourism. Develop the tourism industry, create jobs and increase income. Preserve tourist attractions and effectively use tourism resources. The main functions of state policy in the field of tourism: Coordination: coordinate actions between government agencies and participants in the tourism market. Planning: development of strategies and programs for tourism development. Regulation: establishment of norms and standards in the tourism sector. Marketing: promotion of the national tourism product. Stimulation: support of priority areas of tourism development. Social function: development of accessible tourism for all segments of the population. Protective function: ensuring the rights and interests of participants in the tourism market. Instruments of influence of state policy in the field of tourism: Provision of financial incentives and subsidies to tourism enterprises. Support for scientific research and implementation of innovations in the tourism industry. Active use of marketing tools to attract tourists in the international market.

Three main models of tourism management have developed in world practice: 1. Model with minimal government regulation. Example: America, where: Government spending on tourism at the federal level is reduced. Tourism is developing thanks to the country's strong economy. Large private companies are actively working, providing a high level of service and competitiveness.

1. Centralized model: In some countries where tourism is a priority area of state policy (for example, in Greece, Egypt, Tunisia and Turkey), tourism management is concentrated in the hands of a powerful ministry. These countries annually allocate significant funds for the promotion of tourism brands, large-scale advertising campaigns and the development of tourism infrastructure. 2. Mixed model: In countries with a moderate degree of centralization, such as Spain, Italy, Poland, France a mixed model is used. Within this model, there is a national tourism agency, which is part of a broader ministry dealing with various areas. The agency performs the functions of coordination, marketing and analysis of the industry, acting within the framework of the general economic or cultural policy of the country.

Event tourism as a promotion tool: One of the effective and modern ways of promoting national tourism destinations on the international market is event tourism.

Event tourism is a combination of entertainment and active participation in vibrant and significant cultural events. It covers many formats, including: Auctions and fairs, Theatrical productions and festivals, Film and theater forums, Gastronomic festivals, exhibitions, Fashion weeks and designer shows, Music festivals and competitions international sports competitions, World EXPO exhibitions and other large-scale events. International EXPO exhibitions occupy a special place in event tourism. They serve as global platforms for demonstrating innovations, establishing international cooperation and promoting tourism. EXPO is an event aimed at education, progress and international cooperation in the field of innovation. There are two main types of EXPO exhibitions, differing in scale and theme: universal, which are held every five years and cover a wide range of topics, and specialized, which are held between universal and focus on a narrower topic. Universal exhibitions are larger in scale (up to 6 months, without restrictions on area), while specialized ones are more compact (up to 3 months, up to 20 hectares) [9].

The Bureau International des Expositions (BIE), founded in 1932 and based in Paris, is the key organisation regulating the holding of international Expos. Its main task is to ensure that the provisions of the 1929 Paris Convention concerning these non-commercial events lasting more than three weeks are observed, as well as to deal with various organizational issues [9].

Table – 1

Financial costs associated with holding EXPO since 2000

Expo	Expo 2000	Expo 2005	Expo 2008	Expo 2010	Expo 2012	Expo 2015	Expo 2017	Expo 2020
Destination	Hannover Germany	Nagoya Japan	Zaragoza Spain	Shanghai China	Yeosu South Korea	Milan Italy	Astana Kazakhstan	Dubai OAE
The drawbacks of financial statement manipulation often highlight how crucial morality and openness in business practices are to the long-term viability and prosperity of the enterprise.

Graph 3 shows the frequency of fraud risk assessment on financial statements in the global and Kazakhstan context.




Figure – 3. **Frequency of assessment of the risk of misstatement of financial statements**
**compiled by the authors based on the source [7]*

According to the graph above, Kazakhstan has a sign for the lack of risk assessment verification that is 14% greater than findings from other countries. Foreign enterprises have superior performance in terms of annual inspection frequency, in contrast to Kazakhstan, where this opportunity has been reduced by 18%. This implies that businesses should conduct more inspections and set stricter requirements for them.

The following techniques for detecting fraud are employed by the same international and Kazakhstani businesses as of 2020, according to PwC. In graph 4, the statistics are displayed.




Figure – 4. **Methods of risk detection in accounting**
**compiled by the authors based on the source [7]*

The majority of economic crimes in Kazakhstan were detected by receiving information from employees (21%), as well as by the specialists of the internal audit service (17%). In the world, 11% and 11% of respondents' responses correspond to these methods of detecting criminal acts, respectively. Among the participants of the international survey, the most popular method of detecting economic crimes is to inform about suspicious transactions (14%), which corresponds to the share of respondents in Kazakhstan (13%).

Conclusion. The study of the problems of distortions of financial statements indicators requires a systematic methodology and approach to identify potential manipulations and analyze financial data. In the article we tried to touch upon the consequence, causes and consequences because of manipulation of financial statements indicators. In conclusion, we can emphasize the importance of studying the manipulation of financial indicators in the context of the modern business environment. The results of our research represent a major contribution to the field of corporate transparency and risk management. This analysis revealed not only potential threats associated with manipulation, but also possible strategies to prevent them. Our work shows that Kazakhstan, by many indicators, is lagging the world market in terms of the possibilities of identifying inaccuracies in the work of enterprises, leading to false ideas about the reputation of the company and even serious fraud in the future. Companies try to disguise accounting figures that will seem profitable in the short term to preserve prestige or personal gain. However, the risks of manipulating the report can be critical for reporting users and the company. The study's findings highlight that, despite the challenges in identifying manipulation, businesses, regulators, and auditors working together and applying best practices may provide a more transparent and stable investment environment. Future study on technology advancements and enhanced analytical techniques will contribute to the development of more potent defenses against manipulation.

REFERENCES

1. Aobdia D. The impact of audit quality on financial statement fraud detection // Journal of Accounting Research. – 2021.
2. Amiram D., Bozanic Z., Cox J. Financial reporting fraud and other forms of misconduct: A multidisciplinary review // Review of Accounting Studies. – 2022.
3. Christensen H., Hail L., Leuz C. Mandatory IFRS reporting and accounting quality: A review // European Accounting Review. – 2021.
4. Eilifsen A., Knechel W., Wallage P. Auditing and fraud: A review and research agenda // Auditing: A Journal of Practice & Theory. – 2020.
5. PwC's Global Economic Crime and Fraud Survey 2020. – URL: <https://www.pwc.com/ua/en/survey/2020/economic-crime-survey.html> PwC's Global Economic Crime and Fraud Survey.
6. Audrius Masiulevičius, Vaclovas Lakis. Application of Qualitative Characteristics to Evaluate Misstatements in Financial Statements // Ekonomika. – 2022. – №101(2). – P. 6–21.
7. Experiences from the regional corporate governance roundtables. – URL: <https://www.oecd.org/corporate/ca/corporategovernanceprinciples/>

REFERENCES

1. Aobdia D. The impact of audit quality on financial statement fraud detection // Journal of Accounting Research. – 2021.
2. Amiram D., Bozanic Z., Cox J. Financial reporting fraud and other forms of misconduct: A multidisciplinary review // Review of Accounting Studies. – 2022.
3. Christensen H., Hail L., Leuz C. Mandatory IFRS reporting and accounting quality: A review // European Accounting Review. – 2021.
4. Eilifsen A., Knechel W., Wallage P. Auditing and fraud: A review and research agenda // Auditing: A Journal of Practice & Theory. – 2020.
5. PwC's Global Economic Crime and Fraud Survey 2020. – URL: <https://www.pwc.com/ua/en/survey/2020/economic-crime-survey.html> PwC's Global Economic Crime and Fraud Survey.
6. Audrius Masiulevičius, Vaclovas Lakis. Application of Qualitative Characteristics to Evaluate Misstatements in Financial Statements // Ekonomika. – 2022. – №101(2). – P. 6–21.
7. Experiences from the regional corporate governance roundtables. – URL: <https://www.oecd.org/corporate/ca/corporategovernanceprinciples/>

Кидирмағанбетова А.И., Когут О.Ю., Сырлыбаева Н.Ш., Байгабулова К.К.

КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН МАНИПУЛЯЦИЯЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Андатпа

Бұл мақалада біз қаржылық есептілік көрсеткіштерін манипуляциялау нәтижелері қарастырамыз және қаржылық көрсеткіштер заңнама мен бухгалтерлік есеп стандарттарына қарама - қайшы келетін айла-шарғы жасау объектісіне айналған кезде бизнес пен инвесторлар үшін ауыр зардаптар көрсеткіштері нақты анықталды. Компаниялардың манипуляциясы үшін келтірілген уәждер мен негіздемелер бизнесті басқарудың жеке аспектісі ретінде анықталды. Қаржылық есептілік көрсеткіштерін манипуляциялаудың себептері, тетіктері, салдары талданып, аудит және басқа да есепке алу әдістері арқылы мұндай тәжірибенің алдын алудың маңыздылығы екені көрсетілді.

Зерттеу әдістемесінде нақты қаржылық есептілікті бұрмалау, әдебиеттерге шолу жасау, аудиторлық фирмалардың ресми көздерінен керекті құжаттар мен мәліметтер жинау бойынша тұжырымдамалық аппараттың теориялық негіздеріне сүйене отырып анықталды. Бұл мақаланың өзектілігіне келетін болсақ, инвесторлар мен қатар менеджерлерге қаржылық есептілікті дайындауға қатысатын қызметкерлердің сауаттылығын нақты уақытта бағалауға сонымен қатар, манипуляцияларды анықтаудың кеңейтілген бер неше маңызды әдістерін қолдануға мүмкіндік бере алатын іс-шаралар арқасында көрсетілді. Мақаланың зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ қорытынды бөлімінде көрсетілгендей ол, қаржылық есептіліктегі нақтылық, ашықтық пен сенімділіктің маңызды болатынын нық көрсетеді.

Кидирмағанбетова А.И., Когут О.Ю., Сырлыбаева Н.Ш., Байгабулова К.К.

РЕЗУЛЬТАТЫ МАНИПУЛИРОВАНИЯ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТЬЮ КОМПАНИИ

Annotation

В данной статье авторами были рассмотрены результаты манипулирования показателями финансовой отчетности и выявлены серьезные последствия для бизнеса и инвесторов, когда финансовые показатели становятся объектом манипулирования, противоречащего законодательству и стандартам бухгалтерского учета. Мотивы и обоснования, приводимые компаниями для манипулирования, были выделены в отдельный аспект управления бизнесом. Были проанализированы причины, механизмы и последствия манипулирования показателями финансовой отчетности, а также показана важность предотвращения подобной практики с помощью аудита и других методов бухгалтерского учета. Методология исследования была определена как основанная на теоретических основах понятийного аппарата по фальсификации финансовой отчетности, обзоре литературы и сборе данных из официальных источников аудиторских фирм. Актуальность статьи была продемонстрирована благодаря возможности, которую она предоставляет инвесторам и менеджерам своевременно оценивать грамотность сотрудников, участвующих в подготовке финансовой отчетности, и применять расширенные методы выявления манипуляций. Результаты исследования подчеркивают критическую важность прозрачности и надежности финансовой отчетности.



DOI 10.52260/2304-7216.2025.1(58).41

ӘОЖ 330.33.015

FTAMP 06.56.21

Б.Д. Смаилова, магистрант¹М.А. Алтынбеков, PhD, қауымд. профессор¹М.Я. Имрамзиева, PhD, қауымд. профессор²Н.Т. Бектемирова, э.ғ.м., аға оқытушы³Esil University, Астана қ., Қазақстан¹Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан²Еуразиялық Технологиялық Университет,
Алматы қ., Қазақстан³

* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: bopezan19@gmail.com

ШАҒЫН КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Ұйымның қаржылық әлеуетін оның ішкі, пайдаланылмаған мүмкіндіктерінің бірі ретінде қарастыруға болады. Қаржы қорлары – бұл кәсіпорында қаржы жүйесі арқылы қалыптасып, оның тұрақты дамуы мен тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды ресурстардың бірі.

Бұл зерттеу кәсіпорынның тиімділік деңгейін айқындайтын қаржылық көрсеткіштердің экономикалық қызметтегі орнын анықтау мақсатында арнайы әдебиеттер мен ғылыми жарияланымдарға шолу жасау арқылы жүзеге асырылады.

Компанияның қаржылық тұрақтылығы оның қаржылық ағымдарының тұрақтылығымен және белгілі бір уақыт кезеңінде кәсіпорынды тиімді қолдау үшін, сондай-ақ өнімдер мен қызметтерді өндіруге қажетті шығындар мен несиелерді өтеу үшін жеткілікті қаржылық ресурстардың болуының көрсеткіші болып табылады. Қаржылық тұрақтылық компанияның қаржылық капиталының жағдайын бағалауда маңызды көрсеткіш болып табылады. Сонымен қатар, компанияның тиімді қызметі мен төлем қабілеттілігі де оның жалпы қаржылық тұрақтылығын айқындайтын негізгі факторлар қатарына жатады.

Аталған процессті зерттеу барысында әртүрлі әдістер қолданылды. Оның ішінде қаржылық әлеуетті бағалау әдістері, сонымен қатар қаржылық көрсеткіштер мен олардың өзгеру динамикасын талдау тәсілдері қолданылды. Қаржылық бағалауда дәстүрлі және математикалық әдістер, мысалы, салыстыру, кластерлеу, сондай-ақ абсолютті, орташа және салыстырмалы көрсеткіштерді қолдану әдістері пайдаланылады. Сонымен қатар, аналитикалық кестелер негізінде қаржылық көрсеткіштерді жинақтап, кластерлеу арқылы компанияның қаржылық жағдайына кешенді баға берілді.

Зерттеу нәтижелері компанияның қаржылық жағдайын бағалауға арналған көмекші құрал ретінде бизнес өкілдері мен талдаушыларға ұсынылады. Бұл нәтижелер бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және мақсатты салалық позицияларға жетуге бағытталған тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

Кілт сөздер: әдіс, талдау, бағалау тәсілдері, қаржы, қаржылық қуат, ұйым, кәсіпорын, басқарушылық шешімдер, тиімділік, қаржылық тұрақтылық, қаржылық индикаторлар.

Ключевые слова: метод, анализ, методы оценки, финансы, финансовый потенциал, организация, предприятие, управленческие решения, эффективность, финансовая стабильность, финансовые показатели.

Keywords: method, analysis, evaluation methods, finance, financial potential, organization, enterprise, management decisions, efficiency, financial stability, financial indicators.

Кіріспе. Қазіргі таңда Қазақстанда өзекті мәселелердің бірі – шағын кәсіпкерлікті дамыту. Бұл сала әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған даму бағдарламалары аясында маңызды рөл атқарады. Шағын кәсіпкерлік әлемнің көптеген елдерінің экономикалық жүйесінде болашағы зор және маңызы айтарлықтай сала ретінде танылып отыр.

Қазақстанның нақты секторы мен сауда кәсіпорындары ел экономикасының дамуына, жалпы ішкі өнімнің, ұлттық табыстың және жұмыспен қамту деңгейінің өсуіне тікелей ықпал етеді. Соңғы жылдары мемлекет шағын кәсіпкерлікті қолдауға ерекше назар аудара бастады. Бұл кәсіпкерлік түрі әлеуметтік мәселелерді шешуде маңызды рөл ойнайды.

Елбасының жолдауларында атап көрсетілгендей, тәуелсіздік жылдарында жүзеге асырылған реформалардың басым бөлігі әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған. Қазіргі жаһандық экономикалық дағдарыс жағдайында Қазақстанның экономикалық тұрақтылығын шағын

кәсіпкерлікті қолдау арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі мемлекеттік деңгейде айқындалды. Бұл мақсат елдің стратегиялық даму жоспарларына сәйкес жүзеге асырылуда.

Шағын кәсіпкерліктің дамуы үшін маңызды алғышарттардың бірі – кәсіпорындарда бухгалтерлік есептің дұрыс және нақты ұйымдастырылуы. Шағын кәсіпорындар мен сауда фирмаларының бухгалтерлік есеп жүйесін халықаралық қаржылық есеп стандарттарына сай жүргізу арқылы еліміздегі бірқатар экономикалық түйткілдерді шешуге, экономиканы тұрақтандыруға және дағдарыстан шығуға мүмкіндік пайда болады. Бұл өз кезегінде ұлттық экономиканың өсуіне оң ықпалын тигізеді.

Осыған байланысты шағын кәсіпорындардың дамуы мемлекеттің, сондай-ақ экономикалық агенттердің шаруашылық өмірі үшін тиімді және маңызды фактор болып табылады.

Қазіргі таңда шағын кәсіпорындарда бухгалтерлік есепті тиімді ұйымдастырудың нақты жолдары қалыптаса бастағаны байқалады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында табыс табу мақсатында қызметін жүзеге асыратын шағын кәсіпорындар үшін бухгалтерлік есеп жүргізуге арналған нормативтік негіздер қабылданды.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі №1 және №2 "Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарын" бекітті. Бұл стандарттар шағын кәсіпорындардың бухгалтерлік есеп жүйесін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (IFRS) сәйкестендіруге бағытталған және оларды қиындықсыз қабылдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда шағын кәсіпорындарда бухгалтерлік есепті дұрыс әрі нақты жүргізу үшін, ең алдымен, есеп саясатын құру қажет. Алайда, көптеген кәсіпорындарда есеп саясаты қажетті нормативтік талаптарға сай әзірленбеген немесе мүлде жоқ. Бұл есептің сапасын төмендетіп, қаржылық есептілік пен салық салу үдерістерінде елеулі қиындықтар туғызады.

Сонымен қатар, шағын кәсіпорындар үшін маңызды мәселелердің бірі – салық есебінің дұрыс ұйымдастырылмауы. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2012 жылы қабылдаған Салық кодексіне сәйкес, шағын кәсіпорындар салық саясатын әзірлеуге міндетті. Алайда, бұл талаптар кәсіпорындарда бухгалтерлік мамандардың жеткілікті біліктілікке ие болмауына байланысты дұрыс орындалмай келеді.

Шағын кәсіпорындар Қазақстан Республикасы экономикасының дамушы және әлеуетті секторы болып табылады. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан шағын бизнесті дамытуға бағытталған жаңа бастамалар мен қолдау шаралары жүзеге асырылуда. Бұл бизнестің тиімді жұмыс істеуі үшін конструктивті бизнес-идеялардың болуы, кәсіби басқару жүйесі және жеткілікті қаржыландыру маңызды шарттар ретінде қарастырылады.

Алайда, көптеген кәсіпкерлер өз бизнесін бастау үшін қажетті бастапқы капиталдың тапшылығына тап болып отыр. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мұндай мәселелерді шешудің түрлі жолдары бар. Осы тұрғыда, инвестициялық қорлар, банктер және мемлекет тарапынан қаржылық қолдау көрсету – өзекті шешімдердің бірі болып табылады. Мемлекет пен жекелеген инвесторлардың ынтымақтастығы арқылы жаңа кәсіпкерлік жобаларды қаржыландыру нәтижесінде, бір жағынан инвесторлар үшін жоғары табыс табу мүмкіндігі ашылса, екінші жағынан мемлекет үшін жұмыссыздықты төмендету және әлеуметтік маңызы бар жобаларды қолдау мүмкіндігі туады.

Бұл тұрғыда, халық шаруашылығының әртүрлі салаларындағы шағын кәсіпорындардың мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі маңызы ерекше.

Мақаланың мақсаты. Зерттеудің негізгі мақсаты – кәсіпорындарда бухгалтерлік есепті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес ұйымдастыру мәселелерін қарастыру және осы стандарттарды тиімді қолдану жолдарын анықтау болып табылады.

Зерттеу барысында шағын бизнес субъектілерінің есебін ХҚЕС талаптарына сай жүргізу мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері талданды. Сонымен қатар зерттеудің нормативтік-құқықтық базасы ретінде Қазақстан Республикасының заңдары, салық және несие саласындағы нормативтік актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ережелер мен нұсқаулықтар пайдаланылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің объектісі – Қазақстандағы шағын бизнес субъектілерінің бухгалтерлік есебін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сай жүргізу процесі.

Әдебиеттерге шолу. Қазіргі жағдайда Басқару есебі мен ішкі бақылау басқарудың барлық деңгейлерінде болатын негіз сипатына ие болады. Басқарушылық жүйеде есеп, бақылау, талдау, жоспарлау және реттеу қызметтері ұйымдастырылған. Осылайша, басқару есебі мен бақылау

жоғарыда аталған барлық басқарушылық қызметтерді іске асыруда маңызды құрал ретінде қызмет атқарады. Басқарушылық есеп пен бақылаудың рөлін зерттеу осы ұғымдардың экономикалық мәнін анықтаудан басталуы керек.

Дрынова И.А. еңбектерінде кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалаудың әдістері мен тәсілдері кеңінен қарастырылады. Бұл тақырып бойынша бірнеше маңызды тұжырымдамалар мен әдістерді атауға болады. Бұл әдістер кәсіпорынның қаржылық жағдайын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді, оның қаржылық әлеуетін толық түсінуге және болашақтағы дамуын болжауға көмектеседі. [1].

Зыкина О.М. мен Костромин В.Е. еңбектерінде сақтандыру компанияларының қаржылық жағдайы мен тиімділігін бағалаудың әдістері мен тәсілдері талқыланады. Компанияның қаржылық әлеуетін бағалау экономикалық талдау мен стратегиялық басқару үшін маңызды болып табылады. [2].

И.А. Бондиннің зерттеулерінде ұйымдардың қаржылық жағдайын талдау, бағалау әдістері және қаржылық жағдайды жақсартудың тәсілдері қарастырылған. Автор ұйымның қаржылық әлеуетін кешенді бағалау және оны тиімді басқару принциптерін ұсынады. [6].

А.А. Немчиновтың зерттеулерінде сауда кәсіпорындарының қаржылық жағдайын талдау және бағалау үшін пайдаланылатын әдістер мен тәсілдер жан-жақты қарастырылған. Оның пікірі бойынша сауда кәсіпорының қаржылық әлеуетін бағалау – бұл кәсіпорынның табыстылығын, өтімділігін, қаржылық тұрақтылығын, инвестициялық мүмкіндіктерін және даму әлеуетін анықтауға бағытталған күрделі процесс. [7].

Негізгі бөлім. Шағын бизнес субъектілерін дамыту және олардың бухгалтерлік есебін дұрыс ұйымдастыру мәселелерін зерттеу барысында Батыс елдері ғалымдарының, сондай-ақ отандық зерттеушілердің еңбектері кеңінен пайдаланылды. Атап айтқанда, Алиев М.К., Айтжанова Ж.Н., Миржақыпова С.Т., Түлешова Г.К. сынды ғалымдардың ғылыми еңбектері осы бағытта әдістемелік негіз ретінде қолданылды.

Алайда, отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде шағын бизнес субъектілеріндегі бухгалтерлік есепті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) бейімдеу мәселесі әлі де жеткілікті деңгейде кешенді зерттелмеген. Осыған орай, аталған зерттеудің басты мақсаты – Қазақстандағы шағын және орта бизнес құрылымдарында бухгалтерлік есепті ХҚЕС талаптарына сай ұйымдастыру жолдарын зерделеу, сондай-ақ экономикалық субъектілердің қаржылық-шаруашылық қызметін толық әрі сапалы сипаттайтын есептік ақпаратты қалыптастыруға бағытталған оңтайландырылған есеп жүйесінің моделін ұсыну болып табылады.

Зерттеу мақсатына жету үшін төмендегідей ғылыми міндеттер алға қойылады:

- бухгалтерлік есеп тұрғысынан шағын кәсіпорын ұғымының мазмұнын нақтылау;
- шағын бизнес субъектілері үшін бухгалтерлік есептің жеңілдетілген жүйесінің құрылымдық-логикалық үлгісін жасау;
- жеңілдетілген есеп жүйесінде есеп саясатын қалыптастырудың негізгі қағидаларын және оны жүзеге асыру кезеңдерін теориялық тұрғыда негіздеу;
- салалық ерекшеліктерді ескере отырып, шағын кәсіпорындардың әртүрлі түрлеріне арналған бейімделген есеп нұсқаларын ұсыну;
- бухгалтерлік есеп жүйесінің құрамдас элементтері мен олардың өзара байланысын ғылыми тұрғыда ашып көрсету;
- шағын кәсіпорындарда бухгалтерлік есепті ХҚЕС талаптарына сәйкес жүргізу мәселелерін жан-жақты және кешенді түрде қарастыру.

Қазіргі жағдайда бухгалтерлік есеп жүйесі – оның мақсаттары мен қолданылу салаларына қарай (қаржылық, салықтық, басқарушылық есеп) көптүрлілікпен сипатталады. Бұл бухгалтер алдында бірнеше түрлі есеп саясатын қалыптастыру міндетін тудырады. Осыған орай басқарушылық есепті ұйымдастыру әдістері мен тәсілдері де әртүрлі көзқарастар мен ғылыми ұстанымдарға негізделеді. Зерттеу барысында түрлі авторлардың басқарушылық есеп жүйесін құруға байланысты көзқарастары салыстырмалы түрде талданып, әдістемелік тәсілдері жүйеленді (кесте 1).

Қаржылық көрсеткіштер бойынша компанияның қаржылық әлеуетін бағалау

№	Коэффициенттер	Қаржылық әлеуеттің жоғары деңгейі	Қаржылық әлеуеттің орташа деңгейі	Қаржылық әлеуеттің төмен деңгейі
1.	Ағымдағы өтімділік коэффициенті	> 2,1	1,3-2,1	< 1,20
2.	Тез (жылдам) өтімділік коэффициенті	0,81-0,73	0,72-0,42	< 0,42
3.	Абсолютті өтімділік коэффициенті	> 0,21	0,12-0,21	< 0,13
4.	Тәуелсіздік коэффициенті	0,72-0,51	0,31-0,52	<0,32
5.	Инвестицияларды жабу коэффициенті	>0,72	0,32-0,71	<0,32
6.	Дебиторлық және кредиторлық қарыздардың арақатынасы коэффициенті	>0,81	0,43-0,82	<0,43
7.	Активтердің рентабельділігі	>0,12	0,04-0,12	<0,042
8.	Сатудың рентабельділігі	0,32-0,23	0,04-0,23	<0,042

*авторлармен құрастырылған

Кесте арқылы әр компания үшін әрбір көрсеткіш бойынша қаржылық әлеуеттің деңгейін анықтаймыз.

2021 жылғы деректерге негізделген қаржылық көрсеткіштерді саралай отырып, үш компания – Баян Сұлу, АҚМЗ және Kcell арасындағы қаржылық жағдайдың деңгейін салыстырып талдау

№	Коэффициенттер	Баян Сұлу	АҚМЗ	Kcell
1	Ағымдағы өтімділік коэффициенті	1,72	1,05	0,72
2	Тез (жылдам) өтімділік коэффициенті	1,20	0,35	0,41
3	Абсолютті өтімділік коэффициенті	3,11	0,35	0,72
4	Тәуелсіздік коэффициенті	0,21	0,22	0,51
5	Қаржы левереджінің коэффициенті	0,25	0,68	0,051
6	Активтердің рентабельділігі	0,16	0,95	0,22
7	Сатудың рентабельділігі	0,16	4,02	0,016
8	Қаржылық әлеуеттің жиынтық рейтингтік бағасы бойынша	0,9	1,08	0,54

*авторлармен құрастырылған

Жоғарыда жүргізілген талдау нәтижесінде, АҚМЗ компаниясының қаржылық әлеуеті ең жоғары деңгейде екені анықталды. Ол негізгі көрсеткіштердің басым бөлігінде жетекші позицияда. Баян Сұлу орташа деңгейдегі қаржылық тұрақтылықты сақтап отыр, ал Kcell кейбір көрсеткіштер бойынша әлсіз көрініс беріп, қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулі екенін байқатады.

Қорғауға шығарылған негізгі ережелер.

1. Шағын кәсіпкерлікті өркендету – ел экономикасының негізгі басым бағыттарының бірі болып саналады. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – шағын бизнесті дамыту мәселесін шешу. Бұл сала әлеуметтік-экономикалық даму стратегияларын іске асыруда маңызды құрал ретінде қарастырылады. Шағын кәсіпкерлік –

нарықтық экономиканың бөлінбес құрамдас бөлігі және ол елдің жан-жақты өркендеуіне, экономикалық өсімнің қарқынына, жалпы ішкі өнімнің құрылымы мен сапасына тікелей әсер етеді.

Шағын кәсіпорын ұғымын нақтылап, оның мәнін ашу маңызды. Шағын кәсіпорын – табыс табуды көздейтін, тіркелген мүліктік кешенге негізделген, жеке меншік нысанында жұмыс істейтін, өзін-өзі басқаратын экономикалық құрылым. Мұндай субъектілер бухгалтерлік есептің оңтайландырылған жүйесі арқылы ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, олар активтердің баланстық құны, өнім өткізуден түскен табыс көлемі, қызметкерлердің орташа саны және құрылтайшылар саны бойынша белгіленген шектеулермен ерекшеленеді.

Шағын кәсіпорындар үшін бухгалтерлік есептің жеңілдетілген жүйесінің рөлі. Мұндай жүйе шағын кәсіпорындарды Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына біртіндеп бейімдеуге жағдай жасайды. Ол қаржылық есептіліктің қарапайым әрі түсінікті құрылымын ұсыну арқылы кәсіпорындардың ішкі басқару процесін оңтайландырады, сондай-ақ сыртқы пайдаланушылар үшін де ашық әрі сапалы ақпарат ұсынуға мүмкіндік береді.

2. Шағын кәсіпорындарда бухгалтерлік есептің жеңілдетілген жүйесі олардың қызмет түріне және ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына байланысты икемделеді және жүйе ішіндегі ақпараттық бірлік ретінде қаржылық әрі салықтық есептің интеграцияланған нұсқасы ретінде қарастырылады. Бұл жүйенің басты мақсаты — шағын кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметі туралы сапалы есептік ақпаратты қалыптастыру және ұсыну болып табылады. Мұндай ақпарат екі өзара байланысты кезеңнің негізінде құрылады: жоспарлау (есеп саясатын қалыптастыру) және тәжірибелік жүзеге асыру (есептік ақпараттың өмірлік циклі).

Жеңілдетілген жүйенің сапалық сипаттамаларына сәйкес, оның құрылымдық элементтері ретінде отандық зерттеушілер ұсынған есеп жүйесінің төрт негізгі компоненті анықталады: әдістеме, әдіс, ұйымдастыру және технология. Бұл элементтер жүйенің реттелу деңгейін және оның есептік ақпаратпен қамтамасыз ету сапасын айқындайды.

Сонымен қатар, шағын кәсіпорындардың есептік ақпараттарының өмірлік циклі бухгалтерлік есептің жеңілдетілген жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, оның әр кезеңі жүйенің тиімділігіне тікелей әсер ететіні дәлелденді және ғылыми негізде қарастырылды.

3. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында шағын кәсіпорындар үшін есеп саясатын дұрыс қалыптастыру аса маңызды мәнге ие. Есеп саясаты – басқарушылық шешімдер қабылдау, кәсіпорынның нарықтағы орнын айқындау және оның даму стратегиясын анықтауда негіз болатын маңызды құрал болып табылады.

Есеп саясатына негізделген ережелер мен тұжырымдамаларға сүйене отырып қалыптастырылған қаржылық есеп беру деректері кәсіпорынның мүліктік және қаржылық ахуалын бағалауға негіз болады, төлем қабілеттілігі, шаруашылық қызметінің негізгі қағидаттары мен даму үрдістері анықталады. Бұл көрсеткіштер кәсіпорынның ішкі ресурстарын тиімді басқаруға және оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, заңды тұлға ретінде тіркелген кәсіпорын өзінің құрамындағы филиалдар, өкілдіктер, бөлімдер және дербес балансқа ие басқа да құрылымдық бөлімшелердің өндірістік және шаруашылық қызметін ескере отырып, мүліктердің және олардың қалыптасу көздерінің құрылымын сипаттайтын қаржылық есептілікті есеп саясатының талаптарына сәйкес қалыптастырады.

4. Шағын кәсіпорындардың қызмет ету салаларының әртүрлілігі есеп саясатын қалыптастыру кезінде бухгалтерлік есеп үлгілерін жетілдіру қажеттілігін алға тартады. Осыған байланысты жүргізілген диссертациялық жұмыста түрлі типтегі шағын кәсіпорындарға арналған бухгалтерлік есептің құрылымы мен нысандарына қатысты ғылыми тұрғыда негізделген ұсыныстар берілген.

Зерттеу аясында шағын кәсіпорындардың екі негізгі санаты – жеке кәсіпкерлер және заңды тұлға мәртебесіне ие шағын кәсіпорындар – бөлек қарастырылып, олардың әрқайсысына тән есеп жүйесінің ерекшеліктері мен құрылымдық элементтері талданды. Бұл элементтер жеңілдетілген бухгалтерлік есеп жүйесінің сапалық сипаттамаларын анықтап, есеп саясатының нақты, тиімді құрылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

5. Шағын кәсіпорындарда қаржылық есептілік пен бухгалтерлік есеп жүйесінің одан әрі дамуы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) сәйкес жүргізілуде. Бұл даму процесі есептік ақпараттардың салыстырмалылығы, шынайылығы және сапасын арттыруға бағытталған.

Қазіргі кезеңде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саласында бухгалтерлік есепті тәжірибелік қызметте қолдану мен оны өндеудің концептуалдық негіздерін жетілдіру – өзекті ғылыми-

тәжірибелік мәселе ретінде қарастырылады. Осы саладағы бухгалтерлік есеп жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, сондай-ақ ХҚЕС негізінде ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Әр санаттағы шағын кәсіпорындарға арналған бухгалтерлік есептің оңтайландырылған жүйесін қалыптастыру бойынша ұсыныстар, пайдаланушыларға тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажетті сапалы есептік ақпаратты ұсынуға жол ашады.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпорындар қызметінде, сондай-ақ қаржы-несие саласындағы институттарда, экономикалық зерттеу орталықтарында, кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағытында қызмет ететін білім беру мекемелерінің оқу үдерісінде қолдануға болады.

Қорытынды. Зерттеуде кәсіпорындардың қаржылық әлеуетін бағалауға арналған заманауи әдістер қарастырылып, бұл үшін мамандандырылған ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерге талдау жасалып, олар жүйелендірілді. Сонымен қатар, жұмыста кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі мен негізгі қаржылық көрсеткіштері зерттеліп, олардың жалпы бизнес тиімділігіне тигізетін әсері жан-жақты қарастырылды.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдауда оның қаржылық әлеуетін бағалау маңызды кезеңдердің бірі ретінде қарастырылады. Осы зерттеу шеңберінде қаржылық әлеует рейтингтік әдіс арқылы бағаланды. Талдау нәтижелері бойынша қарастырылған бес кәсіпорынның үшеуінің жоғары қаржылық әлеуетке ие екендігі анықталды.

Рейтингтік талдау қаржылық әлеуетті бағалаудың тиімді әрі қолайлы әдісі ретінде қолданылды. Бұл әдіс негізгі қаржылық көрсеткіштерге сүйене отырып, компанияның тұрақтылығы мен даму мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Қаржылық көрсеткіштердің сенімділігі мен нақтылығы компанияның болашақ даму стратегиясын жасауға негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дрынова И.А. Кәсіпорынның қаржылық әлеуетін бағалау әдістері // XXI ғасырдың ғылыми қауымдастығы. VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары бойынша ғылыми еңбектер жинағы (Анапа қаласы, 14 наурыз 2020 ж.). – Анапа: UFO-дағы Nic ESP баспасы. – 2020. – 52 б.

2. Зыкина О.М., Костромин В.Е. Сақтандыру компаниясының қаржылық әлеуетін бағалау («ВСК» САО мысалында) // Қазіргі экономика: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар. – 2020. – Б. 48-51.

3. Гребенникова В.А., Киракосян М.А., Мартиросян А.А. Кәсіпорынның қаржылық әлеуетін бағалау әдістері // Экономиканы қайта құрудың аймақтық мәселелері. – 2019. – №7. – Б. 98-105.

4. Сухова Л.Ф., Крючкова И.В., Боцон И.Б. Кәсіпорындардың қаржылық әлеуетін талдау және бағалау: инновациялық тәсіл // Белгород ынтымақтастық, экономика және құқық университетінің хабаршысы. – 2018. – №2. – Б. 106–116.

5. Локтионова М.А. Стратегиялық қаржылық менеджмент жүйесіндегі экономикалық қосылған құн негізінде коммерциялық корпоративтік ұйымдардың қаржылық әлеуетін бағалау // Экономика және заң практикасы мәселелері. – 2017. – №5. – Б. 28–34.

6. Бондин И.А. Ұйымның қаржылық әлеуетін талдау және бағалау // қазіргі жағдайдағы бухгалтерлік есеп, аудит және талдаудың өзекті мәселелері. – 2018. – Б. 111–131.

7. Немчинов А.А. Сауда кәсіпорының қаржылық әлеуетін бағалау // Сібір қаржы мектебі. – 2019. – №1. – Б. 93–96.

8. Коломийцева А.Р. Корпоративтік бизнестің қаржылық әлеуетін бағалау («Дорспецстрой» ААҚ және «ДСУ-7» ААҚ мысалында) // Ғылым санмен. – 2018. – № 2. – Б. 18–24.

REFERENCES

1. Drynova I. Kasiporynnyn karzhylyk aleuetin bagalau adisteri // XXI gasyrdyn gylym kauymdastygy. VIII Halykaralyk gylym-practicalyk conference materialdary boynsha gylym yenbeker zhinagi [Methods for assessing the financial potential of an enterprise // Scientific Association of the XXI Century. Collection of scientific papers on the materials of the VIII International Scientific and Practical

Conference] (Anapa kalasy, 14 Nauryz 2020). – Anapa: UFO-dagy Nic ESP baspasy. – 2020. – 52 b. [in Kazakh].

2. Zykina O., Kostromin V. Saktandyru kompaniyasyn karzhylyk aleuetin bagalau («VSK» SAO mysalynda) // Kazirgi ekonomika: ozekti maseleler, zhetikter men innovativalar [Assessment of the financial potential of an insurance company (on the example of SAO "VSK") // Modern economy: current issues, achievements and innovations]. – 2020. – B. 48–51 [in Kazakh].

3. Grebennikova V., Kirakosyan M., Martirosyan A. Kasiporynnyn karzhylyk aleuetin bagalau adisteri // Ekonomikany kaita kurudyn aimaktyk maseleri [Methods of assessing the financial potential of an enterprise // Regional problems of economic restructuring]. – 2019. – №7. – B. 98–105 [in Kazakh].

4. Sukhova L., Kryuchkova I., Botsyun I. Kasiporyndardyn karzhylyk aleuetin taldaу zhane bagalau: innovativalyk tasil // Belgorod yntymaktastyk, economics zhane kuckyk universitetin khabarshysy [Analysis and assessment of the financial potential of enterprises: an innovative approach // Bulletin of the Belgorod University of Cooperation, Economics and Law]. – 2018. – № 2. – B. 106–116 [in Kazakh].

5. Loktionova M. Strategiialyk karzhylyk management zhuyesindegi ekonomikalık kosylgan kun negizinde commerciialyk korporatik uyymdardyn karzhylyk aleuetin bagalau // Economics zhane zan praktikasy maseleri [Assessment of the financial potential of commercial corporate organizations based on economic added value in the strategic financial management system // Problems of Economics and Legal Practice]. – 2017. – № 5. – B. 28–34 [in Kazakh].

6. Bondin I. Uyymnyn karzhylyk aleuetin taldaу zhane bagalau // kazirgi zhagdaydagy bookkeeping esep, audit zhane taldaudyn ozekti maseleri [Analysis and assessment of the financial potential of the organization // current issues of accounting, auditing and analysis in the current situation]. – 2018. – B. 111–131 [in Kazakh].

7. Nemchinov A. Sauda kasipornyn karzhylyk aleuetin bagalau // Sibir karzy mektebi [Assessment of the financial potential of a trading enterprise // Siberian School of Finance]. – 2019. – № 1. – B. 93–96 [in Kazakh].

8. Kolomiytseva A. Korporatik biznestin karzhylyk aleuetin bagalau («Dorspetsstroy» AAK zhane «DSU-7» AAK mysalynda) // Gylym sanmen [Assessment of the financial potential of corporate business (on the example of Dorspetsstroy OJSC and DSU-7 OJSC) // Science in numbers]. – 2018. – №2. – B. 18–24 [in Kazakh].

Смаилова Б.Д., Алтынбеков М.А., Имрамзиева М.Я., Бектемирова Н.Т.

ПРАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ МЕЖДУНАРОДНЫХ СТАНДАРТОВ ФИНАНСОВОГО УЧЕТА В СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЕ УЧЕТА КОМПАНИИ

Аннотация

Под стандартизацией учетных процедур понимается разработка унифицированного набора стандартов, применимых в любой стране, в результате чего отпадает необходимость создания национальных стандартов. Концептуальные основы бухгалтерского учета в рыночной экономике Казахстана сегодня близки требованиям международных стандартов, но на практике все еще остаются факторы, не позволяющие считать бухгалтерский учет в РК полностью удовлетворяющим МСФО.

Определение финансового потенциала предприятия необходимо для определения его финансовой устойчивости и уровня риска других компаний, работающих с ним. В статье показано, что финансовая устойчивость компании равна равновесию финансовых потоков компании. Для определения платежеспособности использовались различные методы. Необходимо определить, насколько своевременно он способен реагировать на изменения во внешней среде и обеспечить достижение высоких финансовых результатов как в текущем периоде, так и в будущем.

В данном исследовании была использована рейтинговая оценка уровня финансового потенциала компании. В результате исследования было установлено, что два из 3 рассматриваемых компаний обладают высоким уровнем финансового потенциала. Полученные выводы представляются бизнесу и аналитикам для оценки финансового состояния компании, способствующего принятию эффективных управленческих решений, направленных на повышение конкурентоспособности и достижение целевых отраслевых позиций.

Smailova B., Altynbekov M., Imramziyeva M., Bektemirova N.

**PRACTICAL ASPECTS OF INTERNATIONAL FINANCIAL ACCOUNTING STANDARDS IN A
MODERN COMPANY ACCOUNTING SYSTEM**

Annotation

Standardization of accounting procedures refers to the development of a unified set of standards applicable in any country, as a result of which there is no need to create national standards. The conceptual foundations of accounting in the market economy of Kazakhstan today are close to the requirements of international standards, but in practice there are still factors that do not allow accounting in the Republic of Kazakhstan to be considered fully compliant with IFRS.

Determining the financial potential of an enterprise is necessary to determine its financial stability and the level of risk of other companies cooperating with it. The article reflects that the financial stability of the company is equivalent to the balance of the company's financial flows. Various methods were used to determine solvency. It is necessary to determine how timely it can respond to changes in the external environment and ensure the achievement of high financial performance both in the current period and in the future.

In this study, a rating assessment of the level of the financial potential of the company was applied. As a result of the study, it was determined that two of the 3 companies under consideration have a high level of financial potential. The findings are recommended to business and analysts to assess the financial situation of the company, contributing to the adoption of effective management decisions aimed at improving competitiveness and achieving targeted industry positions.



DOI 10.52260/2304-7216.2025.1(58).42

ӨЖ 338.24 (574.3)

FTAMP 06.61.53:

А.А. Маймурунова*, PhD, аға оқытушы¹
З.Т. Ауезова, г.ғ.к, профессор¹
М.Т. Даниярова, э.ғ.к., доцент²
М.Я. Имрамзиева, PhD, қауымд. профессор³
Esil University, Астана қ., Қазақстан¹
Қарағанды университеті Қазтұтынуодағы
Қарағанды қ., Қазақстан²
Каспий қоғамдық университеті,
Алматы қ., Қазақстан³
*- негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: akkma@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МОНОҚАЛАЛАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ СЦЕНАРИЙІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың инновациялық даму әлеуеті мен мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылды. Зерттеу барысында моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау арқылы олардың болашақтағы даму бағыттарына болжам жасалды және даму сценарийлері айқындалды. Моноқалалардың даму әлеуетіне сәйкес оларды мемлекеттік қолдаудың тиімді шаралары мен тетіктері ұсынылды. Ұсынылған әдістемеге сүйене отырып, моноқалалардың даму басымдықтары мен әлеуеті бағаланды және олардың ұзақ мерзімді инновациялық даму сценарийлері құрылды. Зерттеу әдістеріне логикалық және салыстырмалы талдау, экономикалық-статистикалық әдістер, форсайт-зерттеу тәсілі, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, сондай-ақ сараптамалық бағалау әдісі қолданылды.

Нәтижесінде, 2025 жылға дейінгі ҚР аумақтық даму жоспары мен өңірлерді дамыту бағдарламалары талданды. Аталған құжаттарда моноқалаларды дамытудың макродеңгейдегі бағыттары белгіленгенімен, олардың инновациялық құрамдас бөлігі жеткіліксіз екені анықталды. Осыған байланысты әрбір моноқала үшін бәсекеге қабілетті артықшылықтарға негізделген, жергілікті ерекшеліктерді ескеретін жеке даму стратегиясын әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Инновациялық даму сценарийлері әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасын қамтамасыз етіп, адам капиталының дамуын және өмір сүру сапасының артуын көздейді. Осылайша, жүргізілген индикативтік және сараптамалық бағалау нәтижелері моноқалалардың даму мәселелері мен мүмкіндіктерін анықтауға және олар үшін оңтайлы инновациялық даму бағыттарын ұсынуға мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: моноқала, инновациялық даму, инновациялық даму сценарийі, экономиканы әртараптандыру, инновациялық стратегия, моноқаланы басқару

Ключевые слова: моногород, инновационное развитие, сценарий инновационного развития, диверсификация экономики, инновационная стратегия, управление моногородов

Keywords: single-industry town, innovative development, scenario of innovative development, economic diversification, innovative strategy, management of a single-industry town

Кіріспе. Қазіргі кезеңде қалалардың, әсіресе моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуын қамтамасыз ету – ұзақ мерзімді перспективада олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, инвестициялар тартудың және халықтың өмір сүру сапасын жақсартудың маңызды факторы болып табылады. Моноқалаларда экономикалық белсенділіктің бір салаға тәуелділігі, инфрақұрылымның әлсіздігі және демографиялық проблемалар сияқты мәселелер олардың тұрақты дамуына қауіп төндіреді. Бұл жағдай мемлекеттік және өңірлік даму бағдарламалары шеңберінде тиімді стратегиялық шешімдерді талап етеді.

Зерттеудің өзектілігі – моноқалалардың тұрақты дамуына кедергі келтіретін әлеуметтік-экономикалық факторларды ғылыми тұрғыда анықтау, олардың даму әлеуетін бағалау және болашаққа арналған оңтайлы сценарийлерді ұсыну қажеттілігінде. Қазіргі таңда моноқалалардың даму бағытын болжау және олардың әлеуетін бағалау үшін бірыңғай және тәжірибеде қолдануға ыңғайлы әдістеме жоқ. Бұл басқарушылық шешімдердің тиімділігін төмендетіп, ресурстардың тиімсіз бөлінуіне әкеледі.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық тұрақты даму әлеуетін бағалау және сол негізде инновациялық даму сценарийлерін ұсыну.

Зерттеу міндеттері:

1. Моноқалалардың тұрақты даму көрсеткіштері мен индикаторларын анықтау;
2. Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін бағалау әдістемесін ұсыну;
3. Болашақ даму сценарийлерін анықтау арқылы басқару шешімдерін негіздеу;
4. Мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін бағалау.

Зерттеу әдістері – логикалық және салыстырмалы талдау, экономикалық-статистикалық әдістер, сараптамалық бағалау, форсайт-зерттеу, сондай-ақ себеп-салдарлық байланыстарды модельдеу қолданылды. Дереккөз ретінде ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтері, моноқалалар бойынша өңірлік даму бағдарламалары, шетелдік тәжірибелер мен ғылыми жарияланымдар пайдаланылды.

Ғылыми жаңалық – моноқалалар үшін әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуды бағалауға арналған индикаторлар жүйесі анықталып, олардың негізінде даму әлеуетін сипаттайтын әдістемелік тәсіл ұсынылды. Сонымен қатар, шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, моноқалалар үшін инновациялық даму сценарийлері жасалды. Теориялық негіз ретінде тұрақты даму тұжырымдамалары, аймақтық даму теориялары және агломерациялық экономика қағидалары пайдаланылды.

Осылайша, зерттеу моноқалалардың даму әлеуетін бағалауда ғылыми негізделген тәсілді қалыптастырып, олардың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге бағытталған ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттік шолу. Моноқалалардың инновациялық дамуын бағалау және олардың болашақ даму сценарийлерін анықтау – қазіргі экономикалық зерттеулердің өзекті бағытына айналды. Бұл бағытта әлемдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінде инновацияның мәні мен рөлі, даму факторлары, аймақтық теңгерімсіздіктер және салалық тәуелділік мәселелері талдануда.

Web of Science пен Scopus базаларында соңғы бес жылда жарияланған зерттеулерде инновация аймақтық бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторы ретінде көрсетіледі. Мысалы, Баксултанов Д., Курманов Н., Сырлыбаева Н. (2022) Қазақстан өңірлерінің инновациялық даму жағдайын бағалап, аймақаралық айырмашылықтарды сипаттады [1]. Zhubanova В. (2024) өз зерттеуінде Қазақстан қалаларының даму әлеуетін кластерлік әдіспен бағалап, инфрақұрылым мен цифрлық трансформация рөлін көрсеткен [2].

Отандық ғалымдар ішінде Қазыбаев Б.О., Әбілдаханова С.Р., Тузубекова М.К. – моноқалалар экономикасының құрылымдық тәуелділігі мен оны әртараптандыру қажеттілігін негіздеген [3]. Олар стратегиялық жоспарлау мен мемлекеттік қолдаудың аймақтық даму үшін маңызын атап көрсетеді. Сонымен бірге, форсайт-зерттеу әдісін қолдану моноқалалардың болашақ даму сценарийлерін құруда перспективалы тәсіл ретінде танылып отыр [4].

Дегенмен, зерттелген еңбектерде бірнеше проблемалық мәселелер байқалады: біріншіден, моноқалаларға арнайы бейімделген инновациялық даму әдістемелерінің жеткіліксіздігі; екіншіден, қолданылатын көрсеткіштердің бірыңғай стандарттарының жоқтығы; үшіншіден, сценарийлік модельдеу тәсілдерінің нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайға сәйкестендірілмеуі. Бұл қайшылықтар аймақтық саясат тиімділігін төмендетіп, ғылыми негізделген шешім қабылдауға кедергі келтіреді.

Осыған байланысты, Қазақстан моноқалалары үшін әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге негізделген инновациялық даму сценарийлерін анықтайтын әдістемелік база құру – ғылыми және практикалық тұрғыда маңызды. Бұл мақала осындай оққылықтарды жоюға бағытталған.

Негізгі бөлім. Инновациялық даму сценарийін таңдау үшін авторлық әдістеме бойынша моноқалалардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалау. Ең алдымен моноқаланың даму сценарийін таңдау мақсатында тұрақты дамуын бағалауға және өлшеуге мүмкіндік беретін маңызды және сенімді индикаторлар жиынтығын қалыптастыру қажет.

Бағалау көрсеткіштерін таңдаудың негізгі шарты ҚР өңірлерін дамытудың 2025 жылға дейінгі қолданыстағы бағдарламасы мен елдің аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды сызбасында айқындалған моноқалалардың даму болашағын бағалаудың базалық критерийлерін есепке алу болып табылады [5,6].

Моноқаланың даму сценарийі – оның ерекшеліктері мен ресурстарын, даму әлеуетін ескере отырып, әлді және әлсіз жақтарын талдау нәтижесінде одан әрі қызмет етуінің пысықталған

нұсқасы. Шетелдік тәжірибеге сәйкес, моноқалалардың экономикасын талдау шикізаттың индустриалды немесе постиндустриалды секторларының болу дәрежесінде ерекшеленетін құрылымдардың 4 түрін бөлуге мүмкіндік береді. Белгілі секторлардың басым болуы шикізат, индустриялық немесе постиндустриалдық (инновациялық) мамандануы туралы айтуға мүмкіндік береді. Бірақ тәжірибеде, бұл секторлар шамамен бірдей мәнге ие болған жағдайда, экономикалық дамудың теңестірілген түрі де кездесуі мүмкін.

Кесте –1

Инновациялық даму сценарийін таңдау үшін авторлық әдістеме бойынша моноқалалардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалау индикаторларының құрылымы

Индикаторлар	Құрылымы
Монобейінділік дәрежесі	1. Қала құраушы кәсіпорында жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2. Жалпы қалалық өндіріс көлеміндегі қала құраушы кәсіпорынның үлесі
Экономиканың ауқымы мен тиімділігі	1. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2. Табысты кәсіпорындардың үлесі 3. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 4. Кірістер (жергілікті бюджет)
Халықтың өмір сүру сапасы	1. Жұмыссыздық 2. Мәдени-демалыс мекемелерінің саны 3. Білім беру және медициналық мекемелер саны 4. Орташа жалақы
Демографиялық әлеуеті	1. Халықтың табиғи өсімі 2. Экономикалық белсенді халықтың үлесі (адами ресурстармен қамтамасыз етілуі) 3. Экономиканың нақты секторы салаларында жұмыспен қамтылғандардың үлесі (қала құраушы кәсіпорыннан басқа)
Жеке инвестициялық әлеуеті	1. Іске асырылатын инвестициялық жобалар саны 2. Іске асыруға жоспарланған инвестициялық жобалардың саны 3. Қалада жүзеге асырылған инвестициялық жобалар шеңберінде құрылған жұмыс орындарының саны 4. Қалада іске асырылатын инвестициялық жобалар шеңберінде құрылатын жұмыс орындарының саны
Агломерациялық әлеует	1. АҚА құрамына кіруі (атқарымдық қалалық аудан) 2. Облыстық немесе республикалық маңызы бар ірі қалаға тікелей жақын орналасуы 3. Қаланың ірі көлік дәліздерінің қиылысында орналасуы
Ерекше әлеуеттің болуы	1. Шикізат ресурстық қорының болуы 2. Туристік ресурсының болуы

* [3,4] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған

Сонымен, моноқалалардың тұрақты дамуының төрт сценарийін ұсынамыз. Сонымен сценарий әдісі моноқалалардың дамуының бірнеше нұсқаларын ұсынады: пессимистік, нақты (шынайы) және оптимистік.

Монобейінділікті бағалау әдістемесі қала экономикасының әртараптандыру деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Моноқаланың бейінділік дәрежесін бағалауда келесі әдістемені қолдану ұсынылады:

$$TDm = 100 - \sqrt{TDm^1 - TDm^2}, \%$$

мұнда TDm^1 – жалпы қалалық өндіріс көлеміндегі қала құраушы кәсіпорынның үлесі, %;
 TDm^2 – қала құраушы кәсіпорында жұмыспен қамтылғандардың үлесі, %.

Тұрақты даму деңгейін бағалауда монобейінділік дәрежесін бағалау маңызды болып табылады. Монобейінділік дәрежесін бағалау қаланың қала құраушы кәсіпорынға тәуелділігін анықтауды қажет етеді. Біріншіден, ондағы жұмыспен қамтылғандардың саны айқындау керек. [8]. Екінші маңызды көрсеткіш ретінде қала экономикасы қаншалықты қала құраушы кәсіпорынға тәуелділігін анықтау үшін жалпы қалалық өндіріс көлеміндегі қала құраушы кәсіпорынның үлесін есептеу қажет.

Моноқаланың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалау үшін 20-кестеде көрсетілген

көрсеткіштер жиынтығы қалыптастырылды. Әлеуметтік-экономикалық индикатор 2 индекстен тұрады, олардың әрқайсысы оның құрамына кіретін стандартталған көрсеткіштердің арифметикалық орташа мәнін табу арқылы есептеледі:

$$TDea = \sqrt{TDe * TDa}$$

Деректердің бір бөлігі ресми статистикадан алынса, қалғандары олардың негізінде есептелген. Келесі кезеңде әдістемелік мәселені шешу қажет: әр түрлі көрсеткіштерді салыстыру мүмкіндігі үшін заттай көрсеткіштерді өлшемсіз нысанға ауыстыру. Мұнда ең көп тараған әдісті қолдану ұсынылады, оған сәйкес жеке көрсеткіштер бойынша - экономикасының ауқымы және әлеуметтік тиімділігі коэффициенттері келесідей есептеледі.

$$TDe = (TDe^1 + TDe^2 + TDe^3 + TDe^4)/4$$

мұнда TDe – экономикалық көрсеткіштер;
 TDe¹ – өнеркәсіп өндірісінің көлемі;
 TDe² – шығынсыз кәсіпорындардың үлесі;
 TDe³ – негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі;
 TDe⁴ – кірістер (жергілікті бюджет).

$$TDe = (TDe^1 + TDe^2 + TDe^3 + TDe^4)/4$$

мұнда TDa – әлеуметтік көрсеткіштер;
 TDa¹ – жұмыссыздық деңгейі;
 TDa² – мәдени-демалыс мекемелерінің саны;
 TDa³ – білім беру және медициналық мекемелер саны;
 TDa⁴ – орташа жалақы.

Осылайша, моноқаланың ерекшеліктерін статистикалық есепке алудың қалыптасқан жүйесі моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Келесі бағалу индикаторы моноқалалардың демографиялық әлеуетін бағалау болып табылады:

$$TDda = \sqrt{TDda^1 + TDda^2}$$

мұнда TDda – демографиялық әлеуеті;
 TDda¹ – халықтың табиғи өсуі;
 TDda² – экономикалық белсенді халықтың үлесі (адами ресурстармен қамтамасыз етілуі).
 Моноқалалардың жеке инвестициялық әлеуетін бағалау үшін төмендегідей деп есептейміз:

$$TDzhia = \sqrt{TDzhia^1 + TDzhia^2 + TDzhia^3 + TDzhia^4}$$

мұнда Tdzhia – жеке инвестициялық әлеуеті;
 TDzhia¹ – жүзеге асырылған инвестициялық жобалардың саны;
 TDzhia² – жүзеге асыру жоспарланған инвестициялық жобалардың саны;
 TDzhia³ – жүзеге асырылған инвестициялық жобалардың нәтижесінде құрылған жұмыс орындарының саны;
 TDzhia⁴ – жүзеге асырылатын инвестициялық жобалардың нәтижесінде құрылатын жұмыс орындарының саны.

Моноқалалардың агломерациялық әлеуетін бағалау үшін келесі формула бойынша қарастырамыз:

$$TDaa = \sqrt{TDaa^1 + TDaa^2 + TDaa^3}$$

мұнда TD_{aa} – агломерациялық әлеуеті;
 TD_{aa}^1 – АҚА құрамына кіреді (атқарымды қалалық аудан);
 TD_{aa}^2 – қаланың облыстық немесе республикалық маңызы бар ірі қалаға тікелей жақын орналасуы;
 TD_{aa}^3 – қаланың ірі көлік дәліздерінің қиылысында орналасуы.
 Моноқалалардың ерекше әлеуетін бағалау үшін төмендегідей формула бойынша есептейміз:

$$TDea = \sqrt{TDea^2 + TDea^2}$$

мұнда $TDea$ – қаланың ерекше әлеуетінің болуы;
 $TDea^1$ – қаланың шикізат қорының болуы;
 $TDea^2$ – қаланың туристік ресурстарының болуы.

ҚР 27 моноқала орналасқан, бір мемлекеттің аумағында орналасқанына қарамастан, мұндағы моноқалаларындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай әртүрлі екені анықталды. Моноқалалар әртүрлі көрсеткіштер бойынша айтарлықтай дифференциацияға ие, бұл осы қалалардың дамуының әртектілігін көрсетіп қана қоймай, оларды басқаруда ерекше тәсілді талап етеді. Жоғарыда көрсетілген әдістедегі индикаторларға сәйкес ҚР моноқалаларының даму сценарийін таңдау үшін олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына салыстырмалы бағалау жүргіземіз. Құрастырылған әдістемені апробациялау үшін ҚР 3 моноқаласын бағалау нысаны ретінде ұсынылады. Моноқалалардың таңдалу себебі, ҚР өңірлік даму бағдарламасына сәйкес түрлі экономикалық әлеуеті бар (жоғары, орташа, төменгі) үш моноқала таңдалынып алынды: Теміртау, Балқаш, Қаражал.

ҚР моноқалаларының монобейінділік дәрежесін бағалау нәтижесі. Бірінші индикатор бойынша ҚР моноқалаларының монобейінділік дәрежесін бағалау нәтижесі келесі 2-кестеде көрсетілген.

Кесте – 2

ҚР моноқалаларының монобейінділік дәрежесі

Көрсеткіштер	Балқаш	Қаражал	Теміртау
Жалпы қалалық өндіріс көлеміндегі қала құраушы кәсіпорынның үлесі, %	80	71	82
Қала құраушы кәсіпорында жұмыспен қамтылғандардың үлесі, %	27,3	50	12
$TDm = 100\% - \sqrt{(TDm^1 * TDm^2)}$	53	59,5	31
	орташа	орташа	төмен

* [9] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған

Бұл индикатор аумақтың монобейінділік дәрежесін анықтауға көмектеседі: 0-35 – төмен; 35-70 – орташа, 70-100-жоғары. ҚР зерттелетін моноқалаларының монобейінділік дәрежесі 3-кестеде көрсетілгендей 31-60 диапазонын аралығында ауытқиды.

Кесте – 3

ҚР моноқалаларының экономикасының ауқымы және әлеуметтік тиімділігін, демографиялық әлеуетін, инвестициялық әлеуетін бағалау

<i>ҚР моноқалаларының экономикасының ауқымы және әлеуметтік тиімділігін бағалау</i>			
Көрсеткіштер	Балқаш	Қаражал	Теміртау
Экономикалық көрсеткіштер			
Өнеркәсіп өндірісінің көлемі, %	15	0,8	25
Шығынсыз кәсіпорындардың үлесі, %	41	46	36
Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, %	5	8,6	8,6
Кірістер (жергілікті бюджет), %	2,3	0,5	5,2
$TDe = (TDe^1 + TDe^2 + TDe^3 + TDe^4) / 4$	63,3/4	56/4	74,8/4
	15%	14%	18,7%
Әлеуметтік көрсеткіштер			

Орташа жалақы деңгейі	95	96	95,4
Білім беру және медициналық мекемелер саны	1,4	0,7	0,7
Мәдени-демалыс мекемелерінің саны	4,2	1,6	7,2
Жұмыссыздық деңгейі	111	115	93
$TDa=(TDa_1+ TDa^2+ TDa^3+ TDa^4)/4;$	211,6	213,3	196,3
	/4	/4	/4
	53	53	50
$TDea =TDe* TDa$	28	27	31
	орташадан жоғары	орташадан жоғары	орташадан жоғары
<i>ҚР моноқалаларының демографиялық әлеуетін бағалау</i>			
Көрсеткіштер	Балқаш	Қаражал	Теміртау
Халықтың табиғи өсуі	10	4	3,5
Экономикалық белсенді халықтың үлесі (адами ресурстармен қамтамасыз етілуі)	49	49	53
$TDda=TDda^1+ TDda^2$	59	53	56,5
	7,6	7,2	7,5
	орташа	орташадан төмен	орташа
<i>ҚР моноқалаларының инвестициялық әлеуетін бағалау</i>			
Көрсеткіштер	Балқаш	Қаражал	Теміртау
Жүзеге асырылған инвестициялық жобалардың саны	9/94	3/94	14/94
Жоспарланған инвестициялық жобалардың саны	9/96	11/96	15/96
Жүзеге асырылған инвестициялық жобалардың нәтижесінде құрылған жұмыс орындарының саны	298/12300	652/12300	741/12300
Жүзеге асырылатын инвестициялық жобалардың нәтижесінде құрылатын жұмыс орындарының саны	557/11 159	652/11 159	1288/11 159
$TDZhia=TDZhia^1+ TDZhia^2+TDZhia^3+TDZhia^4$	9,5+9,3+0,2+5	3,1+11,4+0,5+5,8	14+15+6+11
	5	4	6,8
	орташа	орташа	орташадан жоғары

* [9] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған

Екінші индикатор бойынша ҚР моноқалаларының экономикасының ауқымы және әлеуметтік тиімділігін бағалау нәтижесі төменгі 3-кестеде көрсетілген.

Алынған нәтижелерді ескере отырып, моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне қарай топтастырамыз: 0-5 – өте төмен; 0-15 –төмен;15-20 – орташадан төмен; 20-25 – орташа, 25-30 – орташадан жоғары, 20-30 – жоғары. Үшінші индикатор бойынша ҚР моноқалаларының демографиялық әлеуетінің деңгейін бағалайтын боламыз.

Алынған нәтижелерді ескере отырып моноқалаларды демографиялық әлеуеті деңгейі бойынша топтастырамыз: 0-2,5 – өте төмен; 2,5-5-төмен; 5-7, 5-орташадан төмен; 7,5-9-орташа; 9-11,5-орташадан жоғары; 11,5-13-жоғары.

ҚР моноқалалардың өзіндік инвестициялық әлеуетін бағалау нәтижесі төменгі кестеде көрсетілген. Алынған нәтижелерді ескере отырып, моноқалаларды жеке инвестициялық әлеуетінің деңгейі бойынша топтастырамыз: 0-2, 5-төмен; 2,5-5-орташа; 5-7,5-ортадан жоғары; 7,5-10-жоғары. ҚР моноқалалардың өзіндік инвестициялық әлеуетін бағалау нәтижесі 6-кестеде көрсетілген.

Кесте – 4

ҚР моноқалаларының агломерациялық және ерекше әлеуетін бағалау

<i>ҚР моноқалаларының агломерациялық әлеуетін бағалау</i>			
Көрсеткіштер	Балқаш	Қаражал	Теміртау
АҚА құрамына кіруі (атқарымдық қалалық аудан)	0	0	100
Қаланың облыстық немесе Республикалық маңызы бар ірі қалаға тікелей жақын орналасуы	100	0	100

Қаланың ірі көлік дәліздерінің қиылысында орналасуы	100	100	100
TDaa= TDaa ¹ + TDaa ² + TDaa ³	14	10	17
	орташадан жоғары	орташа	жоғары
<i>ҚР моноқалаларының ерекше әлеуетін бағалау</i>			
Көрсеткіштер	Балқаш	Қаражал	Теміртау
Шикізат-ресурстық әлеуеттің болуы	100	100	100
Туристік әлеуеттің болуы	100	0	0
TDea=TDea ¹ + TDea ²	14	10	10
	жоғары	орташа	орташа

**[9] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған*

Алынған нәтижелерді ескере отырып, моноқалаларды агломерациялық әлеует деңгейі бойынша топтастырамыз: 0-5–төмен; 5-10 – орташа; 10-15–ортадан жоғары, 15-20 – жоғары. ҚР моноқалалардың ерекше әлеуетін бағалау нәтижесі кестеде көрсетілген.

Алынған нәтижелерді ескере отырып, моноқалаларды ерекше әлеуетінің болуына қарай топтастырамыз: 0-5 – төмен; 5-10 – орташа, 10-15 – жоғары.

ҚР шоғырланған көптеген моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы тұрақсыздық ондағы инновациялық қызметті жандандыру қажеттілігін тудырады. Моноқалалардың экономикасын жаңғырту және әртараптандыру инновациялық қызметті дамытпай жүзеге асыру мүмкін емес.

Ғылыми жаңалығы. Моноқаланың инновациялық даму мүмкіндіктерін бағалау маңызды болып табылады. Атап айтқанда, инновациялық тартымдылыққа көптеген факторлар әсер етеді: өндірістік, ресурстық-шикізат, инвестициялық, әлеуметтік, кадрлық, қаржылық, инфрақұрылымдық және т.б. Дегенмен қаланың инновациялық дамуына әсер ететін (кері, жағымды) факторларды ескерсек, барлық дерлік моноқалалардың инновациялық даму сценарийін жүзеге асыру мүмкіндігі жоқ.

Сонымен 5-кестеде берілген моноқаланың тұрақты дамуын бағалау әдістемесіне сәйкес индикаторлар бойынша даму сценарийін таңдау жүйесі негізінде ҚР таңдалған моноқалалары бойынша нәтиже көрсетілген.

Кесте – 5

ҚР моноқалаларының даму сценарийін анықтау үшін индикаторлар бойынша есептеу нәтижелерін салыстыру

Индикаторлар	Балқаш	Қаражал	Теміртау
1	2	3	4
Монобейінділік дәрежесі	Орташа	Орташа	Төмен
Экономиканың ауқымы және экономиканың тиімділігі (экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер)	Орташадан жоғары	Орташадан жоғары	Орташадан жоғары
Демографиялық әлеуеті	Орташа	Орташадан жоғары	Орташа
Жеке инвестициялық әлеуеті	Орташа	Орташа	Орташадан жоғары
Агломерациялық әлеуеті	Орташадан жоғары	Орташа	Жоғары
Қала ерекше әлеуетінің болуы	Жоғары	Орташа	Орташа
<i>Даму сценарийі</i>			
Инерциялық даму		+	
Теңдестірілген даму	+++	++++	++
Инновациялық даму (өсу)	++++	++	+++++
Әртараптану (негізі мамандануынан басқа)	++++	+	+++++

**авторлармен құрастырылған*

ҚР моноқалалар үшін инновацияға бағдарланған экономикаға ауысу (көшу), инновациялық даму сценарийі ең тиімді екеніне қарамастан, оның қазіргі даму жағдайы мен ресурстары оны таңдауға мүмкіндік бермейді. Зерттеу барысында анықталған тұжырымдамаларға сүйене келе, моноқалаларды ұсынылған әдістемедегі индикаторлар бойынша есептеу қорытындысы анықталды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың келешек даму сценарийлері айқындалды. Моноқалалардың экономикасын жаңғырту және тұрақты дамуы үшін әртүрлі даму сценарийлерін қолдануға болады. Біріншіден, жеке бір сценарийді, сондай-ақ екі сценарийдің өзара үйлесімін де қолдану мүмкіндігі қарастырылды.

Зерттеу барысында Теміртау мен Балқаш моноқалалары үшін инновациялық даму жолы мен негізгі маманданумен байланысты емес экономика салаларын әртараптандыру қажеттілігі айқындалды. Осы моноқалалар үшін теңдестірілген даму сценарийлерін таңдау маңызды болып табылады. Қаражал қаласы үшін экономиканы әртараптандыру мен теңдестірілген даму сценарийі ең тиімді шешім ретінде ұсынылады.

Сонымен қатар, моноқалалардың ішкі және сыртқы ресурстары әртүрлі болғандықтан, олардың даму сценарийлері мен тетіктері аймақтың ерекшеліктеріне қарай таңдалуы керек. Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық құрылымының алуан түрлілігі мен шаруашылық кеңістігін ескере отырып, олардың тұрақты дамуын қолдаудың кешенді шаралары мен тетіктері даму сценарийлеріне байланысты жеке анықталуы тиіс.

Алынған нәтижелердің жаңалығы инновациялық даму сценарийін таңдау және оны іске асыру кезінде моноқалалардың экономикасын әртараптандырудың маңыздылығын атап өтуде. Инновациялық даму моноқалалардың экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді және оларды жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген нәтижелерге сүйене отырып, моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын қалыптастыруда бірнеше ұсыныстар жасалады. Моноқалаларға арналған теңдестірілген даму сценарийлерін енгізу, әр қала үшін оның ерекшеліктерін ескере отырып, инновациялық даму бағыттарын басымдыққа қою. Моноқалалардың экономикасын әртараптандыру, оның ішінде жаңа индустриялар мен технологиялық салаларды дамыту.

Мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру, аймақтық даму бағдарламаларының тиімділігін арттыру. Бұл ұсыныстар моноқалалардың даму үрдісін жеделдетуге және олардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған.

Келешекте осы зерттеулерді одан әрі жалғастыру қажет, атап айтқанда моноқалалардың экономикалық дамуында инновациялық әлеуетті арттыруға арналған нақты ұсыныстар мен стратегиялар әзірлеу қажет. Сонымен қатар, моноқалалардың даму деңгейін көрсететін жаңа индикаторларды енгізу және даму сценарийлерін нақтылау қажет.

Бұл бөлімде зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізілгенін, алынған нәтижелердің жаңалығын және практикалық маңыздылығын анық көрсетіп, болашақта қандай ғылыми зерттеулер жүргізуге болатынын да атап өттік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Baksultanov D., Kurmanov N., Syrlybayeva N. Analysis and assessment of the innovation development state of Kazakhstan // *Journal of Economic Research & Business Administration*. – 2022. – №3(141). – <https://doi.org/10.26577/be.2022.v141.i3.13>
2. Zhubanova B., Mustafina A., Yessengeldin B. Discovering smart cities' potential in Kazakhstan: A cluster analysis // *PLOS ONE*. – 2024. – №19(2). – e0296765 p. – <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0296765>
3. Қазыбаев Б.О., Әбілдаханова С.Р., Тұзұбекова М.К. Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері // *Қаржы-қаражат журналы*. – 2021. – №3. – Б. 45–59.
4. Lee S., Degtereva E. Foresight methodology in regional innovation development // *Technological Forecasting and Social Change*. – 2020. – №158. – P. 120–124. – <https://doi.org/10.1016/j.techfore.2020.120124>.
5. Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Прогнозной схемы территориально-пространственного развития страны до 2030 года. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000625>.
6. Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Государственной программы развития регионов на 2020-2025 годы. – <http://adilet.zan.kz/rus/docs.27.12.2019>.

7. Maimurunova A. Problems of Sustainable Development of Single-Industry Towns. Example of Karaganda Region // *Journal of Environmental Management and Tourism*. – 2022. – №3(59). – P. 707–721.

8. Маймурунова А.А. Цифровая городская среда: оценка ее развития в моногородах // *Финансовые технологии в цифровой экономике: проблемы и перспективы развития в мире и России: матер. междунар. круг. стола.* – М.: РУДН. – 2019. – С. 83–93.

9. Өңірлер бойынша статистикалық деректер / Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросы // <https://stat.gov.kz>. 28.05.2019.

REFERENCES

1. Baksultanov D., Kurmanov N., Syrlybayeva N. Analysis and assessment of the innovation development state of Kazakhstan // *Journal of Economic Research & Business Administration*. – 2022. – №3(141). – <https://doi.org/10.26577/be.2022.v141.i3.13>

2. Zhubanova B., Mustafina A., Yessengeldin B. Discovering smart cities' potential in Kazakhstan: A cluster analysis // *PLOS ONE*. – 2024. – №19(2). – e0296765 p. – <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0296765>

3. Kazybaev B., Abildakhanova S., Tuzubekova M. Monokalalardyn aleumettik-ekonomikalyk damu erekshelikteri [Features of socio-economic development of mono-cities] // *Financial journal*. – 2021. – №3. – В. 45–59. [in Kazakh]

4. Lee S., Degtereva E. Foresight methodology in regional innovation development // *Technological Forecasting and Social Change*. – 2020. – №158. – P. 120–124. – <https://doi.org/10.1016/j.techfore.2020.120124>.

5. Postanovlenie Pravitelstva Respubliki Kazahstan. Ob utverjdenii Prognoznoi shemy teritorialno prostranstvennogo razvitiya strany do 2030 goda [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan. On approval of the Forecast scheme of territorial and spatial development of the country until 2030] // – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000625> [in Russian].

6. Postanovlenie Pravitelstva Respubliki Kazahstan. Ob utverjdenii Gosudarstvennoi programmy razvitiya regionov na 2020-2025 gody [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan. On the approval of the State Program of Regional Development for 2020-2025// – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs> [in Russian].

7. Maimurunova A. Problems of Sustainable Development of Single-Industry Towns. Example of Karaganda Region // *Journal of Environmental Management and Tourism*. – 2022. – №3(59). – P. 707–721. – [https://doi.org/10.14505/jemt.v13.3\(59\).11](https://doi.org/10.14505/jemt.v13.3(59).11)

8. Maimurunova A. Sifrovaia gorodskaja sreda: osenka i razvitiya v monogorodah [Digital urban environment: assessment of uu development in single-industry towns] // *Financial technologies in the digital economy: problems and prospects of development in the world and Russia: materials of the international round table.* – 2019. – S. 83–93 [in Russian]

9. Onirler boiynsa statistikalyq derekter / Kazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jane reformalau agenttiǵı Ұлттық статистика бюросы [Statistical data by Region / National Bureau of statistics of the agency for Strategic Planning and reform of the Republic of Kazakhstan] – URL: / <https://stat.gov.kz>. 28.05.2019. [in Kazakh]

Маймурунова А.А., Ауезова З.Т., Даниярова М.Т., Имрамзиева М.Я.

МЕТОДИКА ОПРЕДЕЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННОГО СЦЕНАРИЯ РАЗВИТИЯ МОНОГОРОДОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

В данной статье всесторонне рассматривается инновационный потенциал и возможности развития моноурбанизаций Республики Казахстан. В ходе исследования было проведено анализ социально-экономического развития моноурбанизаций, с целью прогноза их будущих направлений развития и определения сценариев развития. В соответствии с потенциалом развития моноурбанизаций были предложены эффективные меры и механизмы государственной поддержки. На основе предложенной методологии были оценены приоритеты и потенциал развития моноурбанизаций, а также разработаны долгосрочные сценарии инновационного развития.

Методами исследования стали логический и сравнительный анализ, экономико-статистические методы, метод форсайт-исследования, выявление причинно-следственных связей, а также экспертная оценка.

В результате был проанализирован план территориального развития Казахстана до 2025 года и программы развития регионов. Несмотря на то, что в этих документах определены макроуровневые направления развития моноурбанизаций, их инновационный компонент оказался недостаточным. В связи с этим возникает необходимость разработки индивидуальной стратегии развития для каждого моноурбанизационного города, с учетом местных особенностей, основанной на конкурентных преимуществах.

Инновационные сценарии развития направлены на обеспечение позитивной динамики социально-экономических показателей, развитие человеческого капитала и улучшение качества жизни. Таким образом, результаты индикативной и экспертной оценки позволили выявить проблемы и возможности развития моноурбанизаций и предложить оптимальные инновационные направления развития для них.

Maimurunova A., Auezova Z., Daniyarova M., Imramziyeva M.

METHODOLOGY FOR DETERMINING THE INNOVATIVE SCENARIO FOR THE DEVELOPMENT OF SINGLE-INDUSTRY TOWNS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Annotation

This article comprehensively examines the innovative potential and development opportunities of mono-cities in the Republic of Kazakhstan. The study analyzes the socio-economic development of mono-cities, forecasts their future development directions, and defines development scenarios. Based on the development potential of mono-cities, effective measures and mechanisms of state support were proposed. Using the proposed methodology, the priorities and potential for the development of mono-cities were evaluated, and long-term innovation development scenarios were developed.

The research methods include logical and comparative analysis, economic-statistical methods, foresight research methods, identifying cause-and-effect relationships, and expert evaluation.

As a result, the Territorial Development Plan of Kazakhstan until 2025 and regional development programs were analyzed. Although these documents outline macro-level directions for the development of mono-cities, their innovative component was found to be insufficient. Therefore, there is a need to develop individual development strategies for each mono-city, taking into account local specifics and based on competitive advantages.

The innovation development scenarios aim to ensure positive dynamics in socio-economic indicators, human capital development, and improved quality of life. Thus, the results of the indicative and expert evaluation allowed for the identification of issues and opportunities for the development of mono-cities and the proposal of optimal innovation development directions for them



DOI 10.52260/2304-7216.2025.1(58).43

ӨЖ 332.143

FTAMP 06.61.33

К.Б. Шалдарбеков, PhD, қауымд. профессор¹**З.С. Нурмухамбетова**, магистр, аға оқытушы¹**А.А. Джолдасов**, PhD докторанты²**Д.О. Сатыбалдиева**, PhD, қауымд. профессор²*М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
Тараз қ., Қазақстан¹**Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық
зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан²*

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e.mail: d.satybaldiyeva@satbayev.university

АЙМАҚТЫҚ ИНДУСТРИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада аймақтық индустриялық жобаларды басқару механизмін жетілдіру мәселелері қарастырылған. Зерттеу барысында аймақтық деңгейдегі инвестициялық саясаттың теориялық аспектілері және негізгі ұғымдары талқыланды. Авторлар аймақтық жобалардың жіктелуін көрсетті және аймақтық жобаларды басқару үдерісін сипаттады. Мақалада «Жоба» және «Жобаларды басқару» ұғымдарына қатысты теориялық ұстанымдар жүйеленіп, отандық және шетелдік авторлардың көзқарастарына негізделген әдеби шолу жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде авторлар аймақтық индустриялық жобаларды іріктеу үдерісін жетілдіруге бағытталған жобаларды басқару механизмнің құрылымдық схемасын ұсынды. Бұл ұсынылған схема аймақтық деңгейдегі жобаларды көпкритерийлі бағалау негізінде сұрыптап, аймақтың стратегиялық даму басымдықтары мен экономикалық әлеуетіне сәйкес келетін тиімді жобалар портфелін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Авторлар ұсынған схемада инвестициялық жобаларды басқарудың арнайы аймақтық органы құрылуы тиіс. Ол орган әр жоба бойынша жобаларды басқару командасын анықтайды және олар аймақтың басым бағыттары бойынша жобаларды алдын – ала іріктеуі тиіс. Арнайы аймақтық органмен бірігіп жұмыс істейтін негізгі тұлғалар - сарапшылар болуы тиіс. Сарапшылар жобаларға алдын ала талдау жүргізеді, әр жобаның мүмкін болатын тәуекелдерін анықтайды және портфельге жобаларды қосу үшін жобаларды іріктейді. Осы зерттеудің нәтижелері осы бағытта зерттеу жүргізетін ғалымдарға және аймақтық мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін қызығушылық тудыруы мүмкін.

Кілт сөздер: инвестициялық жоба, аймақтық индустриялық жоба, инвестициялық саясат, жобаларды іріктеу, аймақтық жобалар портфелі, жобаларды басқару механизмі, сарапшылар.

Ключевые слова: инвестиционный проект, региональный индустриальный проект, инвестиционная политика, отбор проектов, портфель региональных проектов, механизм управления проектами, эксперты.

Keywords: investment project, regional industrial project, investment policy, project selection, regional project portfolio, project management mechanism, Experts

JEL classification: R1

Кіріспе. Қазақстан экономикасын модернизациялау жағдайында аймақтық факторлар ерекше орын алады. Аймақтық факторлар өз кезегінде экономикадағы құрылымдық өзгерістердің нәтижесін, динамикасын және қарқынын анықтайды.

Кез келген мемлекет үшін аймақтық дамудың дұрыс моделін таңдау өте маңызды болып табылады, өйткені оның негізінде аймақтық саясатты жүзеге асырудың әдістері, формалары таңдап алынады.

Қазақстан Республикасында 2018 жылы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары» бекітіліп, қабылданды. Бұл жоспардағы көзделіп отырған реформаның бірі – ҚР қуатты аймақтарды қалыптастыру. Қуатты аймақтарды қалыптастыру сол аймақтардағы бар жергілікті әлеуетті тиімді пайдалану арқылы көзделіп отыр.

Қазақстан Республикасының әр аймағы ерекше болып келеді. Аймақтағы табиғи ресурстардың болуы немесе аймақтың тиімді географиялық орналасуы сол аймақтың дамуының негізі бола алады. Осыған байланысты, аймақтық деңгейде іске асырылатын инвестициялық сипаттағы индустриялық

жобалар, ең алдымен, сол аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясымен, өндірістік мамандануымен және қолда бар ресурстық-экономикалық әлеуетімен өзара үйлесімді болуы тиіс.

Өнеркәсіптік даму көптеген аймақтар үшін стратегиялық бағыт бола отырып, капиталды көп қажет ететін жобаларды іске асыруды ғана емес, сонымен қатар жергілікті ресурстарды — материалдық және адами ресурстарды сауатты тартуды да көздейді. Сондықтан, аймақтық индустриялық бастамаларды басқарудың қолданыстағы модельдерін қайта қарастырудың объективті қажеттілігі туындайды. Бұл ретте басқару механизмін жетілдірудің негізгі бағыты аймақтық әлеуеттің барлық элементтерін неғұрлым толық және жүйелі пайдалануға бағытталуы тиіс.

Зерттеу мақсаты - аймақтық индустриялық жобаларды тиімді басқаруға бағытталған механизмді жетілдіру жолдарын ұсыну.

Мақсатқа жету үшін мына міндеттерді шешу көзделіп отыр:

- аймақтық жобаларды басқару процессін теориялық тұрғыда зерттеу;
- қазіргі басқару механизмінің негізгі проблемаларын анықтау;
- аймақтық индустриялық жобаларды басқару механизмінің схемасын ұсыну.

Зерттеу әдістері ретінде - абстракциялау және жалпылау, құрылымдау және жүйелеу сияқты экономиканы зерттеудің теориялық әдістері қолданылды.

Әдебиеттік шолу. Аймақтық саясат теориясын қарастыру үшін ең алдымен «Аймақ», «Өңір» сияқты түсініктерді анықтап алуымыз керек.

Н.А.Ундрицовтің пікірінше, аймақ – белгіленген шекаралары бар, белгілі бір дәрежедегі автономияға ие территориялық бірлік [1]. Аймақ автономияға ие болғанымен, біртұтас жүйенің (мемлекеттің) бөлігі ретінде қарастырылады.

«Аймақ» сөзі латынның «Regio» деген сөзінен шыққан және «облыс, өңір, аумақ» ретінде түсіндіреді [2]. Осы тұрғыдан түсіндіруді дұрыс деп тұжырымдауға болады. Мысалы, Қазақстан Республикасы жеке аймақтарға бөлінген және әр облысты өңір, аймақ, аумақ деп те атауға негіз бар. Ол бір жағынан ҚР-ның құрылымы бойынша унитарлы мемлекет болуымен түсіндіріледі. Сондықтан, біздің елімізде «Өңір» және «Аймақ» сөздерін синоним ретінде қарастыруымызға болады.

Федеративтік мемлекеттерде бұл екі сөз әр түрлі мағынада қарастырылуы мүмкін. Мысалы, Ресей Федерациясында өңір ретінде бірнеше жеке облыстардың бірігуін қарастырып айтады. Кейбір мемлекеттерде өңір өзінің масштабы бойынша аймақтан көбірек болуы мүмкін. Еуропа елдерінде «Аймақ» ретінде географиялық жағынан көршілес бірнеше дербес мемлекеттердің бірігуін айтады (орталық еуропалық аймақ, батыс еуропалық аймақ).

Әр аймақты үлкен әлеуметтік - экономикалық жүйенің бір бөлігі ретінде қарастыруға болады. Әлеуметтік - экономикалық жүйе өзінің күрделілігімен және салалық сипатының әр - түрлі болуымен сипатталады [3].

Жоғарыда қарастырылған авторлардың ойларын синтездеп, тұжырымдайтын болсақ, онда аймақ ретінде – жеке облыс, республикалық маңызы бар қала сияқты белгілі бір территорияны қарастыруымызға болады. Ол территориялардың мемлекет ішіндегі нақты географиялық орны, басқарушылық құрылымы, белгілі бір мамандануы бар экономикасының құрылымы, ресурстары болады.

Әр аймақтың территориясында ресурстардың бар болуына байланысты, өзінше жеке мамандануы пайда болады. Аймақтың мамандануына сәйкес сол аймақтағы әлеуметтік – экономикалық саясат жүргізілуі тиіс. Өйткені аймақ өте күрделі жүйе болып табылады және ол үнемі дамып, өзгеріп және күрделеніп отырады. Осыған сәйкес, аймақтық саясат әр аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі керек.

«Аймақтық саясат» түсінігінің анықтамасы әр қандай болып келеді. Кейбір зерттеушілер «Аймақтық мемлекеттік саясат» - ол халықтың өмір сүру жағдайлары мен экономиканы кеңістіктік ұйымдастыру деп түсіндіреді. Мемлекеттің кеңістіктік дамуының негізінде ресурстық әлеуетті неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін өндіргіш күштердің орналасуы қарастырылады [4,5].

Кейбір ғылыми еңбектерде – «Аймақтық саясат - бұл мемлекеттік билік құрылымдарының заңнамалық негізде жүзеге асыратын мақсатты қызметі. Ол аймақтық деңгейдегі ұйымдық, әлеуметтік және экономикалық құрылымдарда теріс үрдістердің алдын алуға, сонымен қатар институционалдық негізде тұрақты әрі оң өзгерістерге қол жеткізуге бағытталған. Мұндай саясат

аймақтардың теңгерімді дамуын қамтамасыз ету мен олардың әлеуетін тиімді іске асыруды көздейді» деп көрсетіледі [6].

Жалпы көріп отырғанымыздай, аймақтық саясаттың басты мақсаты - сол аймақтың мамандануына, ресурстық әлеуетін және бәсекелік артықшылықтарын тиімді пайдалануына қарай оны дамыту және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Индустрия терминіне келетін болсақ – ол техника көмегімен жүзеге асырылатын өндірісті білдіреді. Барлық өнім өндіретін өндіріс түрлерін индустриалдық өндіріс деп атауға болады. Яғни, индустрия сөзін өнеркәсіп, өнеркәсіптік кәсіпорын, өнеркәсіптік өндіріс, өндіріс деген синонимдермен ауыстыруға болатын сияқты.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «Аймақтық жоба», «Аймақтық индустриалдық жоба» деген ұғымдардың нақты түсінігі жоқ, бірақ «Жоба», «Жобаларды басқару» ұғымдарының анықтамалары өте көп кездеседі.

«Жоба» ретінде - бірегей нәтиже беретін іс-шаралардың дәйекті кешенін атайды [7]. Кейбір авторлардың ойынша, «Жоба – бұл алдын ала тыңғылықты тексерілген, жоспарланған туынды немесе физикалық объектілердің, технологиялық үдерістердің және ұйымдастырушылық құжаттардың туындысы» [8].

Аймақтық деңгейде жүзеге асырылатын жобаларға келетін болсақ, олар өздерінің сипаты бойынша біршама күрделі болып келеді және сәйкесінше оның түсініктемелері де өте ауқымды.

Зерттеуші Д.П. Малышев бұл түсінікке төмендегідей анықтама береді – «Аймақтық инвестициялық жобалар – аймақтың әлеуметтік экономикалық мақсаттарына сай келетін, аймақ үшін маңызы бар және аймақтың бизнес, инфрақұрылым, әлеуметтік саладағы объектілерін дамытуға бағытталған өзара байланысты іс шаралардың жүйесі» [9].


Зерттеу барысында талданған анықтамалар негізінде аймақтық индустриялық жобалардың мазмұндық жағынан басқа жобаларға қарағанда анағұрлым күрделірек екендігі анықталды. Әдетте, жекелеген жобалар салыстырмалы түрде қарапайым құрылымға ие болып, оларды басқару барысында алдын ала қалыптасқан стандартты құралдар мен әдістерді тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Ал аймақтық индустриялық жобалар әртүрлі мүдделі тараптардың қатысуымен және кең ауқымды ресурстық талаптармен ерекшеленетін кешенді жүйелер ретінде сипатталады. Аймақтық жобаларды басқару өте күрделі болып келеді, себебі оларды жүзеге асыруда сол аймақтың әлеуеті, даму бағыттары, стратегиясы өзінің әсерін тигізеді. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, аймақтық индустриалдық жобаларды басқару кешенді түрде жүргізілуі керек. Көптеген заманауи зерттеушілер аймақтық жобаларды аймақтық билік органдары тарапынан кешенді қолдаудың қажеттілігін ерекше атап көрсетуде. Жергілікті билік органдары аймақтың даму стратегиясына аймақтық жобаларды сәйкестендіруі керек [10].

Ғылыми әдебиеттерді талдаудың нәтижелері көрсеткендей, аймақтық индустриялық жоба деп белгілі бір аймақтың аумағында жүзеге асырылатын, оның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыруға бағытталған және жалпы аймақтық даму стратегиясының басымдықтарына сәйкес келетін жобаны түсінуге болады.

Осыған сәйкес, аймақтық индустриалдық жобаларды басқару үдерісіндегі ең маңызды мәселе – белгісіздік жағдайында аймақ үшін ең тиімді және басым жобаларды іріктеп алу және оларды нәтижелі жүзеге асыру. Аймақтық индустриалдық жобаларды басқару белгілі бір тәсілдердің көмегімен кешенді түрде жүргізілуі керек екендігі белгілі болды. Сол үшін, аймақтық индустриалдық жобаларды басқару механизмінің схемасын ұсынуымыз керек.

Негізгі бөлім. Әдебиеттік шолу бөлімінде көрсетілгендей, барлық аймақтық жобалар 3 топқа бөлінеді. Бизнес саласындағы жобаларға пайда табуды көздейтін барлық жобалар (өнеркәсіп, қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы) жатады. Әлеуметтік жобалар пайда табуды көздемейді, бірақ сол аймақтың әлеуметтік мәселелерін шешуге қажет жобалар (мектеп салу, ауруханалар құрылысы және т.б.). Инфрақұрылымдық жобалар – сол аймақта жолдар салу, сумен жабдықтау, электр желілерін тарту, газбен жабдықтау.

Аймақта жүзеге асырылатын басқа жобалар, мысалы ғылыми жобалар сол бизнес саласындағы кәсіпорындардың ықпалымен және қолдауымен жүзеге асырылады. Аймақтық индустриалдық жобалар сол бизнес саласындағы жобалар құрамына кіреді.



Сурет – 1. Аймақтық жобалардың жіктелуі
* [9] дереккөз бойынша құрастырылған

Жобаларды басқару - шектеулі ресурстар жағдайында (уақыт, қаржы және адами капитал) нақты мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған жүйелі және жоспарлы басқару қызметі ретінде сипатталады. Ол белгіленген жоспарлар мен бағдарламаларды тиімді іске асыру үшін басқару процестерін үйлестіруді, ресурстарды оңтайлы бөлуді және нәтижеге бағдарланған тәсілді қажет етеді. Аймақтық жобаларды басқару процесі келесі суретте көрсетілген.



Сурет – 2. Аймақтық жобаларды басқару және жүзеге асыру процесі*
* [9,10] дереккөз бойынша құрастырылған

Аймақтық жобаларды басқару процесі – сол аймақтың дамуының басым бағыттарын анықтау, инвестициялық жобаларды іріктеу және оларды бағалауды қамтиды.

Қазіргі кезеңде Қазақстандағы аймақтық индустриялық жобаларды басқару саласында жергілікті атқарушы органдар бірқатар маңызды қызметтерді жүзеге асырады. Атап айтқанда, олар қаржылық, ақпараттық және инфрақұрылымдық қолдау көрсету, сондай-ақ жобалардың орындалу барысын бақылау сынды міндеттерді атқарады. Жобаларды индустрияландыру картасына енгізу туралы шешім аймақтық үйлестіру Кеңесінің ұсынысына негізделіп қабылданады.

Қазіргі таңда жергілікті билік өкілдері жобаларды бағалау мен мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру барысында белгілі бір критерийлерді басшылыққа алады. Бұл критерийлерге - жобаның инновациялық болуы, нарықтағы бәсекеге қабілеттілік деңгейі мен ауқымдылығы жатады. Дегенмен, әрбір аймақтың өзіндік өндірістік мамандану ерекшеліктері мен даму әлеуеті бар екенін ескеру қажет. Осыған байланысты, жобаларды дұрыс іріктеу үшін нақты және дәйекті критерийлер жүйесін қалыптастырудың өзектілігі артып келеді.

Ресми деңгейде Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаларды іріктеу критерийлерін бекіткенімен, барлық аймақтардың бір-бірінен әлеуметтік-экономикалық, географиялық және өндірістік ерекшеліктер бойынша айырмашылығы бар екенін ұмытпаған жөн. Осы орайда, жобаларды іріктеу кезінде қолданылатын критерийлердің тізбесін кеңейту қажеттігі туындайды.

Индустриялық жобаларды әртүрлі аймақтарда жүзеге асырған көптеген инвесторлар өз тәжірибесіне сүйенгенімен, олар жиі әртүрлі кедергілерге тап болуда. Бұл қиындықтар, әдетте, жобаның бастапқы кезеңінде – оның экономикалық тиімділігін бағалау мен қаржылық құрылымын қалыптастыру сәтінде туындайды. Жобалар қаржы ұйымдары тарапынан зерттелгеніне қарамастан, іске асыру барысында өнімді өткізу нарығының жеткілікті деңгейде зерттелмеуі, аймақтың нақты әлеуетінің есепке алынбауы секілді елеулі олқылықтар орын алуда.

Жамбыл облысында индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының бірінші және екінші бес жылдығы аясында барлығы 46 инвестициялық жоба жүзеге асырылған болатын. Алайда, бүгінгі таңда бұл жобалардың барлығы бірдей сәтті жұмыс істеп тұрған жоқ (10 жоба өзінің қызметін тоқтатты). Мысалы, мұнай-химия саласында жағдай нашар сипатқа ие — мұнда тек бір жоба (барлығы төртеу) ғана қазіргі уақытта белсенді жұмыс істеуде, яғни 75% тоқтап қалған.

Біздің ойымызша, мұндай кемшіліктер жобаларды талдау және іріктеу кезеңінде толыққанды сараптаманың жүргізілмеуімен тікелей байланысты. Бұл, өз кезегінде, жобаларды басқарудың тиімді жүйесінің болмауын көрсетеді. Қазіргі уақытта қолданылып отырған басқару механизмі өзара байланысы әлсіз элементтер жиынтығы ретінде көрініс табады және тек үдерістік сипатқа ие. Мұндай механизм жобалардың сапалы орындалуына кепіл бола алмайды және оны түбегейлі жетілдіру қажеттілігі айқын байқалады.

Аймақтық индустриялық жобаларды басқару механизмін жетілдіру үшін, біз ең алдымен аймақтық саясаттың негізгі бағыттарын анықтауымыз керек.

Аймақтық деңгейдегі индустриялық жобаларды тиімді іске асыру қазіргі заманғы экономикалық дамудың маңызды алғышарттарының бірі болып табылады. Бұл үдерісте мемлекеттің белсенді қатысуы шешуші рөл атқарады. Мемлекеттік басқару механизмінің мақсатты түрде қолданылуы әрбір аймақтың экономикалық әлеуетін кешенді игеруге және жобалардың өзара тиімді ықпалдастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аймақтық жобаларды тиімді басқару үшін, ең алдымен аймақтық деңгейде арнайы уәкілетті құрылымның жұмыс істеуі қажет. Мұндай органның негізгі функцияларының қатарына: инвестициялық жобалар бойынша ақпараттық-сараптамалық қолдау көрсету, жоспарланған бастамаларға кешенді бағалау жүргізу, даму басымдықтарына сәйкес келетін жобаларды іріктеу және ғылыми сарапшылардың қатысуымен жобаларды талдау жатады.

Сонымен қатар, жобаларды іске асыру кезінде аймақтық ерекшеліктерді ескеру аса маңызды. Бұл, өз кезегінде, аймақтың ұзақ мерзімді даму стратегиясын жүзеге асыруға ықпал ететін бағыттарды нақтылауға және нақты аймақтың өндірістік мамандануына, инновациялық әлеуетіне сәйкес келетін жобаларды таңдауға мүмкіндік береді.

Жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру кезеңдерінде аймақтың қолда бар ресурстары - өндірістік қуаттар, кадрлық база, ғылыми-зерттеу орталықтары мен табиғи ресурстар - толық әрі ұтымды пайдаланылуы тиіс. Мұндай тәсіл жобалардың тиімділігін арттырып қана қоймай, аймақтың экономикалық дербестігін күшейтеді. Салааралық және салаішілік ықпалдастық жобалар арасындағы кооперацияны арттырып, олардың жалпы аймақ экономикасына мультипликативтік әсерін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда баяндалған қағидаларды іске асыру нәтижесінде, аймақтық жобаларды басқаруға жауапты органның үйлестіруімен белгілі бір аймақтың даму басымдықтарына, өндірістік құрылымына және экономикалық әлеуетіне сәйкес келетін жобалар портфелі қалыптастырылады. Мұндай портфель аймақтың кешенді және тұрақты дамуына бағытталған мақсатты бастамалардан тұруы қажет.

Жалпы, аймақтық деңгейде индустриялық жобаларды басқару механизмінің схемасына келетін болсақ, ең алдымен кез – келген аймақта инвестициялық жобаларды басқарудың аймақтық органы құрылуы тиіс.



Сурет –3. Аймақтық индустриялық жобаларды басқару механизмінің схемасы*

* авторлармен жасалынған

Инвестициялық жобаларды басқарудың аймақтық органы әр жоба бойынша жобаларды басқару командасын анықтайды және олар аймақтың басым бағыттары бойынша жобаларды алдын – ала іріктеуі тиіс.

Арнайы аймақтық органмен бірігіп жұмыс істейтін негізгі тұлғалар – сарапшылар болуы тиіс. Сарапшылар жобаларға алдын ала талдау жүргізеді, әр жобаның мүмкін болатын тәуекелдерін анықтайды және портфельге жобаларды қосу үшін жобаларды іріктейді. Жоба сарапшылары ретінде – инвестициялық жобаларды сәтті жүзеге асырған кәсіпкерлер, ғылыми қызметкерлер, қаржы ұйымдарының мамандары және жобаларға мониторинг жүргізетін мемлекеттік орган мамандары алынуы тиіс. Сонымен бірге, аймақтық индустриялық жобаларды іріктеу кезінде көп критерийлі бағалау арқылы іріктеу жүргізген жөн болып табылады.

Аймақта жүзеге асырылатын жобаларды іріктеу барысында аймақтың әлеуеті (шикізат базасының болуы, ғылыми әлеует, сол жобаға сәйкес еңбек ресурстарының болуы), жұмыс орындарын құру мүмкіндігі, жобаны басқару жүйесінің болуы, сондай-ақ жобаның басқа жобалармен өзара байланыстың болуы сияқты критерийлерді қолдану қажет. Бұдан бөлек, жобаның аймақтық даму стратегияларымен үйлесімділігі, салық түсімдерінің көлемі мен экономикалық тиімділігін сипаттайтын қаржылық көрсеткіштер де маңызды іріктеу критерийлері ретінде қарастырылуы тиіс.

Индустриялық жобаларды іріктеу процесінде бастапқы басымдық ретінде аймақтың ресурстық, экономикалық және өндірістік әлеуетімен үйлесетін жобаларды анықтап, сұрыптау қажеттілігі туындайды.

Қорытынды. Зерттеу барысында аймақтық деңгейде жүзеге асырылатын индустриялық жобаларды басқару механизмінің құрылымы жан-жақты қарастырылып, аймақтық жобаларды басқару саясатының басым бағыттары анықталды. Сонымен қатар, индустриялық жобаларды басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында аймақтық басқару механизмінің үлгілік схемасы ұсынылды.

Ұсынылған басқару схемасы нақты аймақ үшін өзекті болып табылатын инвестициялық бастамаларды жүйелеуге және мақсатты жобалар портфелін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл схема арқылы жобаларды басқаруға жауапты құрылымдардың қызметін оңтайландыру, сондай-ақ аймақтық ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған жобаларды үйлестіру механизмдері негізделеді.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттары айқындалғаннан кейін, жергілікті атқарушы органдардың міндеті – индустриялық жобаларды үйлестіріп отыратын арнайы уәкілетті органды қалыптастыру болып табылады. Мұндай органның құрылуы инвестициялық жобаларды мақсатты басқарудың сапасын арттыруға және олардың аймақтың даму стратегиясымен үйлесімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Ол орган ең бірінші кезекте аймақтың даму мақсаттарына және аймақтың әлеуетіне сай келетін жобаларды сарапшылар көмегімен іріктеп алуы керек. Жобаларды іріктеу барысында мына төмендегі критерийлер көмегімен іріктеу жүргізу керек:

- жобаның аймақтағы ғылыми әлеуетке сай келуі;
- аймақта сол жобаға қатысты шикізат базасының болуы;
- жобаның инновациялық инфрақұрылымға сай келуі;
- жобаның аймақтағы жүзеге асырылып отырған басқа жобалармен байланысының болуы;
- жобаның аймақтың даму мақсаттарына сай келуі.

Осы аталған критерийлердің көмегімен жобаларды іріктеу кезінде сол жобалардың тоқтап қалуы немесе толық қуатына шыға алмауы сияқты тәуекелдер азая түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ундритов Н.А. Понятие региональной экономики // Московский экономический журнал. – 2021. – №5.
2. Агабекова Г.Н. Қазақстанның аймақтарын тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселелері. // Тұран университетінің хабаршысы. Ғылыми журнал. – 2017. – 46 б.
3. Турысбекова А.Б., Омирзакова А.К. Выявление тенденций социально-экономического развития регионов Казахстана. Economy: strategy and practice. – 2021. – №16(2). – С. 98–106. – <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-2-98-106>
4. Маршалова А.С., Новоселов А.С., Ковалева Г.Д. Региональная политика: приоритеты и принципы реализации // Вестник КузГТУ. – 2016. – №3(115).
5. Новоселов А.С., Маршалова А.С. Региональная политика как основа стратегического управления пространственным развитием // Интерэкспо Гео-Сибирь. – 2017. – №2.
6. Елсуков М.Ю., Москаленко В.Н. Развитие подходов к реализации региональной политики в России // Управленческое консультирование. – 2024. – №3. – С. 86–96. – doi.org/10.22394/1726-1139-2024-3-86-96
7. Ручкин А.В., Трофимова О.М. Управление проектами: Основные определения и подходы // Вопросы управления. – 2017. – №3(46).
8. Сихов Р.Р., Чиназирова С.К., Костенко Р.В. Развитие проектного управления экономикой региона. Новые технологии. – 2021. – №17(6). – С. 96–105. – doi.org/10.47370/2072-0920-2021-17-6-96-105
9. Малышев Д.П. Теоретико-методические аспекты управления региональными инвестиционными проектами // Вестник Псковского государственного университета. Серия: Экономика. Право. Управление. – 2012. – №1. – 15 с.

10. Sedova N., Filatov A., Improving the Efficiency of Managing Regional Investment Projects // Regional Economy. South of Russia. – 2020. – №8(3). – P. 130–138. – doi.org/10.15688/re.volsu.2020.3.12

REFERENCES

1. Undricov N. Ponyatie regional'noj ekonomiki // Moskovskij ekonomicheskij zhurnal [The concept of regional economy // Moscow Economic Journal]. – 2021. – №5.

2. Agabekova G. Qazaqstannyn ajmaqtaryn turaqty damuyn qamtamasyz etu maseleleri // Turan universitetinin habarsy. Gylimi jurnal [Problems of ensuring sustainable development of regions of Kazakhstan // Turan University Bulletin. Scientific Journal]. – 2017. – 46 b. [In Kazakh].

3. Turysbekova A., Omirzakova A. Vyyavlenie tendencij social'no-ekonomicheskogo razvitiya regionov Kazahstana. Economy: strategy and practice [Identification of trends in socio-economic development of regions of Kazakhstan. Economy: strategy and practice.]. – 2021. – №16(2). – S. 98-106. – <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-2-98-106> [In Russian].

4. Marshalova A., Novoselov A., Kovaleva G. Regional'naya politika: priority i principy realizacii // Vestnik KuzGTU [Regional policy: priorities and principles of implementation // Bulletin of KuzSTU]. – 2016. – №3(115). [In Russian].

5. Novoselov A., Marshalova A. Regional'naya politika kak osnova strategicheskogo upravleniya prostranstvennym razvitiem // Interekspo Geo-Sibir' [Regional policy as a basis for strategic management of spatial development // Interexpo Geo-Siberia]. – 2017. – №2. [In Russian].

6. Elsukov M., Moskalenko V. Razvitie podhodov k realizacii regional'noj politiki v Rossii // Upravlencheskoe konsultirovanie [Development of approaches to the implementation of regional policy in Russia // Management consulting]. – 2024. – №3. – S. 86–96. – doi.org/10.22394/1726-1139-2024-3-86-96 [In Russian].

7. Ruchkin A., Trofimova O. Upravlenie proektami: Osnovnye opredeleniya i podhody // Voprosy upravleniya [Project Management: Basic Definitions and Approaches // Management Issues]. – 2017. – №3(46). [In Russian].

8. Siyuhov R., Chinazirova S., Kostenko R. Razvitie proektnogo upravleniya ekonomikoj regiona. Novye tekhnologii [Development of project management of the regional economy. New technologies]. – 2021. – №17(6). – S. 96–105. – doi.org/10.47370/2072-0920-2021-17-6-96-105 [In Russian].

9. Malyshev D. Teoretiko-metodicheskie aspekty upravleniya regional'nymi investicionnymi proektami // Vestnik Pskovskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Ekonomika. Pravo. Upravlenie [Theoretical and methodological aspects of regional investment projects management // Bulletin of Pskov State University. Series: Economics. Law. Management]. – 2012. – №1. – 15 s. [In Russian].

10. Sedova N., Filatov A., Improving the Efficiency of Managing Regional Investment Projects // Regional Economy. South of Russia. – 2020. – №8(3). – P. 130–138. – doi.org/10.15688/re.volsu.2020.3.12

Шалдарбеков К.Б., Нурмухамбетова З.С., Джолдасов А.А., Сатыбалдиева Д.О.

ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МЕХАНИЗМА УПРАВЛЕНИЯ РЕГИОНАЛЬНЫМИ ИНДУСТРИАЛЬНЫМИ ПРОЕКТАМИ

Аннотация

В данной статье рассмотрены вопросы совершенствования механизма управления региональными индустриальными проектами. В ходе исследования были обсуждены теоретические аспекты и основные понятия инвестиционной политики на региональном уровне. Авторами предложена классификация региональных проектов и рассмотрен процесс управления региональными проектами. В статье проведен теоретический литературный обзор понятий «Проект» и «Управление проектами» и приведены взгляды авторов. По результатам исследования авторами предложена схема механизма управления проектами, направленная на совершенствование отбора региональных индустриальных проектов. Предложенная схема механизма позволит сформировать портфель проектов, отвечающих целям развития и экономическому потенциалу региона, посредством многокритериального отбора индустриальных проектов. В предложенной авторами схеме должен быть создан специальный региональный орган управления инвестиционными проектами. Этот орган определяет команду по управлению проектами по каждому проекту и должен

предварительно отобрать проекты по приоритетным направлениям региона. Основными лицами, работающими совместно со специальным региональным органом, должны быть эксперты. Эксперты проводят предварительный анализ проектов, определяют возможные риски каждого проекта и отбирают проекты для включения проектов в портфель. Результаты данного исследования могут представлять интерес как для ученых, проводящих исследования в этом направлении, так и для сотрудников региональных государственных органов.

Shaldarbekov K., Nurmukhambetova Z., Joldassov A., Satybaldiyeva D.

WAYS TO IMPROVE THE REGIONAL INDUSTRIAL PROJECT MANAGEMENT MECHANISM

Annotation

The article discusses the issues of improving the mechanism for managing regional industrial projects. In the course of the study, theoretical aspects and basic concepts of investment policy at the regional level were discussed. The authors showed the classification of regional projects and described the process of managing regional projects. The article provides a theoretical literary review of the concepts of «Project» and «Project Management» and presents the views of the authors.

